Мәселен, ресейлік ғалым Е.Н. Шиянов келесі құндылықтарды атайды: қоғамда, қоршаған ортада мақұлданумен байланысты құндылықтар; қатынастар қажеттілігін қанағаттандырумен байланысты құндылықтар; өзін-өзі кемелдендірумен байланысты құндылықтар; өз болмысын көрсетумен байланысты құндылықтар; тәжірибелік-прагматикалық мүдделермен байланысты құндылықтар [3, 87-88-бб.].

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор И.Ф. Исаев мамандардың кәсіптік қызметін негізгі ала отырып оқытушының кәсіби құндылықтары мыналар деп санайды:

1. Құндылықтар-мақсаттар – оқытушының кәсіби-педагогикалық қызметінің мағынасы мен мәнін ашатын құндылықтар.

2. Құндылықтар-құралдар – кәсіби-педагогикалық қызметті жүзеге асыруда қолданылатын тәсілдер мен құралдардың мағынасын ашатын құндылықтар.

3. Құндылықтар-қатынастар – қатынастарды мағынасы мен мәнін тұтастай педагогикалық қызметтің негізгі тетігі ретінде қарастыратын құндылықтар.

4. Құндылықтар-білім – педагогикалық қызметті жүзеге асыру процесінде психологиялық-педагогикалық білімнің мағынасы мен мәнін ашатын құндылықтар.

5. Құндылықтар-сапа – оқытушының тұлғалық сапасының мағынасы мен мәнін ашатын құндылықтар: арнайы қабілеттерде көрініс табатын оқытушы тұлғасындағы көптеген өзара байланысты жеке, тұлғалық, коммуникативтік, кәсіби сапалар кәсіби-педагогикалық қызметтің субъектісі ретінде; шығармашылыққа қабілеті, өз қызметін жобалау және оның салдарын болжау қабілеті [4, 77-78-бб.].

Ұсынылған кәсіби құндылықтар болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымы негізіндегі заманауи ұстаздың кәсіптік

құндылықтарын толықтай жүйелендіруге септігін тигізеді. Құндылықтардың мақсаттар, құралдар, қатынастар, білім және сапа жүйесі болашақ мұғалімдер дағдысында қалыптасса ғана, педагогикалық нәтиже беретінін ұмытпауымыз қажет.

Сонымен қатар, И.Ф. Исаев педагогикалық құндылықтарды жіктеу барысында оны үшке бөледі: қоғамдық-педагогикалық; кәсіби-топтық; жеке-тұлғалық.

*Қоғамдық-педагогикалық құндылықтар* қоғамның тәрбие беру (арман-мұраттар, жазалау мен марапаттауға қатынастар және т.б.) мен білім берудегі (мазмұны – нені оқытамыз? – және түрі – қалай оқытамыз?) мәселелердің нормативтік нұсқауларын көрсетеді. Қоғамдық-педагогикалық құндылықтарға мораль, дін, философия, БАҚ, педагогикалық публицистика ықпал жасайды. Л.Л. Шевченконың пікірінше, қоғамдық-педагогикалық құндылықтар негізін «мұғалімнің балалармен диалогтық өзара қимылдары мен балалар дүниесінің этикалық категорияларын түсінуі, осы негіздерге сәйкес өзінің кәсіби міндетін сезінуі қағидаларын» біріктіретін балалық шаққа деген құндылықтық қатынастары құрайды.

*Кәсіби-топтық құндылықтар* кәсіби-педагогикалық қызметті реттеудің міндетін атқарады. Түрлі сатыдағы және білім түріне сәйкес ұстаздардың түсініктері, оқыту әдістемесі, тұжырымдамасында өзгерістер орын алатындығы жөнінде де айта кеткеніміз жөн. Мәселен, бастауыш мектептегі ұстаздардың оқыту мен тәрбиелеудегі тактикасы (нұсқаулары, дидактикасы, бағалауы, сөйлесу түрі, мұғалім-оқушы өзара қимылдарындағы қажетті ұстанымдар және т.б.) лицей, колледж, ЖОО-дағы педагогтардан айырмашылығы болады. Бұл ретте, білім беру процесінің стратегиясы, яғни кәсіби-топтық құндылықтардың жиынтығы барлық педагог-практиктер үшін ортақ мүдде.

*Жеке-тұлғалық құндылықтар* тұлғаның құндылық бағдарының жүйесін сипаттап, олардың мақсаттық және ынталандыру бағыттылығын көрсетеді. Кейбір жұмыстарда жеке-тұлғалық құндылықтар жүйесі педагогтың орталықтанған қызметі ретінде айқындалады. Мәселен, бір педагог нәтижеге жетуге (қорытынды бағалар, имидж және т.б.) бағытталып жұмыс жасаса, оның барлық әрекеттері осы мақсаттарға бағынады. Басқа педагог тек балаларға бағытталып жұмыс жасау арқылы өзара қатынастар мен қимылдар процесін жағымды, ыңғайлы ахуалға айналдырады. Бірақ, басқа қауіп-қатер туындайды – байланыстың либералдық стилі әрдайым нәтижеге жетуді қамтамасыз ете алмайды. Мәселені



ілгері шешу жеке-тұлғалық құндылықтар жүйесінің қалыптасу ерекшеліктерімен байланысты [5, 39-40-бб.].

Жоғарыда аталған құндылықтар болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудағы орны бөлек. Мәселен, қоғамдық-педагогикалық құндылықтар бойынша әрбір студент университет аудиториясында өзіндік көзқарастары мен пікірлерін қалыптастыра алады. Ізденістер болса публицистикалық шығармалар арқылы өз ойларын бере алады. Кәсіби-топтық құндылықтар бойынша кәсіптік дағдылар тәжірибелік сабақтарда қалыптасады. Сондықтан бұл сабақтарда теориялық мәселелерді жаттанды түрде айтуды азайтып, көбінесе тәжірибелік тапсырмаларға мән беруіміз қажет. Жеке-тұлғалық құндылықтар студенттің мектеп қабырғасында жүргендегі мамандық таңдау барысында қалыптасатындығы түсінікті. Бұл тұста жоғары мектеп болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамыту бойынша жұмыстар жасауы тиіс деп ойлаймыз.

З.И. Равкин білім беру құндылықтарын білім және оның субъектілері қызметінің негізі ретінде қарастыра келе, құндылықтардың төрт тобын бөліп көрсетеді: әлеуметтік-саяси, зияткерлік, адамгершілік және кәсіби педагогикалық қызметтің құндылықтары. Б.Т. Лихачев негізгі тәрбиелік құндылықтар ретінде атайды: рухани-ғарыштық, жалпыұлттық, мемлекеттік-қоғамдық, әлеуметтік-бейімделушілік, адамгершілік-эстетикалық және экологиялық, жеке-тұлғалық құндылықтар. Г.И. Чижакованың пайымдауынша, мұндай құндылықтар тұлға санасы мен мінез-құлық үлгісінің бағдары болып табылады және бөлінеді: доминантты, нормативті, ынталандырушы және ілеспелі құндылықтар. С.Г. Вершловский студент жастардың кәсіби білім алу мәселелеріне арналған зерттеулерінде жалпы кәсіби құндылықтарды айқындайды: тұлғаның өзін-өзі таныту мүмкіндіктерімен байланысты кәсіби қызметтің мазмұны; еңбектің қоғамдық маңыздылығын айқындайтын оның нәтижесі мен салдары; қоғам үшін пайдалылық дәрежесіне байланысты адамның еңбек қызметін бағалау; оңтайлы режим мен еңбек шарты (әлеуметтік-экономикалық, моральды-психологиялық және т.б.) [6, 94-95-бб.].

Жоғарыда аталып өткен педагогикалық құндылықтар тұжырымдамалары бойынша жасалған сараптама көрсетіп отырғандай, көптеген ғалымдар рухани құндылықтар мәселесін ерекшелік бөліп көрсетпей, жалпылама қосымша құрамдасы ретінде анықтауымызға болады. Жалпы осы уақытқа дейін

жүргізілген зерттеу жұмыстары барысында айқындалғандай, «рухани дүниетаным», «рухани құндылықтар» түсінігіне байланысты еңбектер өте аз. Негізінен дүниетаным категориясы философиялық түсініктерге негізделі отырып педагогика және психология ғылымдарында да дамытылады. Дегенмен, «руханият», «рухани» категориялары әлі күнге дейін толық зерттелмеуіне байланысты ол туралы ғалымдар пікірі әртүрлі. Дегенмен, рухани дүниетанымның құрылымы мен мазмұнының мағынасы адам мен қоғамдық санамен тікелей байланысты деп ойлаймыз. Дүниетаным категориясы Шығыс, Антикалық дәуір философиясында кездеседі. Бірақ, әлемдік философияда, әсіресе, Батыс ойшылдары арасында руханият, рухани дүниетаным, рухани құндылықтар түсініктеріне көп мән берілмегендігі байқалады. Сондықтан рухани құндылықтар мәселесін педагогикалық тұрғыдан қарастыру алдағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының еншісінде.

Айта кетуіміз қажет, құндылықтар педагогикалық әрекеттер түрін өзгертуге мүмкіндігі мол. Құндылықтар ізгіліктің түрі ретінде қызметтің әрекеттер процесінде жүзеге асады. Алдағы уақытта педагогика мен психологияның жаңа технологиялары педагогикалық құндылықтарды негізге ала отырып болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамыту бойынша жұмыстар жүргізілуі керек. Осы себептерге байланысты, педагогикалық құндылықтар болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың негізі екендігін назардан шығармағанымыз абзал.

Қазіргі шарттардағы біздің қоғамымызға өз білімін әрі қарай шығармашылық тұрғыдан жетілдіретін, рухани көзқарас қалыптастыруға қабілетті мамандар жетіспейтіндігін мойындауымыз қажет. Жоғары мектеп білетін маманнан бұрын сол білгенін тәжірибе жүзінде көрсете алатын, қолынан іс келетін болашақ мұғалімдерді тәрбиелеуі тиіс. Сондықтан адам бойында қалыптасқан педагогикалық құндылықтар болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамыту арқылы білімгерлер санасында құндылық бағытындағы тұлғалық қабілетті қалыптастыруға себепкер болады және болашақ ұстаздың кәсіби мәдениетінің негізін қалайды деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Fromberg D. The Intuitive Mind and Early Childhood Education. In: Torff B., Sternberg R. (Eds.) Understanding and Teaching the Intuitive Mind. – Mahwah: Lawrence Erlbaum Associates, 2001. – P. 93-114.

2 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы

3 Шиянов Е.Н. Гуманизация педагогического образования: состояние и перспективы. – М., Ставрополь: СГПИ, 1991. – 205 с.

4 Исаев И.Ф. Профессионально-педагогическая культура преподавателя. – М.: Академия, 2004. – 206 с.

5 Демкина Е.В. Формирование ценностного отношения к будущей профессии у студентов педагогических специальностей вуза // Вестник Адыгейского государственного университета. Серия 3: Педагогика и психология. – 2009. - №4. – С. 39-42.


6 Набиуллин Л.Г. Роль педагогических ценностей в формировании профессиональной культуры педагога // Человек и образование. – 2013. - №4 (37). – С. 94-98.

#### Резюме

В статье рассматриваются педагогические ценности как основа развития духовного мировоззрения будущих учителей. В связи с этим, внимание уделяется некоторым идеям ученых по данной проблеме. Анализируются классификации ценностей, относящихся к педагогической деятельности.

#### Resume

The given article is devoted the pedagogical values as the basis for the development of the spiritual worldview of future teachers. In this regard, attention is paid to some ideas of scientists on this problem. The classifications of values relating to pedagogical activity are analyzed.



УДК 159. 922.4(574)+159.923.2

## ИССЛЕДОВАНИЕ ЭТНОЛИНГВИСТИЧЕСКОГО ПОВЕДЕНИЯ СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЕЖИ В УСЛОВИЯХ ПОЛИЭТНИЧЕСКОГО ОКРУЖЕНИЯ

**А.О. ШОМАНБАЕВА**

кандидат психологических наук, доцент,  
Южно-Казахстанский педагогический университет

**У.З. АБДРАХИМОВА**

магистрант кафедры  
«Педагогики и психологии»,  
Южно-Казахстанский педагогический университет

### **Аннотация**

Авторами было осуществлено этнопсихологическое исследование по изучению ценностно - мотивационных структур и динамики проявления этнических предубеждений у студентов русского и казахского этносов г. Шымкента с целью определения психологических механизмов, способствующих формированию у молодежи позитивной этнической идентификации и этнической толерантности.

В настоящей статье представлены результаты 1-го этапа комплексного научного исследования по изучению этнолингвистического поведения студенческой молодежи г. Шымкента.

*Ключевые слова:* этническое самосознание личности, национальный язык, этнодифференцирующие, этноинтегрирующие, этноидентифицирующие признаки.

Важнейший показатель этнического самосознания – язык представителей этнических групп, выступающий носителем широкого набора символов единства членов данного этноса, их сходства между собой и отличия от других. Язык этноса – средство

не только пробуждения этнического самосознания, но и усвоения этнической истории, духовных ценностей, вкусов, мыслей и чувств.

Нам удалось выяснить, в какой мере язык служит средством общения как внутри изучаемого этноса, так и за его пределами; в каких жизненных сферах он используется больше или меньше; какой другой язык, в каких сферах и в какой мере сопутствует языку данного этноса; какова степень устойчивости данного языка в условиях языкового существования; как люди относятся к родному языку своего этноса с помощью модифицированного этнопсихологического опросника Г.В. Старовойтовой. Вопросы анкеты были переведены на казахский язык и проверены методом обратного перевода.

В качестве респондентов нашего исследования выступили 402 студента, обучающихся на русском и казахском отделениях экономического, исторического и психологического факультетов Южно-Казахстанского государственного университета им. М. Ауезова (ЮКГУ) и Южно-Казахстанского педагогического университета (ЮКПУ).

Опрошено 240 респондентов казахской национальности, обучающихся в группах с русским ( $K^{\text{II}}$ ) и казахским языком обучения ( $K^{\text{M}}$ ), 96 – русской национальности, обучающихся в моно- ( $P^{\text{M}}$ ) и поли- ( $P^{\text{II}}$ ) этнических по составу учебных группах, 66 – других национальностей. Протоколы исследования последних респондентов в исследовании не анализировались. В исследовании приняли участие 223 девушки и 179 юношей. Расчет репрезентативности выборки показал достоверную вероятность, равную 99,6%.

При фиксировании результатов уровня компетентности в этническом и втором языках были выявлены статистически достоверные различия по группам респондентов: русские моноэтнических ( $P^{\text{M}}$ ) групп – казахи моноэтнических групп ( $K^{\text{M}}$ ); казахи полиэтнических ( $K^{\text{II}}$ ) и моноэтнических ( $K^{\text{M}}$ ) групп и совпадения в диаде  $P^{\text{M}} - P^{\text{II}}$ , а также тенденция сближения  $K^{\text{II}} - P^{\text{II}}$  по конативному компоненту (языковому поведению) ценностных ориентаций. По  $\chi^2$ -критерию Пирсона различия оказались выше критичного показателя, что говорит о достоверности результатов. Это подтверждается данными, представленными в таблицах 1, 2.

Таблица 1 - Показатели владения национальным языком в выборочной совокупности

Ситуации владения языком	К <sup>М</sup>	К <sup>П</sup>	р <sup>М</sup>	р <sup>П</sup>
1	2	3	4	5
Свободно говорят, читают и пишут на родном языке	100% (122 чел.)	50% (59 чел.)	100% (48 чел.)	100% (48 чел.)
Свободно говорят, но не читают и не пишут на родном языке	-	23% (27 чел.)	-	-
Понимают и могут объясниться на родном языке	-	25% (30 чел.)	-	-
Не владеют своим родным языком	-	2% (2 чел.)	-	-
Свободно говорят, читают и пишут на русском (казахском) языках	16,3% (20 чел.)	100% (118 чел.)	-	-
Свободно говорят, но не читают и не пишут на русском (казахском) языках	15,55% (19 чел.)	-	-	-
Понимают и могут объяснить на русском (казахском) языках	68% (83 чел.)	100% (118 чел.)	15% (7 чел.)	33,3% (16 чел.)
Не владеют русским (казахским) языком	-	-	85% (41 чел.)	66,7% (32 чел.)
Говорят дома только на родном языке	80% (98 чел.)	45,8% (54 чел.)	100% (48 чел.)	100% (48 чел.)
Говорят дома в одинаковой степени на родном и русском (казахском) языках	20% (24 чел.)	35% (41 чел.)	-	-
Говорят дома только на русском (казахском) языке	-	19,2% (23 чел.)	-	-

С друзьями своей национальности говорят только на родном языке	92,6% (113 чел.)	15% (18 чел.)	100% (48 чел.)	87,5% (42 чел.)
С друзьями своей национальности говорят в одинаковой степени на родном и русском (казахском) языках	7,3% (9 чел.)	48% (57 чел.)	-	12,5% (6 чел.)
С друзьями своей национальности говорят на русском (казахском) языках	-	37% (44 чел.)	-	-
К человеку своей национальности обратились бы только на родном языке	89% (108 чел.)	35% (41 чел.)	87,5% (42 чел.)	75% (36 чел.)
К человеку своей национальности обратились бы на русском (казахском) языке	-	20% (24 чел.)	-	-
Обращение зависит от ситуации	11,4% (14 чел.)	45% (53 чел.)	12,5% (6 чел.)	25% (12 чел.)

Таблица 2 – Показатели владения казахским языком (%)

Степень владения казахским языком	К <sup>М</sup>	К <sup>П</sup>	р <sup>М</sup>	р <sup>П</sup>
Казахским языком не владею совсем	-	2,5% (3 чел.)	35,4% (17 чел.)	25% (12 чел.)
Не владею, но понимаю некоторые фразы	-	2,5% (3 чел.)	54,1% (26 чел.)	45,8% (22 чел.)
Понимаю речь, но объяснить не могу	-	5% (6 чел.)	10,4% (5 чел.)	8,2% (4 чел.)
Понимаю речь и могу с трудом объяснить	-	25,4% (30 чел.)	-	21% (10 чел.)
Свободно говорю и читаю, но не пишу	-	15,2% (18 чел.)	-	-

Свободно говорю, читаю и пишу	100% (122 чел.)	49,5% (58 чел.)	-	-
-------------------------------	--------------------	--------------------	---	---

Все студенты казахского отделения абсолютно компетентны в казахском языке. Свободно владеют русским языком 3% из них, 11% находятся на уровне социального общения; 78% - бытового, 8%- на уровне понимания. 50% казахов полиэтнических групп высоко компетентны в казахском языке, 18% находятся на уровне социального общения, 25% бытового общения, 5% на уровне понимания, 2% не владеют языком вообще. Студенты казахского этноса, полиэтнических по составу групп, свободно и адекватно владеют русским языком (рисунок 1).

В целом, выявлена *привязанность студентов к этническому языку*. В ходе беседы и интервью замечено, что в среде казахов полиэтнических групп степень компетентности в казахском языке респондентами преувеличена, и в большей степени носит декларативный характер. (Напомним, что студенты казахского этноса полиэтнических групп – это по преимуществу выпускники городских школ с русским и казахским языком обучения, а также представители полиэтнических семей). Другими словами, наблюдается рассогласование между реальным и проективным языковым поведением казахов в группах с русским языком обучения. Это, возможно, объясняется попыткой защитить свою самооценку в ситуации неадекватного владения высокостатусным, в настоящее время, казахским (родным для них) языком.


Аналогичная тенденция наблюдается у студентов русского этноса, полиэтнических по составу учебных групп, где выражена направленность на овладение казахским (государственным) языком, мотивированное стремлением русских сохранить свой социальный статус. Эти студенты абсолютно не исключают для себя вариант общения с друзьями казахского этноса на их родном языке (таблица 1). Выявленная у русских студентов полиэтнических групп направленность на изучение казахского языка – основного ретранслятора культуры казахов, стимулирует процесс их приобщения к национальным ценностям и самобытности казахского этноса и возможно приводит к заимствованиям во внутренней ментальной структуре.

Характерной особенностью языкового общения казахского этноса (в большей степени – казахов полиэтнических групп) являются *двуязычие* (родной и русский язык) в сфере не только



межнациональных, но и внутринациональных контактов (таблица 1). Координативный билингвизм демонстрируют двуязычные казахи с равновысоким уровнем социального и адекватного общения. Далее мы рассмотрим, как компетентность в этническом и втором языках оказывает влияние на содержание и проявление этнической идентичности у исследуемых этнических подгрупп.

Испытуемым были предложены на выбор следующие факторы, являющиеся основными определителями этнической принадлежности личности: этническая принадлежность отца или матери; принятый в семье язык, собственные пожелания; место проживания (табл. 2).






Рисунок 1 - Степень владения казахским языком студентами русского и казахского этносов, обучающихся в моно - и полиэтнических группах

Данные ранговой корреляции Спирмена показывают тесную связь между испытуемыми в подгруппах  $P^П$  и  $K^П$  ( $r_{SЭМП} = 0,99$ );  $K^М$  и  $K^П$  ( $r_{SЭМП} = 0,7$ ) и невыраженность корреляции в диадах  $K^М - P^М$  ( $r_{SЭМП} = 0,4$ );  $P^М - P^П$  ( $r_{SЭМП} = -0,75$ ). Это свидетельствует о расхождении в приоритетах этнических ценностей в самоидентификации казахов и русских моноэтнических групп и совпадений ценностей у респондентов в полиэтнических группах. Отметим также более выраженную степень совпадения критериев идентификации у казахов (моно- и полиэтнических групп) в сравнении с русской выборкой (моно- и полиэтнических групп).

Таблица 2.  
Представления этнических групп об основных факторах  
этнической принадлежности

Признаки	K <sup>M</sup>	K <sup>II</sup>	P <sup>M</sup>	P <sup>II</sup>
Национальность отца	61, 6% (77 чел)	50 % (60 чел)	39, 5% (19 чел)	41, 6% (20 чел)
Национальность матери	–	–	2% (1 чел)	4,7 % (2 чел)
Принятый в семье язык	19, 1% (23 чел)	12 % (15 чел)	13, 5% (7 чел)	14, 5% (7 чел)
Собственное пожелание	4,1 6% (5 чел)	28, 3% (34 чел)	41, 2% (20 чел)	31, 2% (15 чел)
Место проживания	15 % (18 чел)	10 % (12 чел)	3,8 % (2 чел)	8,3 % (4 чел)

Так, например, выбор национальности отца в качестве главного фактора этнической принадлежности у казахов моноэтнических групп (по преимуществу сельчан) можно объяснить особым авторитетным положением отца в патриархально устроенном быте сельской местности этнорегиональной специфики Южного Казахстана.

Фактор *собственное пожелание* значительно выражен у студентов русских групп, что может указывать на наличие в русской культуре, ценностей ориентированных на личность, более индивидуалистичных. Фактор *место проживания* весомее представлен в казахской выборке и менее значим для студентов русского этноса. Считаем, что у казахов актуализирована *идея родиноцентризма и ценность общности «родной земли»*.

На основании экспериментальных данных опросника сформулированы следующие выводы: 1. Выявлена привязанность студентов к этническому языку. 2. Характерной особенностью языкового общения казахского этноса (по преимуществу казахов полиэтнических групп) является двуязычие в сфере межнациональных и внутринациональных контактов. Координативный билингвизм демонстрируют двуязычные казахи с равновысоким уровнем социального и адекватного общения. 3. Наблюдается рассогласование между реальным и проективным языковым поведением русских и казахов полиэтнических групп. 4. Компетентность в этническом и втором языках оказывает влияние на содержание и проявление этнической идентичности у исследуемых этнических подгрупп.

#### Список литературы

1 Шоманбаева А.О. Взаимосвязь ценностных ориентаций и этнических предубеждений личности в условиях полиэтнического кружения: Автореф. дис. канд. психол. наук. – Ярославль, 2008. – 26 с.

2 Нельсон Т. Психология предубеждений. Секреты шаблонов мышления, восприятия и поведения. – СПб., 2013. – 384 с.

3 Джакупов С.М. Экспериментальные исследования этнопсихологических особенностей личности // Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. 2012. -№2(9). –С. 5-11.

4 Джакупов С.М. Психологическая структура процесса обучения.- Алматы.Казак университеты, 2014. - 312с.

5 Солдатова Г.У. Психология межэтнической напряженности. - М.: Смысл, 2008.- С.165-194

6 Шадрин Н.С. Психология личностных ценностей. - Павлодар: Павлодарский государственный университет им. С Торайгырова.-2013.-103 с.

#### Түйін

Мақалада студент жастардың полиэтникалық қоршаған орта жағдайында құндылықты бағдарлау және тілдік мінез-құлықтарын зерттеу нәтижелері көрсетіледі.

#### Resume

The results of the research of valuable orientations and language behavior at student's youth in the conditions of polyethnic environment are considered in the article.

ӘОЖ 821. 512. 122

**ЖАЗУШЫ ЕҢБЕГІ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАТ  
(Академик Зәки Ахметовтің «Абай жолы» қалай туған?»  
атты мақаласы төңірегіндегі ойлар мен толғаныстар)**

**Р. ТҰРЫСБЕК**

филология ғылымдарының докторы, профессор,  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

**Аннотация**

Мақалада академик З. Ахметовтің Абай әлемі мен М. Әуезов мұрасы, «Абай жолы» роман-эпопеясының жазылу тарихы, автор мен тұлға табиғаты туралы іргелі ізденістері мен зерттеу жүйесі кеңінен сөз болады.

*Түйін сөздер:* Абай, Әуезов, автор, образ, көркемдік, стиль, сөз.

Академик Зәки Ахметовтің әдеби-зерттеу еңбектеріне жіті ден қойсақ, Абай әлемі мен М. Әуезов туралы іргелі ізденістер жасап, әр алуан бағытта қарастырып, зейінді зерделеп, байыпты саралап, ерен еңбек еткенін аңғарар едік (мысалы, «Қазақтың бас ақыны», «Абай және Әуезов», «Виликий поэт и мыслитель», «Лермонтов и Абай», «Пушкин и Абай», «Тургенев и Абай», «Абай шығармаларының орысша аудармалары хақында», «Абайдың ақындық әлемі», «Абай жолы» қалай туған?», «Роман-эпопея М. Ауэзова», «Даналық шыңы», «М. Әуезов және әлем әдебиеті» т.т.).

Анығында, Абай мұрасы мен М. Әуезов шығармашылығына еркін еніп, дарын дидары мен табиғатын, тақырыптық ерекшелікті, жанр жүйесі мен көркемдік кеңістігін, қаһарман бейнесі мен түптұлға (прототип) тағылымын, мұрағат материалын, әдеби-тарихи дереккөздерін өзара салыстырып, мән-маңызын кең түрде ашатыны, жан-жақты саралап, өзекті мәселелерін зерттеп-зерделеп, маңызды аспектілерге, теориялық қисындарға назар аударатыны терең танылады. Бұдан басқа, атап айтқанда: «...З. Ахметовтің әдебиет теориясы, поэтика, өлең құрылысы мен өлең жүйесі, абайтану мен

әуезовтану, қазақ әдебиеті тарихы мәселелерін зерделеген зерттеулерінің мән-маңызы күн өткен сайын арта түсуде» [1, 102 б.].

Аталған жайттардың қай-қайсы да маңызы жоғары, әрі қазіргі әдебиеттанудың даму үрдістері мен өзекті аспектілерін айқындауда құндылық қырлары басым екенін айтқан жөн. Бұған көз жеткізу үшін академик З. Ахметовтің «Абай жолы» қалай туған?» атты мақаласына, зерттеу жүйесіне, талдау ісіне мән берудің қажеттілігі бар дер едік [2].

Ақиқатында, мақала авторы Абай әлемі мен М. Әуезов мұрасына мән беріп, қолжазба мен кітап арасындағы байланыс-сабақтастыққа, зерттеу мен зерделеу жүйесіне ден қояды. Автор бастапқы тұста: «Мұхтар Әуезовтің қолжазба архивімен танысқанымызда, жазушының қолында баспа бетін көрмеген жазба деректері аз болғанымен, Абайды көрген, айналасында өмір сүрген көптеген адамдардан ұлы ақын туралы, оның ортасы туралы, сол заманғы ірілі-ұсақты оқиғалар жайында айтып қалдырған естелік материалдарының мол болғанын байқадық», - дегенді анық жазады.

Атап айтқанда, Абай әлемін, М. Әуезов ұстанымын, дүниетаным арналарын, мұрағат материалдарын, ауызша-жазбаша дереккөздерін, естелік-әңгімелер сипатын кең көлемде ашады. Қоғамдық құбылыстарға кезең көріністеріне, дәуір дидарына, әлеуметтік қайшылықтар мәніне, адам мен оның өміріне, оқиғалар өріміне назар аударады. Нәтижесінде: «...суреткер қолындағы бай мағлұматты мұқият зерттей отырып, ой елегінен өткізеді, өзінің идеялық мақсатына сәйкес қайта қорытады, әрбір кейіпкерге, оқиғаға лайықты көркем қызмет, міндет жүктейді» (сонда).

Жазушы еңбегі мен шығармашылық үдеріс мәнін айқындау кезеңінде – көркем бейне мен оның түптұлға (прототип) сипатын өмірде болған жағдаят, оқиға желісі негізінде танып-талдап, композициялық бірлік-тұтастық, болмыс пен мінез категорияларын айқындау тұстарында қайшылықты-кереғар қырларымен тартысқа түсетін, әрекет қимылымен дараланатын, өзіндік өзгешелігі барын жан-жақты ашып көрсетеді. Атап айтқанда, әсіресе: «...Эпопеяда Абайдың өзін былай қойғанда, Әбіш, Мағаш, Оспан, Базаралы, Тоғжан, Әйгерім, Ұлжан, Құнанбай, Әзімбай, Тәкежан, Оразбай, Бөжей, Жиренше, Майбасар секілді сол дәуірде, сол ортада өмір сүрген прототипі бар кейіпкерлер мейлінше мол. Солармен қатар Дәрмен, Дәркембай, Иса, Иіс, Сейіт, Салтанат секілді түгелдей дерлік ойдан шығарылған кейіпкерлер де аз емес. Және оларды осылайша екі топқа тек шартты түрде бөлуге болады. Өйткені

олардың арасынан жарылып айырылғандай пышақ кесті жік табу қиын.

Өмірде болған, прототипі бар деген топқа қосылатын кейіпкерлерді жазушы шығарманың композициялық бірлік-тұтастығын күшейте түсу үшін, немесе олардың мінез-кейпін айқындап аша түсу мақсатымен өзі ойдан шығарған уақиғаларға, талас-тартыстарға да араластырып отырады. Және олар эпопеядағы түгелдей ойдан шығарылған кейіпкерлермен де кездесіп, сөйлесіп, не таласып, не жарасып дегендей әртүрлі қарым-қатнаста көрінеді» (сонда).

Мақалада өмір мен көркем әдебиеттегі заңдылық пен ұқсастықтар сыры – Құнанбай мен Дәркембай, Абай мен Дәркембай бейнелеріндегі байланыс пен қақтығысты тұстар мен сабақтастықта өріс алады. Өмірдегі адам мен әдеби бейне арасындағы іргелі ізденіс пен зерттеу жүйесі, әрқилы дерек пен материалдар жиынтығы, қимыл-әрекет, талас-тартыс төңірегіндегі мінездемелер де қоғамдық өмірді, заман шындығын, уақыт тынысын, Абай мен оның айналасындағылардың болмысын, дүниетанымын, көзқарас эволюциясын айқындай түсуге мол мүмкіндіктер беретіні кеңінен көрсетіледі. Бастысы, әрине, «Абай жолы» эпопеясында жазушының тарихи, әдеби және басқа материалдардан алған, сондай-ақ өзінің өмір тәжірибесі мен пайымдаулары негізінде түйген ой-пікірлері кейіпкерлер тағдырына табиғи түрде сіңісіп, олардың қайсысын ірі-ірі характер дәрежесіне көтереді. Оқиғаларды өзара бірлікте, шиеленісу, өрістеу қалпында сәйкес суреттей отырып, автор әртүрлі әлеуметтік топтардың өкілі боп табылатын кейіпкерлерін жалпы тарихтың, қоғамның даму, ілгерілеу ағымымен шебер байланыстырады, олардың ірілі-ұсақты әрекеттерінің қайсысын да шығарманың түпкі көркемдік мақсатынан өрбітеді». Бұдан басқа, атап айтқанда: «...Эпопеяның текстін автор түгелге жуық қолмен жазып, үнемі түзетіп, толықтырып машинкаға әлденеше рет бастырған. Сонымен қатар жазушының эпопеяның соңғы тұсында келетін бірнеше тарауды, алдын-ала ойша әбден пісіріп алып, кейін машинкаға ауызша айтып жаздырғаны белгілі. Бұл тараулар да кейін мұқият редакцияланып, түзетіліп отырылған.

Жазушының қолжазба архивінде сақталған қысқа ескертпелер, жеке тараулардың ұзын-ырғасын баяндайтын жоспарлар, үзік-үзік ойлар, текстің алғашқы варианттары т.т. жазушы лабораториясының көп сырларын ашады, әшейінде көзге көріне, байқала бермейтін жайларды танытады, идеялық, мақсаттық көркем шындыққа айналуудағы негізгі кезеңдерін білуге көмектеседі, автор ойының

туу, толысу, өрістеу тұстарын, геройларының және олардың характерлерінің өсу жолдарын аңғартады. Тұтас алғанда мұндай материалдар жазушының эпопеяны жасау мақсатындағы ұлан-ғайыр творчестволық жұмысымен толық танысуымызға жәрдемін тигізеді» (сонда).

Бұдан басқа, мақалада жазушының эпопеяны орыс тіліне аудару кезіндегі шығармашылық ізденіс, Абайдың орыс революциялық, демократияшыл идеяларын – Михайлов, Пушкин, Чернышевский еңбектерімен байланыстыруы, аударма мен түпнұсқа мұраты, мазмұн байлығы, көркемдік қайнары хақындағы ойлар мен толғаныстар кең орын алады. Сондай-ақ, М. Әуезовтің Абай туралы романын алғашқы тұста – «Телғара» атамақшы болғаны, әр жылдар басылымы (1942, 1947, 1950,1952) туралы әртүрлі салыстыру-салғастырулар, бағалауларға мән беріледі. Маңыздысы, мақала авторы М. Әуезовтің «Абай жолы» роман эпопеясының қолжазба нұсқаларымен танысып, оны мұрағат материалдарымен, ауызша-жазбаша дереккөздерімен салыстыру-салғастыру жұмыстарын жүйелі жүргізіп, нәтижесінде Абай өмірі мен кезеңін, сол дәуірде өмір сүрген кейіпкер – прототиптер төңірегінде де зерттеу-зерделеу бағытында бағалау, қорыту, талдаулар жасалуы – әдеби-ғылыми тұрғыда мәнді, көркемдік-рухани һәм интеграциялық бағыты мен теориялық практикалық аспектілері жағынан маңызды сипаттары да мол. Бұдан байқалатыны, әрине: «...сарқылмас шабыт, дамылсыз творчестволық ізденіс, жазушыны зор табысқа кенелтіп, төрт аяғын тең басқан біртұтас кесек, сом әдеби туынды дүниеге келеді» (сонда).

Анығында, әдебиет зерттеушісі З. Ахметов Абай әлемі мен кезеңіне, М. Әуезов мұраты мен мұрасына әр кез оралып, жіті оқып-танып, нәтижесінде зерттеу жүйесін жаңа бағыт, соны ізденістермен байытып отырғаны айқын аңғарылады. Ол да негізсіз емес еді. Осы орайда, әрине академик С. Қасқабасов айтқандай: «...Мұхтар Әуезовтің эпопеясына қайта соғып, жаңа зерттеу жазды. Ол кітабы 1997 жылы ұлы жазушының 100 жылдығына орай «Роман-эпопея Мухтара Ауэзова» деген атпен жарық көрді. Бұл еңбек – бұрынғы зерттеудің көшірмесі емес. Ол көп нәрсені қайта қараған, тағы да архивке үңілген, біраз жайттарды анықтаған. Ең бастысы – алғашқы кітаптағы идеологиялық ұстанымдар жойылған, зерттеуші енді жазушының кейіпкерлері арқылы айтқан өз заманы туралы ой-толғаныстарын ашып көрсетуге тырысқан. Зерттеуші «Абай жолындағы» ең маңызды оқиғаларды бірінен соң бірін талдай отырып, Абай дәуіріндегі әлеуметтік, мәдени, қоғамдық болмыстың



қаншалықты көркем дәрежеде көрсетілгенін зерделеген, осы оқиғалар ішінде әрекет етуші кейіпкерлердің әдеби образы қалай бейнеленетінін нақты мысалдарды келтіре, салыстыра отырып баяндаған. Бұл кітапты оқып отырып, «Абай жолын» оқып отырғандай әсер аласың, өйткені З. Ахметов шығарманың ішіне енген, жазушының рухын, психологиясын, ой-сезімін өзінің бойына сіңірген. М. Әуезов суреттеулерін Ахметов іштей жіліктеп, олардың тамырларына бойлаған, соның арасында жазушы мен зерттеушінің ойлары ұштасып, бірін-бірі жалғастырып, нақтылап отырады.

...Абай шығармаларына Зәки аға өте сақтықпен қарайтын. Ұлы Мұхтар Әуезовпен бірге 1957 жылы Абай шығармаларының екі томдық жинағын баспаға даярлап, шығарғаны белгілі. Сонда Мұханның әр сөзге қаншалықты мән бергенін, қандай мұқият текстологиялық жұмыс жүргізгенін өз көзімен көргенін, Мұханның: «Абай өлеңін көбейтеміз деп, көбіктендіріп алмайық. Сақ болыңдар!» деген сөзін жиі айтатын. Мұхтар Әуезов сияқты Абай поэзиясын түгел жатқа білетін Зәкең ұлы ақын шығармаларын 6 рет жинақ етіп құрастырып, ғылыми түрде жарыққа шығарыпты. Осының өзі оны үлкен текстолог-маман ретінде толық мінездесе керек» [3, 19, 45 б.б.].

Асылы, әдеби шығармашылық, автор мен көркем бейне, идеялық мұрат пен дүниетаным арналары – сөз өнерінің маңызды аспектілері қатарына жатады. Осы орайда, жазушы еңбегі мен шығармашылық үдеріс мәніне терең үңілсек, автор мен қаһарман, дүниетаным мәні, көркемдік арналары, өмірлік һәм көркемдік шындық, шығармашылық зертхана, күнделік-хат жазбалары, талант табиғаты мен қалам қуаты, ой-сөз жүйесі, қабылдау мен қорыту кезеңі негізгі назарда тұрады. Авторлық ұстаным, көркемдік идея да бастапқы бағыт, мақсаттарға қызмет етеді. Академик Ғ. Есім «Абай жолы» роман-эпопеясының жазылу тарихы мен ондағы заман шындығы, қоғамдық құбылыстар мен көркемдік кеңістігі хақындағы көзқарас-толғамдарын былай білдіреді: «...Абайға қызмет – кемеңгерлік.

Адамды кемеңгерлікке көтеретін – көркем сана, көркем идея.

«Абай жолы» деген – тұжырым, көркем идея.

«Абай жолы» деген не дегенге келсек, ол – қазақтардың жүріп өткен жолы. Ол жолды көрсетуші – Абай. Сол жолдың мағынасына үңіліп, көркем санада бейнелеп, сұрыптап, жұртқа ұсынушы – Мұхтар Әуезов.

...Кемеңгер Мұхтар «Абай жолында» қазақ халқы кім, ол ХІХ ғасырдың екінші жартысында қандай күйге түскен деген сауалдарға мейлінше толық, жан-жақты жауап берген деген сенімдемін.

Романда екі толқын шарпысып қалады. Бірі – Абай және оның заманы, екіншісі – Мұхтар Әуезов және оның өмір сүрген социалистік заманы.

Солай болғанымен, кемеңгер Мұхтар романды «Абай жолы» деп атаған. Ерлікке толы шешім.

Ол – қазақ халқының жүрек жолы, ол жол халықты адастырмайды, ендігі мәселе сол жолға түсе білуде» [4, 9,23 б.б.].

Абай айтқан: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек», немесе: «Терең ой, терең ғылым іздемейді, Өтірік пен өсекті жүндей сабап» дегеніне бүгінгі таңда ой көзімен қарасак, дәуір дидары да, қоғамдық құбылыстар да, адами мұраттар да айқын аңғарылады. «Абай жолы» роман-эпопеясындағы көркемдік мұрат пен шындық шырағынан да кезең көріністері, қоғамдық құбылыстар, адамдық болмыс пен парыз-қарыздың айшықты-нақышты тұстарын, мың сан үлгі-өрнектерін көрер едік. Осы реттен келгенде, атақты туындыдағы жазушы еңбегі, басты тұлға табиғаты мен тағылымы туралы академик Р. Нұрғали былай деп жазады: « Алаш қайраткерлері ішінде коммунистік террордан тірі қалған жалғыз қазақ Мұхтар Әуезов еді. Ол ұлы толқынның рухани аманатын көркем әдебиетте толық қалдырған бірден-бір қаламгер. Бұл идея, ең алдымен оның басты шығармасы « Абай жолы» романында жүзеге асты.

...Абай бейнесін жасауда ақын өмірінің белгілі оқиғалары кеңінен суреттеледі, оның шығармаларындағы әуез-сарындар, мотивтер, идеялар пайдаланылады. Бірақ жеке өлеңдерге иллюстрация, жаңаша еліктеу, қайта баяндап беру дегеніңіз атымен жоқ. Абай сөздері, диалогтағы, монологтағы лебіздер түп-түгел ақын лексикасын, синтаксисті ескере отырып, тыңнан жасалған.

...Әлем әдебиеті қазынасына қымбат көркемдік-эстетикалық игілік болып қосылған «Абай жолы» эпопеясының шығармашылық тарихында, жазушының ұстаханалық баянында бірнеше оқшау белгілі қасиет-сапа бар.

Қаламгердің болашақ роман қаһармандары, олардың ұрпақ-нәсәлдері ортасында туып, алаңсыз сәбилік, бақытты балалық, бозбалалық күндерін, солар кешкен қат-қабат әлеуметтік-психологиялық, тұрмыстық-этнографиялық, табиға-экологиялық қоршауда, қаймағы бұзылмаған көшпелілер мәдениеті құшағында өткізуі бір олжа болса, екінші сәттілік Құнанбай-Әуез, Абай-

Омархан әулеті өзара қыз беріп, қыз алысқан, нағашылы-жиендік орайда туысып, ортақ қуаныш, ортақ қайғы бөліскен, сүйекшатысты, жүз жылдық күйеулік, мыңжылдық құдалық рәсімін берік ұстанған жақын, бауыр адамдар екендігінде жатыр. Кезінде М. Әуезовтің өзі ескерткендей, бір ру, бір бұтақ болып, біте қайнасып кеткен.

Мұның үстіне жазушы көптомдық шығарма тудыруға бел байлаған соң, өзі бейнелейтін дәуірдің басты кісілері, басты оқиғалары туралы тарихи құжаттарды, сол кезеңді көрген, білген адамдардың жадында қалған, ескі сөздерді арнайы теріп, жинап, екшеп пайдаланған.

Осыларға қоса әлемдік реалистік проза үлгілері, классикалық тарихи романдар тағылымы, қазақ қарасөзінің өз мүмкіндіктері жан-жақты қарастырылып, терең зерттеліп, автордың эстетикалық мұраттарына бағындырылып, батыл шешіммен, соны шеберлікпен, қаламгерлікпен нақты тәжірибеде ғажайып жемістерін берді. Сөйтіп, М.Әуезов өнер адамы мен халық тағдырын тұтас бірлікте көрсететін зор реалистік шығарма жазудың жаңа көркемдік мектебін ашты» [5, 195,198, 201 б.б.].

Шығармашылық зертхана мен шеберлік сырларын кең көлемде сөз ететін – «Бейнет сусыны» еңбегінде қаламгер-ғалым Т. Жұртбай «Абай жолы» роман-эпопеясының табиғатын, тарихы мен тағылымын, оның өзіндік қыр-сырын кеңінен ашып, жан-жақты сөз етеді: «...Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында 5.200-ден астам кейіпкердің аты кездеседі. Шығармашылықтың азабын былай қойғанда, осыншама адамның атын есте ұстап тұрудың өзіне қаншама жүйке талшығы керек және олар «тыныш жатпайды», өзара күйісіп-сүйісіп, сыбырласып-қыбырласып, айтысып-тартысып, қосылып-ажырасып, өліп-тіріліп жатады. Яғни, дайындық барысы қанша уақытқа, қайталап айтамыз, қанша күнге, айға, жылға созылғанша, ол оқиғалар шығармашылық иесінің түйсігінің түкпірінде ызындайды да тұрады.

...Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» шығармасында көркем шындықсыз бір сөйлем жоқ. Бәрі де шындық.

...Мінсіз Абай бейнесін сомдау – Мұхтар Әуезовтің көркем идеясы. Ал көркем идея – тәуелсіз, Абайша айтқанда, «тәңірінің берген сыйы». Тәңірдің берген сыйына ешкім олжа сала алмайды.

...Көркем шындық – суреткердің суреткері ғана қол жеткізетін шындық. Тіпті, талғамы қалыпты қарапайым оқырманның өзі шығармадағы өмірлік шындыққа емес, көркем шындыққа сенеді» [6, 14, 26, 30 б.б.].

Ақиқатында, Абай мұраты мен мұрасы, М. Әуезов әлемі мен дүниетанымы – ұлт шежіресі, руханият айнасы. Академик З. Қабдолов қағидаты мен қисынына ден қойсақ, қазақ атауының мәні мен көркемдік құбылыстың қайнарына айналғанын аңғарар едік: «... Қазақ халқының паспортына айналған Абай – ақын болса, Әуезов – жазушы. Әрине, бұлардың туған халқымыздың парасат әлеміндегі орны бір ғана әдебиетшіліктен әлдеқайда кең. Бұлар тіпті қазақ деген атаудың синониміне айналып кеткен. Десек те, бұл екеуі, бәрінен бұрын, қаламгер: Абай – ақын, Әуезов – жазушы.

...Абай және Абай жолы – Әуезовтің ойшыл-жазушылық ғұмырының өн бойына желі тартып кеткен күрделі де іргелі тақырып. Себебі, бұл тақырыптың предметі – Абай болғанмен, объектісі – халық.

Ал енді осы тақырып қалай игерілген?

Мұхтар Әуезов, суреткер ретінде, бұл тақырыпқа әуелі пьеса, ізінше либретто, кейін сценарий, осылардың үстіне жеке-дара фабуласы бар «Татьянаның қырдағы әні», яки «Ақын үніне сахара мүлгіді» дейтін новелла жазды; ғалым ретінде, алдымен Абайды көре қалғандар аузынан нақты деректер жинады, әр алуан мақалалар жариялады, содан соң түбегейлі зерттеуге кірісіп, ақынның өмірі мен творчествосынан ғылыми очерктер, ақыр-аяғында келелі монография жазды; ұстаз-профессор ретінде, әдепкіде жалпы қазақ әдебиетінің тарихынан лекциялар оқып, келе-келе Абайдың ақындық бітімін байыптап, ерекшелігін екшеп, хрестоматиялар, оқулықтар жасап, нәтижесінде жоғары мектептерде күні бүгінге дейін үздіксіз үйретіліп келе жатқан «Абайтану» атты арнаулы теориялық курстың негізін салды және оны қазақ университетінде өмірінің соңғы күндеріне дейін оқытты.

Осының бәрі данышпан жазушының бүкіл саналы өмірінің мағынасына айналған ұлы шығармасына жан-жақтан келіп жамырай қосылған алтын арналар – қайнарлар мен құйылыстар еді» [7, 289, 296 б.б.].

Демек, жазушы еңбегі Һәм шығармашылық үдеріс мәселесі, автор мен тұлға табиғаты, дүниетаным мен көркемдік кеңістігі әр кезде-ақ арналы ағыс, мәнді құбылыс, айрықша сипатты сырлы әлем болғаны байқалады. Мұның мәнісі: «...Бір нәрсе ақиқат: жазушылық – бас тарта алмайтын қасиет, айналып өте алмайтын қасиет. Ол қасиет кімге қонды, демек, сол адам жазуға тиіс. Өйткені, бастың сақинасы мен асқазанның түйіткілін тек жазу ғана жеңе алады. Ол қасиеттен жазып қана құтыла алады» (Г.Г. Маркес).

Мұның әдеби шығармашылыққа да қатысы бар. Атақты қаламгерлердің басты тақырып, шығармашылық ерекшелік пен негізгі ұстанымдарын айқындау арқылы да зерттеп-зерделеу жайын кеңірек қозғауға болады. Жазушы еңбегі де осы тұстан жарқырай көрінері хақ. Айқынырақ айтсақ: «...Қазіргі қазақ прозасында екі өлшем ғана бар деп түсінем. Бірі – Әуезов өлшемі, екіншісі – Кекілбаев өлшемі. Көркем туындылардың әдеби құндылығын таразылығанда осы екі өлшеммен өлшесек, ешқашан жаңылыспаймыз, барар бағытымыз, шығар шыңымыз да анық болмақ» [8].

Әдеби шығармашылықта, атап айтқанда жазушы еңбегі мен дүниетаным арналарын, көркемдік мұрат пен таным арналарын айқындау тұстарында бұл да назарда болар, есте ұстар, ойда жүрер жайлардың бірі.

Тұтастай алғанда, академик З. Ахметов жазушы еңбегі мен шығармашылық үдеріс сипатын еркін де кең түрде ашады. Абай әлемі, әсіресе академик-жазушы М. Әуезовтің бас кітабы – «Абай жолы» қалай туған?» деген мақала-зерттеу аясында байланыс-бірлікте өрістетіп, біліми-ғылыми тұрғыдан тиянақтап, ауызша-жазбаша дереккөздері мен материалдар жиынтығы негізінде саралап, сабақтастықта сөз етеді. Бұл реттен алғанда, аталмыш зерттеу мақала іргелі ізденістерімен, байыпты бағалауларымен, терең мәнді талдауларымен назар аудартады.

Сондай-ақ, тақырып табиғатын кең түрде ашатындықтан, ғылыми-теориялық тұрғыдан мәнді, көркемдік-рухани нәрі құнды, эстетикалық-танымдық сипаты жоғары, тәлімдік -тағылымдық қыры әр алуандылығымен есте қалады. Демек, академик З. Ахметовтің зерттеу еңбектері, оның ішінде жазушы шеберханасы, шығармашылық үдеріс мәселесін кеңінен қарастыруы тақырыптық ерекшеліктерімен қатар, жанр жүйесін, көркемдік арналарды біліми-ғылыми қырларымен сәйкес ашуы маңызды мәнге ие болады.

Жалпы, академик З. Ахметовтің «Абай жолы» қалай туған?» деген зерттеу мақаласының тұтас табиғатынан Абай әлемі мен мұраты, М. Әуезовтің шығармашылық мұрасы, бастысы «Абай жолы» роман-эпопеясының жазылу тарихы, материал жинау мен жариялау жайы, ауызша-жазбаша дереккөздерінің мән-маңызы, мұрағат пен кітапхана қорлары, көркемдік қабылдау мен қорыту кезеңі, қоғамдық орта мен заман шындығы, кейіпкер мен оның прототиптері төңірегіндегі ойлар мен толғаныстары дәлелді дәлдік, шынайы шындықтарымен маңызды болып табылады. Сондай-ақ, қолжазба мен қолтаңба мәнері, көзқарас эволюциясы, мәтін

құбылысы, диалог қызметі, ой-сөз жүйесі, тіл мен стиль сипаттары т.с.с. әр қырынан ашылып, әдеби-ғылыми мәні, теориялық-практикалық аспектілері жан-жақты сөз болады. Әрі байқалатыны, мақала авторы «Абай жолы» роман-эпопеясының жазылу-жариялану тарихын, басты тұлға төңірегіндегі материалдар жиынтығын жіті зерттеп-зерделеп, талдап-саралап, мысал-деректермен байытып, жаңашыл бағыттарды ұстанып, сәйкесінше сабақтастықта, тұтастықта танып, кешенді түрде қарастырғанын аңғарар едік. Академик-жазушы М. Әуезовтің басты туындысының («Абай жолы») әдеби рухани мәнін, ғылыми-теориялық аспектілерін де осы бағытта өрістетіп, жаңа уақыт талаптарын, көркемдік кеңістігін, ондағы өзіндік ізденіс, көзқарастарын қалың көпшілікке қонымды да жүйелі жеткізеді.

Академик З. Ахметовтың «Абай жолы» қалай туған?» деген зерттеу мақаласының әдеби-рухани байлығы, көркемдік мәні осыған саяды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. Екі томдық. 2-том. – Алматы: Қаз Ақпарат, 2009. – 658 б.
- 2 Ахметов З. «Абай жолы» қалай туған? // «Қазақ әдебиеті», 1984, 27 қаңтар
- 3 Қасқабасов С. Әлем таныған академик. – Алматы: Арда, 2013. – 48 б.
- 4 Есім Ғ., Кемеңгер М. – Астана: Хас-Сақ, 2017. – 320 б.
- 5 Нұрғали Р. Алаштың бас шығармасы. Кітапта: Толғауы тоқсан қызыл тіл. – Алматы: Үш Қиян, 2009. 304 б.
- 6 Жұртбай Т. Бейнет сусыны. - Жұлдыз, 2016. – № 10. – Б.Б. 3-30
- 7 Қабдол З. М. Әуезов. – Алматы: Санат, 1997. – 352 б.
8. Сарай Ә., Жайдары Ә. жабырқау Әбіш...// «Егемен Қазақстан», 2017, 5 қазан.

#### Резюме

В статье рассматриваются проблемы творческой лаборатории романа-эпопеи М. Ауэзова «Путь Абая», теоретического и практического аспекта художественного текста, автора и героической системы, а также связанных с ними архивных материалов, раскрываемых в научном наследии академика Заки Ахметова.

#### Resume

Academician Z. Akhmetov in this article examines the problems of the creative laboratory of the epic novel "The Way of Abai", the theoretical and practical aspects of the literary text, the author and the heroic system, as well as related archival materials.

**О ВОПРОСАХ РАЗВИТИЯ НАВЫКОВ И УМЕНИЙ  
ПИСЬМЕННОЙ РЕЧИ ОБУЧАЮЩИХСЯ (НА МАТЕРИАЛЕ  
ФРАНЦУЗСКОГО ЯЗЫКА)**

**Е.Н. НУРАХМЕТОВ**

доктор филологических наук, профессор,  
академик Академии педагогических наук Казахстана  
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева

**Аннотация**

Удачные письменные задания обеспечивают прекрасную языковую практику, а также способствуют творческому, индивидуальному подходу к изложению идей, опыта и переживаний. Успешное выполнение заданий способствует получению удовлетворения от проделанной работы, что, в свою очередь, стимулирует мотивацию и укрепляет желание писать еще лучше.

*Ключевые слова:* письменные упражнения, устная речь, отчет, интерактивный, коллективно, интеграция, письмо, навыки, умения.

Письменные работы на занятиях иностранного языка могут быть особенно важным и интересным видом деятельности обучающихся. Письмо выполняет отдельные задачи возможно более адекватно, чем некоторые виды навыков и умений речи, т.е. говорения, чтения и аудирования. Удачные письменные задания обеспечивают прекрасную языковую практику [1, с.13], а также способствуют творческому, индивидуальному подходу к изложению идей, опыта и переживаний. Успешное выполнение заданий способствует получению удовлетворения от проделанной работы, что, в свою очередь, стимулирует мотивацию и укрепляет желание писать еще лучше.

Обучающиеся пишут тексты не для того, чтобы впоследствии преподаватель исправил ошибки. Письмо – это серьезный вид деятельности. Обучающиеся пишут с целью общения с каким-либо читателем, друг с другом, преподавателем и, конечно же, с целевой аудиторией, друзьями по переписке, эдвайзером учебного процесса и т.п. Письмо, имеющее целью выполнение коммуникативной задачи, стимулирующее комментарии или разнообразные отклики,

обеспечивает необходимую обратную реакцию на попытки письменного общения [2, с.21].

На ранних этапах письмо, как правило, основано на устной форме работы. При письменной работе тематика может быть разнообразной, например, рассказ о своей семье, карманных расходах, отдыхе, привычках и вкусах и т.п. Но впоследствии центр внимания смещается в сторону более сложных текстов по мере того, как обучающиеся узнают, как лучше организовать идеи и изложить их ясно, логично и связано, как предложения соединяются в значимый фрагмент текста посредством различных семантических средств. Это особенно важно потому, что письмо – это не просто транскрипция произносимых слов, и в отличие от устной речи пишущий не имеет возможности проверить, как его понимают. При письме не существуют паралингвистических средств, которые могли бы помочь пониманию, как при личном общении, таких речевых элементов, как отклонение от темы, перефразирование, повторение, особенности произношения или грамматические отклонения и т.д., присущие речи и не допустимые при письме.

В письменной речи грамматические и орфографические ошибки более заметны, чем в устной речи, а недостаточная четкость и связность может привести к недопониманию или затруднить восприятие текста. Письмо требует более тщательной внутренней организации, чем устная речь, и именно это ожидается от пишущего, который располагает достаточным количеством времени, чтобы продумать, внести изменения в структуру и формулировку в отличие от говорящего, который общается в режиме реального времени. Правильные навыки письма необходимо развивать и стимулировать. Важным источником является прежде всего чтение и слушание. Следует помнить, что навыки письма вырабатываются только при письменных работах, поэтому необходимы регулярные упражнения в свободном изложении мыслей [3, с.18].

В процессе письменных работ обучающиеся постепенно переходят от контролируемого письма под руководством преподавателя к более свободному, творческому выражению. Различие между этими стадиями зависит от того, насколько понятны содержание, организация работы и языковой материал. Приведем типичную последовательность действий: 1. изучение текста, 2. практические действия, 3. письменное задание, 4. оценка, 5. исправление.



Письменные упражнения могут контролироваться посредством сравнения с текстом-образцом, планом, основными пунктами и т.д., а также путем использования полезного языкового материала. При более свободных видах деятельности обучаемые несут большую ответственность за содержательную часть и организацию, а помощь в подборе языкового материала отсутствует. Также возможно начать письменные работы, имея свободное поле деятельности, когда обучающиеся для создания текста могут использовать любые имеющиеся в их распоряжении ресурсы, в частности лингвистические и стратегические знания [4, с.8]. Такой разработанный текст впоследствии сравнивается с текстом-образцом или каким-либо другим подобным текстом, оценивается автором, другими учениками и учителем, затем окончательно редактируется для последующего обсуждения. Оценка и получение какой-либо обратной реакции касается не только формы, но также и содержания, и организации текста. Этапы этого подхода, в основном ориентированного на процесс, могут выглядеть следующим образом:

1. письменное задание,
2. сравнение с другим текстом,
3. оценка,
4. редактирование.

Таким образом, письменная работа - это вид деятельности, при которой обучающиеся экспериментируют в процессе размышления, обсуждения, планирования, написания и редактирования собственного текста [5, с.47]. Ошибки являются неотъемлемой частью первого этапа этого процесса и признаком того, что процесс обучения успешно идет, а обучающиеся совершенствуют свои знания.

Вне зависимости от того, какой выбран подход на какой-либо стадии обучения, письмо остается интерактивным видом деятельности [8, с.17], когда обучающиеся работают в группах, где они могут сначала обсудить задание, поделиться соображениями, сформулировать предложения, а потом построить свои тексты индивидуально или коллективно, т.е. перед тем, как написать ответ на письмо, обсуждается возможное содержание, организация текста и выражения.

В последующем иллюстрируются разнообразные виды письменной деятельности, начиная от письменной работы под руководством преподавателя и заканчивая более индивидуальным изложением мыслей. В то время, как степень контроля может

варьироваться внутри каждого вида деятельности, последовательность видов деятельности не представляет собой научный подход к развитию навыков и умений письма. Некоторые примеры могут показаться нереальными, например, написать рекламное объявление или написать письмо, пропуская во всех словах определенную букву, но тем не менее мы их упоминаем, потому что навыки и умения, которые развиваются благодаря подобным упражнениям, можно перенести на другие формы письменной работы [6, с.10], а также потому, что такие упражнения очень интересны и увлекательны.

Для убедительности теоретических положений приведем некоторые практические упражнения. Следующие виды деятельности обращают внимание обучающихся на порядок слов и правильность их написания, например: рассказ о своих планах, намерениях, слова, составляющие предложения, могут быть перемешаны, а после их можно соединить в предложение. Смешивание слов в предложении происходит для того, чтобы обучающиеся составляли из них новые предложения, причем происходит концентрация внимания на ключевых словах. Так называемая группа слов прогнозирующего характера привлекает внимание обучающихся важностью знания контекста и его влиянием на порядок слов. Контекст определяет расположение глагола и объекта, который в свою очередь определяет активную или пассивную форму контроля глагола и форму артиклей (определенный или неопределенный). Распространение предложения привлекает внимание к порядку слов в предложении и способствует развитию более творческого подхода к заданию.

Если анализировать с точки зрения коротких сообщений и описаний, то такие упражнения проистекают из такой деятельности как говорение, слушание или чтение и, таким образом, приводят к интеграции всех навыков речи, т.е. чтение/слушание, записи и написание отчета, полезно иметь образец подобного письменного задания.

Обучающиеся читают отчет и переносят информацию в тетрадь, а потом сами проводят интервью с группой и заполняют подобную таблицу и в конце концов пишут отчет. Необходимо отметить, что весь процесс происходит на элементарном языковом уровне. Соединительные слова на французском языке, такие как «et» и «mais» можно также включить в предложения, например: «Jean a trois poissons rouges et un chat mais Michelle n'a pas d'animal à la maison» При необходимости обучающимся в помощь

предоставляются тексты с пропусками. Перед написанием отчета необходимо остановиться на грамматических формах, которые потребуются для отчета, т.е. формы единственного и множественного числа, местоимения, притяжательные формы, например: Paul a un chat. Il s'appelle le Blanc. Marie et Jean ont un chien. Le chien de Marie s'appelle Léo. Dans notre groupe il y a cinq élèves. Presque tout le monde a un animal. J'ai un chien. Il s'appelle Solare. Jean a trois poissons rouges et un chat. Michelle n'a pas d'animal à la maison. Pierre a une chatte et deux lapins.

Обучающиеся в группах проводят интервью друг с другом по цепочке, вносят информацию в тетрадь, используют свои записи для написания краткого отчета. Использование ключевых слов приветствуется. Каждая группа сообщает свою информацию аудитории и затем обучающиеся пишут отчет с помощью ключевых слов, фраз.

Сначала обучающиеся смотрят видеофильм [7, с.34], затем слушают текст для общего понимания, а потом более интенсивно для написания деталей. Обучающиеся пользуются своими записями для описания увиденных кадров. На следующем этапе обучающиеся делают записи об увиденном на этих кадрах. Расспрашивают об этом своих партнеров. При помощи просмотра видеофильма и своих записей, сделанных во время интервью, обучающиеся пишут короткое описание увиденных кадров [8].

Обучающимся необходимо специально тренироваться в использовании соединительных слов для того, чтобы их тексты не представляли собой набор не связанных между собой коротких предложений. Для соединения коротких предложений в более длинные и сложные на листке бумаги пишутся несколько предложений или коротких абзацев. Обучающиеся располагают их в хронологическом порядке на листке, на котором имеются необходимые слова, обозначающие последовательность. После изучения образца текста обучающиеся пишут подобный текст о своем собственном дне. Затем они заполняют пропуски в тексте и вставляют слова, обозначающие последовательность.

Содержание текста может строго контролироваться или просто направляться посредством ключевых слов. Обучающиеся имеют возможность дополнить текст так, как им нравится, в рамках пройденных правил или модели. Каждый обучающийся дополняет предложение на листке и передает его своему соседу. Обмен и дополнение записями заставляют обучающихся внимательно относиться к тому, что они пишут и как они пишут, а также дает

незамедлительную обратную реакцию относительно успеха своего творчества.

В результате должны получиться забавные рассказы, типа: *Lanuitdernièrej'aifaitunrève*. И этот рассказ может развиваться, например, следующим образом:

1. J'étais au bord de la mer \*dans une caverne \* dans le désert \* sur Mars...

2. Il y avait beaucoup de chiens\*voitures\*monde\*monstres\*cratères...

3. J'ai vu quelqu'un sur la plage\*dans un frigo\*dans un trou\* derrière un immeuble...

4. Cette personne avait les cheveux longs\*les dents pointues\*de grandes oreilles \* deux têtes...

5. J'étais terrifié(e) \* inquiet(ète) \* étonné(e) \* effrayé(e) ...

6. Alors j'suis parti(é) en vitesse\*rentré(e) à la maison \*sorti(e)...

7. Alors, j'ai pleuré \* eu peur \* ri \* dit bonjour \* commence à chanter...

В аудитории обучающиеся находятся в оживленном настроении, преподаватель может попросить их выразить свои чувства, закрыв глаза, тихо мечтая о чем-то, чтобы идентифицировать себя, например, с каким-то цветом, шумом, температурой, музыкальным произведением, одеждой, месяцем, т.д. Когда обучающиеся постепенно возвращаются к реальностям аудитории, они описывают свои мечты. Преподаватель остается нейтральным и не должен утвердительно или отрицательно реагировать ни на один из ответов, например: *Vous êtes très vivants au jour d'hui: vous avez vraiment l'air de vous être gais... Que sentez-vous?... Que pensez-vous?... Si c'est une couleur, quelle sera-t-elle? Si c'est un ciel, comment sera-t-il?... Si c'est une musique, ce sera quoi?... Si c'est une personne, ce sera qui?... Si c'est un vêtement, comment sera-t-il?... Si c'est un mois, et il sera lequel?... etc.*

Обучающиеся могут написать развернутый рассказ, отвечая на эти и другие вопросы. Они описывают свои воображения, размышления, приводят аргументы и факты, обмениваются, высказывают суждения, мнения и чувства, оценку возможных решений и интерпретаций, комментариев в изложении идей, опыта, переживаний, отмечают полезные языковые выражения и вокабуляри т.д. Письменно обеспечивают языковую практику, способствуют творческому росту обучающихся. Как мы отметили выше, письменные работы имеют целью выполнение коммуникативной задачи, стимулируют и обеспечивают обратную

реакцию письменного общения. Таким образом, успешно развиваются и закрепляются навыки и умения письменной речи.

#### Список литературы

- 1 Martins-Baltar M., D. Bourgain, D. Coste, V. Ferenczi et M.-A. Mochet. L'écrit et les écrits: problèmes d'analyse et considérations didactiques. Hatier. - Strasbourg-Paris. 1981.-198p.
- 2 Boyer D. L'écrit comme en jeu. Didier. Paris, 1988.-231p.
- 3 Bolton S. Evaluation de la compétence communicative en langue étrangère. Crédif/Hatier. 1987, Paris.-169p.
- 4 Delorme C. L'évaluation en questions. ESF. Paris, 1987.-98p.
- 5 Dalgalian G., S. Lieataud et F. Weiss. Pour un nouvel enseignement des langues. Clé International. Paris, 1981.-312p.
- 6 Galisson R. Enseignement et apprentissage des langues et des cultures. Evolution ou Révolution pour demain? Le français dans le monde, No227, août-septembre, Hachette, Paris, 1989.-14-21p.
- 7 Compte C. La vidéo et l'apprentissage des langues. Hachette. Paris, 1990.-126p.
- 8 Dugas A. Langue française et nouvelles technologies. Langue Française, No83, septembre, Larousse. Paris, 1989. - 17p.

#### Түйін

Жазу – шетел тілін үйренудің де, оқытудың да ең күрделі түрінің бірі. Коммуникативтік мақсатты жазбаша іске асыратын түрлі ойлар, түсініктемелер, лебіздер, сұрақтарға сауатты жауап жазуға машықтану оқытудың жазба түрінің басты міндеті.

#### Резюме

Written works at classes of foreign language can be a very important and interesting type of activities for learners, which fulfill some functions of speaking. Successful written tasks provide good language practice, as well as enable a creative, individual approach to expressing ideas, experience and emotional experience.

## ЭМОЦИЯНЫҢ ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТИДЕ КӨРІНУІ

**К.С. САРЫШОВА**

филология ғылымдарының кандидаты, профессор  
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік  
университеті

### **Аннотация**

Мақалада эмоция мен сезім сияқты психикалық процестердің ұқсастығы мен айырмашылықтары түрлі мәтіндер арқылы дәлелденіп, осы тараптағы ғалымдар пікірлерімен тұжырымдалады. Эмоцияның психолінгвистикалық аспектіде көрінуі субъект тіліндегі түрлі реңктер арқылы түсіндіріледі.

*Түйін сөздер:* психолінгвистика, прагматика, таным процесі, эмоция, сезім, көңіл, аффект, стресс, мотивтілік, эмоциялық мән, эмоциялық реңк.

Адам ерте заманнан-ақ өзін қоршаған дүниенің заңдылықтарын, өзін, өзінің табиғатқа және басқа адамдарға қатынасын танып-білуге тырысты. Адамнан тыс таным процесі болмайды, сондықтан таным адам санасын дамытудың негізі болып табылады. Ал сезімдік таным үш формада – түйсік, қабылдау және елестету арқылы жүзеге асады. Қоғам бар жерде адам, адам бар жерде таным процесі жүріп жататынына орай, сезімдік таным процесін сөз еткенде, эмоцияның қыр-сырына үңілмеске болмайды.

Әлбетте, сезім мен эмоция бір-бірінен туындағанмен, өзара ерекшелігі бар психикалық процестер. Сезім – эмоцияға қарағанда әлдеқайда кең мағыналы, тұрақты құбылыс, ал эмоция – сол сезім арқылы пайда болатын психикалық процесс. Сондықтан сезімсіз эмоция болуы мүмкін емес те, эмоциясыз сезім болуы әбден мүмкін. Психологиялық әдебиеттер тілінде бұл екі сөздің семантикасын дифференциациялау үшін талпыныстар жасалынды. В.В. Богословский: «Эмоция – белгілі бір ситуацияға деген жауап (реакция), ал сезім бағытталуды (выражение направленности) білдіреді», – десе [1, 295 б.], К.К. Платонов, Г.Г. Голубев: «Эмоциялар – психикалық бейнеленудің қарапайым формалары, ал сезімдер – тек адамға ғана тән күрделі формалар», – деп есептейді [2, 111 б.]. Сезім табиғатының тереңдігін К.Д. Ушинский: «Біздің

сезімдерімізде жеке ой ғана, жеке шешімдер ғана емес, адам жанының мазмұны, оның жүйесі түгелдей көрініп тұрады», – деп тұжырымдайды. Педагогтың бұл пікірінен сезімнің тек көңіліміз райындағы өзгерістерді көрсетіп тұратын «барометр» тәрізді ғана нәрсе емес адам жанының бар болмысын қамтитын аса күрделі процесс екені аңғарылады.

Тіршілікте адамды қатты толқытатын құбылыстар көп, олар адамды ерекше әсерлендіреді, кейде мұңайтады, тіпті өзегіңді өртеп, өкіндіреді. Адам мұндай сәтте өзінің ішкі жан дүниесімен де келіспеуі мүмкін, бірақ оның өзіндік себептері болады. М. Сүндетовтің «Еліктің лағы» повесіндегі Айнаштың басындағы күйге көңіл аударайық: *«Өлімнен ұят күшті», – дейді атамыз қазақ. Ал, өмірде ұяттан да зор – ар, намыс бар. Енді міне, Айнаш онан да асқан құдіретті сезіп тұр. «Әділхан келінті, Айнаш... Естимісің? Сені күтіп есік алдында жүр... Әділхан... Сүйесің ғой. Неге үндемейсің? Өзіңді-өзің жегідей жеп, діңкелеп біттің емес пе? Шықсайшы... Қуансайшы... қуантсайшы. Жүрегіңді сыздапта бермесейші», – дейді бір үн еркін билеп. Сондайда Айнаш жанын қоярға жер таппай алас ұрады. Әлденеге асығады. «Бәрі де қараң қалсын. Мен-ақ намыссыз болайын. Шыдамым таусылды», – деп әлденеше рет жүгіре жөнеле жаздаған. Әйтсе де, ана сүтімен біткен қыз намысы арын аттатпай ыстық қан боп басқа шауып, ірке берді. Осы қазір де жүзін қуаңдандырып, түсін қашырып тұрған сол. Өзегі өртенсе, қолқасына ащы бір жас келіп тығылса да ол шыдап бақты.* Бұл үзіндіден Айнаштың ішкі сезімі мен эмоциясының аралас келген тұсын байқауға болады. Сол эмоцияның әсерінен Айнаштың жүзі қуаңданып, түсі қашып тұр.

Адамның әртүрлі эмоциялары мен сезімдері оның қажеті мен қызығу ерекшеліктеріне, дүниеге көзқарасы мен сеніміне, мінез-құлқы мен білім көлеміне, санасы мен ерік сапаларына байланысты қалыптасып отырады. Алдағы мақсатты орындау жолында, өмір үшін күресте күшті сезімдерсіз табысқа жету қиынға соғады.

Адам өзінің бойын билеген сезімнен біраз уақыт арыла алмайды. Ал эмоция сезімнен туады, ол – сезім күйінің қысқаша айқын көрінісі, сондықтан да оны қысқа мерзімді психикалық процесс деп айтуға мүмкіндік бар. Эмоция жалт етіп көрініп, тез жойылатын бір сәттік сезім бөлшегі, ал сезім осы эмоциялардың жиі қайталануынан пайда болатын күрделі процесс. Адам біреуді ұнатпаса, әр мезет тыжырынып, жиырылып жүреді де, осы күй бірте-бірте жек көру сезіміне ұласады. Мына бір үзіндіге көңіл бөлейік: *«Осы бір өрттей үрейлі өшпенділік оты қашан тұтанып,*

*жаулық-зұлымдық ұрығы жүрегіне қашан ұялап еді? Сол көңілді жегідей жеп, жан-жүйені құрттай үңгілеп бара жатқан улы дәнді оның жүрегіне кім септі? Дән әлсіз бе, жоқ бұл әлсіз бе, тұқым қылтанақтап барып бой көтереді де, қайта солып, қайта құрайды. Ол оны ашумен қайта құнарландыруға тырысады. Осы арпалыспен, осы ит жығыспен күні өтіп келеді. Әйтеуір жаңағы дән ішкі жан-дүниесін күйдіріп, өртеп болды. Әсіресе дұшпанының арасында жасырынып, бұғып жүру қиын-ақ екен. Бұл дүниеде дұшпаныңмен құшақтасып, қолтықтасқаннан артық азап бар ма?» Б. Тілегеновтің «Уақыт» атты романынан алынған бұл үзіндіден Мырзаштың өзінің жек көретін адамы Жұмабекке деген ішкі қыжылын байқасақ, осы сезім екінші бір жерде ырыққа көнбес эмоция күйінде сыртқа былай төгіледі: «Мырзаш зар еңіреп, орнынан тұрды да, ботадай боздап қоя берді. Мастық жеңді ме, әлде ашу ма, аяқ қолы дірілдеп, бет-аузы бұлаудай боп ісініп алған. Биғайшаның одан бетер зәресі кетті.*

*– Саған не болған, Мырзаш-ау!*

*– Ана-ау, не болушы еді? Мына Жұмабек қыр соңымнан қалмай қойды ғой. Мен сорлыға көрсетпеген қорлығы жоқ, не жазып едім? Туыс емеспіз бе, бұларың не? Не жазығым бар еді, ана?*

*Биғайша екеуіне жалтақтап қарап қалыпты:*

*– Қарағым, бұларың не? Не жетіспей жүр?*

*– Мен емес, барлық пәле мына балаңыздан. Маған күн көрсетпей қойды. Түбіме жететін болды? – деп Мырзаш телтірең қағып, есікке қарай беттеді.*

Эмоцияның сезімнен тағы бір ерекшелігі – адам оны өзіне бағындыра алады, ал сезімдермен мұндай еркіндік жасау қиын. Сезімді адам өзіне керек уақытта тудырып, сақтап отыру мүмкіндігі жоқ, ал эмоцияны тежеуге болады.

Адам өмір сүруінің эмоционалды жағы эмоциялық молекулярлық биология, физиология, психология, философия, психоллингвистика, әлеуметтік лингвистика сияқты бірқатар ғылымдардың зерттеу объектісіне айналды. Бұл ғылым салаларының әрқайсысы эмоцияның іргелі теориясын қалыптастыруға тырысады. Табиғатынан күрделі және субъективті құбылыс болып табылатын эмоцияның қызметі мен рөліне философтардың көзқарасы бастан-ақ сан түрлі болды. Көптеген идеалист-философтар (Платон, Августин, Д. Юм, М. Шелер) эмоцияны жанның көрінісіне жатқызса, экзистенциалист-философтар (Х. Вольф, Жан Поль Сартр) эмоцияны интуициямен



байланыстырды. Ал эмоцияны ойлау мен сананың қатарына жатқызатын Декарттың, Спинозаның, Локктың, Лейбництің, Канттың, Гегельдің идеялары эмоцияға деген дұрыс көзқарастың қалыптасуына негіз болды.

Ал физиологтар болса, эмоцияның адам ағзасына тигізетін әсерін сөз етеді. «Адамның басқа күйіне қарағанда эмоциялық күйдің ерекшелігі – оның интегративтілігі, яғни ағзаның барлық функцияларын біртұтас нәрсеге жұмылдыра білу қасиеті. Эмоциялардың өзі алдымен ағзаға әсер ететін пайдалы немесе зиянды нәрселердің абсолютті сигналы болуы мүмкін», – дейді П.К. Анохин [3, 217 б.].

1976 жылы басылып шыққан «Жалпы психология» оқулығында (редакциясын басқарған А.В. Петровский) эмоциялардың төртке бөлінуі дәлелденіп, бұрыннан аталып жүрген жағымды және жағымсыз эмоцияларға екі жақты-амбивалентті (двойственное) және көмескі-болжалды (неопределенно-ориентировочное) деген түрлерін қосады. Автор екі жақты сезім дегенді: «шөлдеп келе жатқан турист өз қажеттілігін салқын су ішумен қанағаттандырады, ал егер судан мұнай иісі шығып тұрса, жиіркенеді. Осылайша адам бір уақытта екі түрлі (рақаттану↔жиіркену) күйді басынан өткереді», – деп түсіндіреді. Бұған көркем әдебиетте мысалдар көп: «сүйе тұра, жек көру», «ләззатқа бата тұра, ұялу», «айрылысу – тәтті қайғы», т.б. Ал фразеологизмдерден мысал келтіретін болсақ, *күлерін де, жылырын да білмеу, күле кіріп, күңірене шығу, бір қызарып, бір бозару* деп бейнеленеді. Адамның эмоционалды өмірі қарама-қайшылыққа толы: олар бірде жойылып, бірде қайта туып отырады. Осының өзі жағымды, жағымсыз, екі жақты эмоциялық күйдің тууына себепші болады. Ал көмескі-болжалды эмоция субъект үшін түсініксіз дүниелермен кездескен кезде туындайды. Олар – таңғалу, түсінбеу, қызығу сияқты күйлер. Бұндай күйлер ұзаққа созылмайды және тұрақты емес, олар бірте-бірте не жағымды, не жағымсыз күйге ауысып отырады. Мұндай күйді *аузын ашып қалу, аңқайып аузын ашу, жағасын ұстау, қайран қалу, төбесінен жай түскендей болу* сияқты фразеологиялық тұлғалармен бейнелеуге болады.

Қазақ тілінде эмоция теориясын зерттеу Қ. Жарықбаевтың «Психология», Ә. Алдамұратовтың «Жалпы психология», Н. Итбаевтың «Жалпы психология» оқулықтары мен Х. Нұрмұқановтың «Сөз және шеберлік» монографиясында қарастырылған.

Қ. Жарықбаев өзінің «Жантану» оқулығында эмоциялардың

жағымды және жағымсыз, қарапайым және күрделі деген түрлерін атайды. Күрделі эмоциялардың бірі – көңіл. Көңіл-күй қанша субъективті болса да, ол белгілі бір себептермен байланыста келеді. Оны адам жіті түсіне алмауы да мүмкін. Белгісіз күйге итермелейтін себептердің қатарына адамның денсаулық жағдайы, қоршаған орта ерекшелігі, адамдармен қарым-қатынасы, атқарып жүрген қызметін жатқызуға болады. Адамның «себепсіз қуанышта», «есепсіз қайғыда» жүретін кезі осындай көңіл-күйге байланысты болса керек. Эмоцияның қысқа уақытқа созылса да, бұрқ етіп қатты көрінетін түрі – аффектер (қазақ тілінде «жан ұшыру»).

Армян психологы С.Н. Кахиани: «Субъект үшін жағымды сипат алатын жеке не қоғамдық оқиғаларға байланысты тасып төгілген қуанышты білдіретін аффектер де болады. Мұндай жағдайды норма деп қабылдап, ал олардың күшті әрі ерекше сезімталдықпен көрінуін аса қажет тіпті адамның психикалық қызметіне игі әсер ететін құбылыс деп қабылдау керек», – дейді [4, 4 б.]. Мысалға жүгініп көрейік:

– *«Тәңірім-ай, келдің бе?» – деп екі бетін алақанымен басқан күйі шөге түсіп, еңіреп жылап жіберген. Әйел затына тән босаңдық немесе долылықпен емес, көбік ата шалқып-тасыған қуаныштан жылаған... жыласын,.. жыласын (О. Бөкей). Эмоция мен экспрессия аралас келген бұл сөйлемнің мазмұнынан-ақ әйел затына тән босаңдық пен долылықтан емес, көбік ата шалқып-тасыған қуаныштан жылаған аффектіні байқауға болады.*

Қазіргі кезде кең тараған аффектердің бір түрі – стресс деп аталады. Стрестің алғашқы кезеңін мазасыздану кезеңі дейді де, организмнің күшті тітіркендіргіштермен аяқасқа түсуін күш салу немесе зорлану кезеңі дейді. «Стресс – жүйке жүйесіне эмоционалдық күш түскенде адамда пайда болатын шамадан тыс күшті және ұзақ мерзімді психологиялық ширығу», – деп жазған Р.С. Немов [5]. Аффект кезіндегі адамның бет әлпеті мен іс-әрекетіне көз салыңыз. *«Жұмабектің түрі өрт сөндіргендей қап-қара болып түтігіп, адам танығысыз өзгеріп кеткен. Нәзіраның қасына қалшылдап, қалай жетіп барғанын өзі де білмей қалды. Тап беріп жұлқыласудың аз-ақ алдында. Шашын жұлып, қолына беруден тайынатын емес. Аузы-басы жыбырлап, тісін шықырлатады.*

– *Не деп сандырақтап тұрсың? Партия сенің не теңің еді? Онда жұмысың болмасын, – деп айқайлап келіп Нәзіраны жағасынан ұстап, орнынан жұлып алды да енді не істерін білмегендей кіжініп, қайтадан итеріп жіберді. Нәзира мұрттай*

*ұшты да ес-түссіз қалды»* (Б. Тілегенов).

Міне, бұл үзіндіден өмірде салқын қанды, ұстамды Жұмабектің бүкіл болмысымен берілген партиясына жасап жүрген қызметін отбасымен шектегісі келген әйелінің іс-әрекетіне деген буырқанған ашулы қимылын байқаймыз.

Сезімнің сөз арқылы көрінуі адамның еңсесін басып тұрған ауыртпалықтан құтқарады, нәтижесінде ішкі дүние тыныштық табады. Психолог Э.Д. Левитов «Өз басынан өткермеген адамға эмоцияны түсіндіру мүмкін емес», – деп тұжырымдайды [6, 33 б.]. Эмоциялық күй жекелік сипатта болатындықтан оны түсіну де қиындай түседі, күнделікті сөйлесу барысында көп кездесетін «егер сен оны білсең ғой» деген сөз оралымдары осыған куә болса керек.

Тіл – әлемнің айнадағы көрінісі емес, сондықтан да эмоция әлемі және оны суреттейтін тілдік құралдар дәлме-дәл келмейді. Эмоциялардың өзі универсалды болады да, эмоционалды лексиканың типтік құрылысы ұлттық ерекшеліктеріне қарай әр тілде әртүрлі. Мәселен «ұят болу, ұялу» деген жай ғана ұғымды қазақ фразеологизмдері ғана нағыз күрделі процесс деңгейіне дейін көтере алады. *Өлім болды, өлмегенге қара жер, өлген артық, өлген жері осы болды, тірідей өлу* деген ФТ-да қазақ ұлтының ұятты өлімнен де күшті деп санайтын табиғи қалпы байқалады. Аталмыш мағынадағы фразеологизмдер тізімін *тірідей масқара болу, тірідей жерге кіру/ жерге кіргендей болу/ жерге кіріп кете жаздау, жерге қарау, жер шұқу, жердің үстімен келіп, астымен қайту, қара жерге қарату, кірерге жер/ тесік таппау* күйінде жалғастыруға болады. Бұл қатарда «жер» сөзінің тірек мағына ретінде қолданылуы адамның ұялғанда жерге қарайтын әрекетімен байланысты болса керек.

Ғылыми әдебиеттерде эмоционалды сөздерді эмоционалды мәнді және эмоционалды реңкті деп бөлу бар. Осы пікірді таратып көрейік. Мысалы, төмендегі сөйлемдерде дес бермеу мағынасындағы *«Ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермеу»* фразеологизмі ұнатпау мағынасында, көппен бірдей өмір сүру мағынасындағы *«Аштан өліп, көштен қалмау»* фразеологизмі кею мағынасында, ал толық билік жүргізу мағынасындағы *«Екі тізгін, бір шылбыр»* фразеологизмі ренжу мағынасын беріп тұр. *Заманында ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермеген Жүсіп шалдың бүгін екі сөздің басын құрай алмай отырған ынжықтығы Дидардың жынына тиді* (М. Сүндетов). – *Күңкілдей бермей тек отырыңдар, – аштан өліп, көштен қалып жатқан ешқайсысың жоқ* («Қаз. Әдебиеті»). *Екі тізгін, бір шылбырды қолыңа ұстаттым ғой, маған не қыл дейсің!* –

*деп, күж ете түсті* (Б. Шаханов).

Бұл мысалдардан байқағанымыз фразеологизмдердің басым көпшілігі контекст ішінде сөйлемнің ыңғайына қарай эмоциялық реңкке ие бола алады. Олай болса, эмоционалды мән деп эмоционалдылық олардың лексикалық мәнінде болатын, яғни табиғатынан эмоционалды сөздер мен сөз тіркестерін атап, эмоционалды реңк деп сөздер мен сөз тіркестерінің заттық-логикалық мәнімен қатар өмір сүретін эмоционалдық бояуын атағанымыз дұрыс сияқты.

Ойымызды қорытындылай келе біз философтардың, психологтардың, физиологтардың, тіл мамандарының ғылыми еңбектеріндегі эмоция туралы ой-пікірлерін сараптай отырып эмоцияның төмендегідей ерекшеліктері мен туындау себебін, қызметін анықтадық:

– эмоциялар адамға сыртқы факторлардың (табиғи және әлеуметтік) әсер етуінен туындайды;

– эмоциялар адамның ішкі жан дүниесіндегі өзгерістердің сыртқы көрінісі;

– алғашқы эмоциялар негізінде сезім деп аталатын жекелеген толғаныстар көптеп туындайды;

– эмоциялар адамның белгілі бір іс-әрекетке деген қабілетін арттырады, не кемітеді;

– адам өз эмоциялары мен сезімдерін саналы түрде ұғынуы да, ұғынбауы да мүмкін, сол себепті де ол өз эмоциясын барлық уақытта бақылай алмайды. Олардың көріну деңгейі де әртүрлі. Психологтар мен тіл мамандары эмоцияның вегетативті, физиологиялық, экспрессивті-мимикалық, ым-ишара, интонациялы-коммуникативті деген деңгейлерін атайды. Біз осы пікірлерге толық қосыла отырып, коммуникативті эмоционалдылық тілдік және тілдік емес деген екі түрлі әдіспен көрінуі мүмкін деп тұжырымдадық. Эмоционалдың тілдік емес әдісі паралингвистикалық құралдар (ым-ишара, қол, бет қимылы) арқылы беріледі де, тілдік тәсіл лингвистикалық құралдармен беріледі. Бұл екі тәсілді біз мәнерлегіш құралдар қатарына жатқызып, эмотивист ғалымдар «эмоция тілі» немесе «эмотивті тіл» деп атап жүрген түсініктерге біріктірдік. Мысалы вегетативтік саладағы өзгерістерді, яғни адамның ішкі ағза қызметіндегі алмасу процестерінің ағымындағы өзгерістерді фразеологизмдермен *қаны басына шығу, жүрегі қарс айрылу, жүрегі өрекну, өкпесі аузына тығылу, тамағына тас тығылғандай болу, іші алау-жалау болу* күйінде білдірсек, соматикалық саладағы өзгерістерді тұрпат, мимика, ым-

ишара арқылы *екі көзі шарасынан шығу, бетінен оты шығу, көзі алақандай болу, қабағын жабу (түю, тастай түю, түксию, қарс жабу)* түрінде бейнелей аламыз.

Жалпы коммуникативті және психологиялық аспектілерде сөздің қызметін зерттеумен психолингвистика айналысады. Дүниені бейнелеудің психикалық процестері мен формаларына тілдің әсері қандай, керісінше психикалық факторлар жүйесі тілге қалай әсер етеді деген сұрақтар – тілдің психикамен байланысын зерттейтін проблемалардың ішіндегі маңызды сұрақтардың бірі.

Эмоция тілін зерттеу прагматика (әсер ету функциясы) негізінде пайда болған жаңа тілдік пән – прагмалингвистика немесе «сөзбен әсер ету» теориясының қалыптасуына негіз болады. Бұлардан шығатын қорытынды: коммуникативті эмоционалдылық осы ғылым салаларына тікелей байланысты және психолингвистика, прагмалингвистика, социолингвистика ғылымдарының зерттеу объектілерінің бірі екендігіне күмәніміз жоқ.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Общая психология / Под ред. В.В. Богословского, А.Г. Ковалева, А.Д. Виноградова. – М.: Просвещение, 1981. – 383 с.
- 2 Платонов К.К., Голубев Г.Г. Психология. – М.: Высш. шк., 1977. – 247 с.
- 3 Анохин П.К. Избранные труды. Философские аспекты теории функциональной системы. – М., 1978. – 313 с.
- 4 Кахиани С.Н. Экспрессивность эмоции человека. – Тбилиси, 1985. – 66 с.
- 5 Немов Р.С. Психология. – М.: Просвещение, 1995. – С. 72-73.
- 6 Левитов Э.Д. О психических состояниях человека. – М., 1964. – 33 с.

#### Резюме

В статье сходства и различия психических процессов, таких как эмоция и чувство подтверждены различными текстами и сформулированы мнениями ученых в этой области.

Видимость эмоций в психолингвистическом аспекте объясняется различными оттенками предметного языка.

#### Resume

The similarities and differences in mental processes, such as emotion and feeling are confirmed by various texts and formulated by the opinions of scientists in this field in the article.

Visibility of emotions in the psycholinguistic aspect is explained by different tones of the subject language.

## КИЕЛІ АҢДАРҒА ҚАТЫСТЫ ТОТЕМДІК НАНЫМ-СЕНІМДЕР

**Г.Қ. РЫСБАЕВА**

филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.,  
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

### **Аннотация**

Мақалада «Әлемнің тілдік бейнесі» тұрғысынан қасқыр тотемі және аю тотеміне қатысты фразеологизмдер қарастырылады. Бүгінгі таңда республикамызда тәуелсіздікті нығайтуды дамыту мен мемлекеттің өркениетті елдер санатына қадам басуы жағдайында ұлттық, рухани-адамгершілік және материалдық құндылықтардың негізін зерделеу, оларды тиімді жүзеге асыру мәселелері ерекше көкейкестілікке ие болып отыр. Ал – бұл болса, мәдениет салаларын дамытуды, оның қалыптасып дамуындағы жетістіктер мен озық дәстүрлерді, халық тәжірибесін болашақ ұрпаққа жеткізуді қажет етеді. Қазіргі жаһандану процесінде тіл білімінде этнолингвистикалық, этнопсихоллингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық, когнитивтік лингвистикалық және «Әлемнің тілдік бейнесі», «Ғаламның тілдік бейнесі» теориясын түрлі бағытта қарастыру кең үрдіс алып келеді. Қазіргі кезде ғаламның тілдік бейнесін жалпы адамзат танымындағы әлем моделімен және ғаламның тұтас концептуалдық бейнесін бірлікте қарастыру – әрі философиялық, әрі филологиялық ұғым. Осы тұрғыда біздің қарастыратынымыз түркі тілдес халықтардың жан-жануарлар тотемі, соның ішінде көк бөрі (қасқыр) тотемі мен аю тотеміне қатысты фразеологизмдердің дүниетанымдық сипаты.

*Түйін сөздер:* тотем, анимизм, лингво-мәдени таным, Қасқыр культі, Аю культі, Көк бөрі, Оғыз Қаған.

Этностық дүниетаным мен салт-дәстүрге, наным-сенімдерге қатысты байырғы лексикадан қалыптасқан культтік фразеологизмдер сөз жоқ, халықтың рухани өмірін бейнелейді. Ертеде адамдар ру, қауым, тайпа болып өмір сүріп, өздері тұратын жерлерде кездескен жан-жануарға сыйынып, жан-жануарлар, аң-құс, құрт-құмырсқа, жылан тотемдерін тудырған. Осыларды киелі санаған адамдар оларды культке айналдырып, неге киелі екендігі туралы толып жатқан миф, аңыздар тудырған. Тотемдік түсініктер

тек аңыз, ертегілерде ғана сақталмаған. Олардың кейбір жақтарын тіліміздегі жан-жануарларға, құстарға, төрт түлік малға байланысты қалыптасқан фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерден, қанатты сөздерден, культтік лексемалардан айқын байқауға болады.

**Көк бөрі (қасқыр) тотемі.** *«Біздің таңбамыз береке болсын, ұранымыз көк бөрі болсын!»* сөйлемінде «таңбамыз береке болсын» сөз тіркесі арқылы түркі халықтары әуел бастан-ақ, ынтымаққа, бірлікке, достыққа құштар халық екенін танытқан. *«Ұранымыз көк бөрі болсын!»* сөз тіркесі арқылы көк бөрідей қайратты, қайсар, батыл болуға шақыратындығы, оны ұран дәрежесіне дейін көтерілуімен байланысты түсіндіруге болады. Көк бөрі көне дәуірден бері көптеген түркі тектес халықтар аса қадір тұтатын киелі де қасиетті аң болып саналады.

Көк бөрінің бейнесі қазақ туларына салынып келген. Бұл көк түркілердің *«бөрілі байрақ»* туының тікелей жалғасы іспетті. Мұны Сүйінбай ақынның мына өлең жолдарынан көруімізге болады:

«Бөрі басы ұраным,  
Бөрілі менің байрағым.  
Бөрілі байрақ көтерсе,  
Қозып кетер қайдағым».

Оғыз қағанды жеңістен жеңіске бастайтын көк бурыл, көк жал бөрі. Оғыз қаған өзіне бағынбаған елдерге қарсы жорыққа аттанар алдында қарамағындағы бектері мен ел-жұртына: «Мен сендерге болдым қаған, Алыңдар жақ пен қалқан, Таңба бізге болсын береке. *«Көк бөрі болсын ұран»* [1,10 -б.], – деп жұртқа жарлық таратады. Осындағы *«Көк бөрі болсын ұран»* деген тіркесте үлкен дүниетанымдық мән бары байқалады. Өйткені мұндағы ұран дәрежесіне дейін көтерілген сол *көк бөрі* тым әрідегі көне дәуірлерден бері қарай көптеген түркі тілдес халықтарда аса қадір тұтылып табынатын киелі де қасиетті аң саналып келген. Ал, енді «Ер Тарғын» жырындағы Тарғын батыр да осы дәстүрге орай жауға тигенде *«Ай бетінен кіріп, Күн бетінен шығатын көк бөрі»* болып кейіптелсе, Қамбар батырдың ерлігі *«жалақтаған аш бөрі»* сипатында беріледі. Осы ерекшелік қырғыз жырларына да тән. Тіпті, қырғыздың әйгілі «Манасындағы» Манас батыр *«қара шағыр қабыланы мен көсеу құйрық көк арыстаннан тыс, арқасында қара көк жалы бар, жолына нұр төгілген»* бала:

*Арқасында баланың,  
Қара көк жалы көрінді.  
Қара шағыр қабыланы,  
Қапталында шабынды.*

Көсеу құйрық көк арыстан

Оң жағында қабынды.

Нұр төгіліп жолына

Бәрі ойлаған баланың

Манас деп аты табылды [2,19- б.], - деп суреттелген.

Сондықтан, «*Бөрі*» бейнесі түркі дүниесін кеңінен танытады. Ата-бабаларымыздың танымында көк бөрі – көк Тәңірінің нұры, жеңімпаздықтың символы, ерліктің тұлғасы ретінде көрінеді.

*Қасқыр, көк бөріге* байланысты мақал-мәтелдер де, діни наным-сенімдер де, ырымдар да түркі халықтарының арасында кездеседі. «*Қойдың иесі болса, бөрінің тәңірі бар*» немесе «*Иттің иесі болса, бөрінің тәңірі бар*» деген мақал қырғыз халқында: «*Малдың иесі болса, бөрінің тәңірі бар*», ал орыс халқында «*У собаки есть хозяин, а у волка есть бог*» деген түрде беріледі. Бөрі – Тәңірдің иті, сондықтан да ел арасында қоралы қойға қасқыр шапса, «*Көк бөрінің аузы тиді, көк тәңірі қолдайды, мал өсіп, жаман болады*» деп жорыған. Қазақ халқы «*Елді жерде ұры бар, таулы жерде бөрі бар*», «*Бөрі қыр асқанша*», «*Далада бөрі ұлыса, үйдегі иттің іші ашиды*» деп бөріні даламен, тау-таспен байланыстырады. Ал, араб мақалында «*Ит үрсе қалма, елге апарар, бөрі ұлыса барма, шөлге апарар*» деп келеді. Бөрінің ұлығанын жаман ырым санап, бармау керектігін айтады. Монғолия қазақтары қасқырды көп атып, күшігін алуды жаман ырымға санап, олай етуге шек қояды. «*Қасқыр қайтсе бір соқпай кетпейді*» – деп қорқады [3,68-б.]. «*Қасқырдың жесе де аузы қан, Жемесе де аузы қан*» (атыңды арсыздықтан алыс ұста, оны бір былғап алсаң тазарту қиын деген мағынада) өзбекше «*Бурининг еса хам оғзи қон, Емаса хам оғзи қон*» деген мақал екі тілде де ұқсас бейнелі-аялық негіздері көрсетіледі.

Қасқыр тотемінің екі аты болған, біріншісі – көк бөрі, тарихи дәстүр бойынша құрметтеу, яғни тотемдік тұрғыдан қарау, екіншісі – малдың жауы, жыртқыш аң ретінде көру. Қасқырды ерте дәуірден бастап тотем тұтқандар қазақтардың ата-бабалары ғұндар. Ғұн шеберлері көркемдеген тағы бір ерекше бейне алтыннан жасалған мүсін, бабасына арналған, бөрінің алтын басы, екеуі де табынатын сурет. Бабасын еске түсіргенде ғұн көкке қарап, осы алтын мүсінге бас иіп отырған. Түркілердің бір тайпасының аты – Ашина-Ачино, «*асыл текті қасқыр*» деген сөзден шыққан [4,23-б.]. Әуелгі шығу мәні «*асыл текті қасқыр*» деген сөзден алынса керек. Ашина жөнінде мынадай бір аңызда: Ашина ұрпағы о баста жаугершілік дәуірінде жұртта қалған баланы қасқыр асырап алып (көне монғол тілінде шина – қасқыр), содан тараған ұрпақ түркілер болып



саналады екен. Ата-бабасын қасқырдан тарататын тек түркілер ғана емес, римдіктер де өздерін «қасқырдың ұрпағымыз» деп есептейді. Түркі қағанаты кезінде түріктердің арғы аталары көк бөрі болған деген сенім осыдан туындаса керек.

Қасқырды тек қазақтарда ғана емес қырғыздарда, өзбектерде, түрікмендерде, татарларда да қасқырды киелі санап, атын тура атамаған, мәселен, қазақтар оны «ұзын құлак», «тік құлак», «ұлыма», «көкжал», «ит-құс» десе, өзбектер «иткуш» (ит-құс) деген ауыспалы мағынаны қолданса, түрікмендерде «ады жітен» (аты жоқ), месдан ит (дала иті) деген эвфемизмді қолданған. Қазақтар тіпті осы күнге дейін қасқырдың атын атамайды. Малшылар «қасқыр» десек тістері қышып, малға шабады деп ырымдаған. Ауыл адамдары жүздескенде «Малың ит-құстан аман ба?» – деп сұрайтын әдет бар. Бұл – сол ертедегі тотемистік ұғымның ізі. Халық ұғымында жолаушы бара жатқан адамның алдынан қасқыр қашса, онда жолым болады деп ойлаған. Сондықтан болар, қазақтар өжет жігіттерді көкжал қасқырға ұқсатып, бөрідей батыл болу үшін бойына рух беріп намыстарын қоздыру арқылы батырлыққа, ерлікке баулыған.

Түркі-алтай текті халықтар да қасқырды киелі санап, атын тура атамаған, мәселен, сойоттар оны «ұзын құйрықты», «ұлыма», «көк көз» десе, качин татарлары «ұзын құйрық», ал якуттар «құйрықты» деп атаған. Ал, Алтай түріктері «пору» деген тура атауды қолданбай, «ага» деген ұғымды, ал чуваштар «қашқыр» дегеннің орнына «ұзын құйрық», «тоқпақ құйрық» немесе «тәңір иті» деген эвфемистік атауларды қолданған [5, 101-б.].

Көк бөрі бейнесінде тотемдік, фетиштік, анимализмнің нышандары байқалады. Қасқырдың тарамысы, асығы, еті туралы наным-сенім, ырым болған. Мәселен, ертеде ауыл адамдары ұрлық жасаған кісіні табу үшін, «қасқырдың тарамысын өртегелі жатырмын» деп айтатын болған. Тарамыс өртеп ұрының аяғын тарттырып, құрыстырып, тастайды деген нанымнан туындаған. «Аяғым тартылып қалады» немесе «Тарамыс, сіңірім тартылып қалады» – деп қорыққан ұры ұрланған дүниесін әкеліп беретін болған.

Қасқырдың асығын бой тұмар ретінде тағып жүрген ырым да болған. Қасқыр іш майы мен етін өкпе ауруын емдеуге қолданған. Қазақ аналары қасқыр етіне жерік болса, одан туған бала өжет, батыр болады деген сенім бар. Мәселен: XVI ғасырдың белгілі батырлары Орақ пен Мамайдың анасы Қараүлек әже былайша толғайды:

«... Мамайжан бойға біткенде,  
Арыстан, бөрі етін жеп,  
Қанып еді жерігім» (23 жоқтау, Москва, 1926).

Қасқырдың айбатты, ержүрек, қайсарлығын суреттейтін қасиетін тіліміздегі фразеологизмдер, көркемдегіш құралдар ретінде қолданылатын тұрақты теңеулер нақтылай түседі: «қасқыр жүректі», «қасқырдай өжет», «қасқырдай жауыз», «көкжал бөрідей», т.б. Олар – беті ештеңеден қайтпайтын, батыл қайсар, жүрек жұтқан дегенді білдіреді. Қазақтар өжет жігіттерді көкжал қасқырға ұқсатып, сөйтіп бөрідей батыл болу үшін бойына рух беріп намыстарын қоздыру арқылы батырлыққа, ерлікке баулыған. Бөрі өшіккен жауына ешқашан есесін жібермеген. Осыдан келіп халық арасында «*Бөрікті тастап, бөріден құтылып болмас*», «*Бөрі түсін өзгерткенмен тісін өзгертпейді*» деп келетін даналық сөздер туған, бұл мәтел бөріні мінездеу десек те, бөрідей текті намысшыл болуға тәрбиелейді.

«*Қасқырдың артқы сирағындай жек көрді*» – иттің етіндей жек көрді немесе қатты жек көрді деген және «*қасқырмысың сен*», «*қасқырша анталамай ары жүр*», «*қасқырдай қуу*», «*қасқырдай көзі анталады*», «*қойға шапқан бөрідей*» деген ұнатпаған адамға айтылатын фразеологизмдер де бар.

Демек, қасқыр, бөрі көне дәуірден бері көптеген түркі тектес халықтарда аса қадір тұтатын киелі де қасиетті аң болып саналады. Ата-бабаларымыздың танымында көк бөрі – көк Тәңірінің нұры, жеңімпаздықтың символы, батырлықтың, ерліктің тұлғасы ретінде көрінеді. Қасқырдың бойында айбатты, өжет, ержүректік сияқты қасиеттер бар.

Келесі жыртқыш аңдардың бірі – *Аю тотемі*. Аюдың «аба» деген тыйымдық есімі болған. Ежелгі аңшылар Аюды барлық аңдардың иесі, аңшылардың қамқоршысы, адамзаттың түп-анасы, тәңір ие деп қабылдаған. Зерттеушілердің пікіріне сүйенсек: «Палеолит кезеңінде аю тотемдік от-ана культіне ауысады» [6, 201-202- бб.]. Сондықтан аңшылар аюдың етін жеуге қорқатын болған. «Бурят халқы аюды тотем деп санамаса да аюды өлтіріп терісін алғанда, екі көзін ағызбай «жұлдыз» деп сол қалпында қалдырып, бір кесек етін отқа тастап, «Мы тебя не убили, убили хамниганы и урянхайцы: черный ворон накликал. При этом кричат по-вороньи» – деу арқылы бірнеше нанымның басын біріктірген» – дейді М.Н.Хангалов [7, 53-55-бб.]. Бұдан буряттардың аюдың иесінен қорқып, одан келер пәлені қарсылас тайпаларға ауыстырғысы келетінін байқасақ, қазақтардың да мал сойғанда «*Сенде жазық*

*жоқ, бізде азық жоқ»* дейтін дәстүрі иесінен кешірім сұрағандығын білдіреді.

*Аюға* табынушылық алтайлықтар, тувалықтар, сахалар, хакастар, буряттар, дарқыттар, сатындар арасында көптеп кездеседі. Түркі тілдес халықтар «аю» деген атты тура атамай, эвфемистік атауды қолданады. Мәселен, якуттар «эһэ» (ата), «тыатаагы» (тайгалық) немесе «кырдыагас» (қария) десе, алтайлықтар «абаай» (қайнаға), «карындаш» (бауыр), «таай» (нағашы) десе, телеуттер «ерь кулакты» (жер құлақты), хакастар «чир хулахтыг» (жер құлақты), тувалықтар «кайирахан» (жартастардың патшасы) дейді [5, 100- б.].

*«Аюдан жын-жайтан қорқады»* деген наным халық арасында көп. Аюға байланысты көшпенділердің дәстүр салты ұқсас. Аю халық ұғымында киелі саналып, аюдың жүнін, тырнағын, тісін жас нәресте жатқан бесікке, киетін киміне тағып, көз тиюден, пәле-жаладан, жын-шайтаннан сақтандырудың белгісі деп ойлаған. Әйелдердің толғағын жеңілдетуге, буряд, дарқыт, сатындар, жүкті әйелдің белбеуіне аюдың тұяғын ілсе, якут, хакас, сақа, шорлар баланың бесігіне немесе төсегіне ілетін дәстүр бар. Мұндай тұяқ ілу дәстүрі қазақтар да бар, толғағы ащы әйелдер босанғанда аю терісін іліп қоятын болған. Қазақтар аюдың терісін қастерлеп, оны үйге іліп қоюмен бірге қарт сыйлы адамдар үшін төсеніш ретінде пайдаланады. Аюдың етін саха, дарқыт, сатын, тува, алтайлықтар сүйіп жейді екен.

Халық арасында айбынды дауысты *«Аюдай ақырып»* – деп жатады. *«Аюға ұқсаған арбаңдаған, аңқау адам»* – аңғал, аңқау деген мағынада; *«аюдың өтіндей»* – қасиетті мирас зат ұғымында айтылады. Қазақ халқында Аюға арналған *«Жорға аю» күйі, «Аю бии»* бар.

Аң аттарымен байланысты қойылған есімдердің негізгі қызметі эзотериялық (жасыру) болып көрінеді. Балаларға ат берілгенде, олардың мағыналық сипатында батырлық, ерлік, қайсарлық, өжеттік ұғымдар айқындалады. Қасқырға, аюға байланысты кісі есімдері де кездеседі: Қасқырбай, Бөрібай, Аюбай, Аюхан, Аюханов, т.б.

Жоғарыда келтірілген фразеологизмдер мен теңеулер «Көк бөрі» көне дәуірден бері көптеген түркі тектес халықтар аса қадір тұтатын киелі де қасиетті аң болып саналатыны, Сүйінбай ақын жырына бөрі бейнеленген байрақтың не себептен кестеленгенін анық ұғындырады.

#### Пайдаланылган әдебиеттер

- 1 Щербак А.М. Огуз-наме. Мухаббат-наме. – М., 1959. – 247 с.
- 2 Манас: Қырғыз халқының батырлық дастаны. – Алматы, 1961. – 49 б.
- 3 Б. Кәмалашұлы. Моңғолия қазақтарының аңшылық дәстүрі. канд. дисс.. – А., 1993. – 68 б.
- 4 Гумилев Л. Көне түріктер. – Алматы: Білім, 1994. – 480 б.
- 5 Ахметов Ә.Қ. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. – Алматы: Ғылым, 1995. – 176 б.
- 6 Природа и развитие первобытного общества. – М., 1969. – С.201-202.
- 7 Хангалов М.Н. Соб. соч. Т.1. –Улан-Удэ, 1958. – С.53-55.

#### Резюме

В статье рассматриваются фразеологизмы, относящиеся к тотемизмам с точки зрения теории «Языковая картина мира». Речь идет о культе Волка, культе Медведя. Исследование «Языковой картины мира» и «Концептуальной картины мира» в триединстве «Язык-мышление-мир» является одной из актуальных проблем современного языкознания. С этой точки зрения мы будем рассматривать тотемные животные тюркоязычных народов, в том числе мировоззренческий характер фразеологизмов, связанных с тотемом «Кок бори» (волка) и «Аю» (медведя).

#### Resume

This article deals with phraseological units connected with totem from the point of view of «Linguistic Map of the World» theory. The author considers Wolf cult, Bear cult. The study "Language world" and "Conceptual picture of the world" in the trinity "Language-thought-world" is one of the urgent problems of modern linguistics. Language world is a specific method for the language of reflection and representation of reality in language forms and structures in its relation with the person who is the central figure of the language. From this point of view, we will consider the totem animal of Turkic peoples, including the ideological character of phraseology associated with the totem 'Kok bori' (Wolf) and 'Ayu' (Bear).

## «ЕР САЙЫН» ЖЫРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ НҰСҚАЛАРЫ

**Ж.Қ. АХМЕТОВА**

филология ғылымдарының кандидаты, доцент,  
Еуразия гуманитарлық институты

### **Аннотация**

Мақалада «Ер Сайын» жырының нұсқалары қарастырылған. Нұсқаларды жырлаушылар, жинаушылар, өңдеушілер, жариялаушылар туралы деректер келтіріледі. Нұсқалардағы ерекшеліктер мысалдар арқылы талданып, тұжырымдар жасалады.

*Түйін сөздер:* халық ауыз әдебиеті, жанр, нұсқа, эпос, жыр, жырау, көркемдік ерекшеліктер, шеберлік.

«Ер Сайын» қаһармандық жыры халық арасына кең тараған. Оны Марабай жырау, Қазақбай жырау, Айса Байбатынов, Көшелек Еламанов сияқты атақты эпос орындаушылары айтқан.

В.Радлов жариялаған «Сайын батыр» жырын Н.И. Ильминский Марабай жыраудан жазып алған [1, 20 б]. В. Радлов вариантына өте жақын – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының нұсқасы.

Жырдың бір вариантын Орыс географиялық қоғамының мүшесі Р. Игнатъев «Бозмұнай» деген атпен жазып алған. Бұл нұсқа М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сақтаулы. «Ер Сайын» жырының қазақтар арасында айтылған варианттарының бір-бірінен айырмашылықтары аз.

А. Байтұрсынов жариялаған нұсқаның да өзіндік ерекшеліктері бар. «Ер Сайынды» 1923 жылы жеке кітап етіп шығарғанда, кітап мұқабасына «жыршылар аузынан алып, өңдеп өткеруші – Байтұрсынұлы Ахмет» деп ескертпе жазған [2, 158 б]. Ол Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының нұсқасын негізге алған. Өйткені М.Ж.Көпейұлы нұсқасында бар, В. Радлов нұсқасында жоқ жолдардың кездесуі бұл ойымызды аңғартады. Сондай-ақ мұнда Р. Игнатъев нұсқасына тән өзгешеліктер кездеседі. А. Байтұрсынұлы Қарқаралы, Орынборда болғаны белгілі. Кейін басқа нұсқалармен танысып, толықтырулар енгізуі мүмкін.

«Ер Сайын» жырында классикалық қаһармандық жырға да, архаикалық эпосқа да тән сипаттар кездеседі. Батырға тән ғажайып тууы, балалық шақ, кейіпкердің үйленуі, батырға тән ерліктер

суреттеледі. «Эпикалық жырлардағы халықтық сананың көрінісін елестететін кейіпкерлер басында реалистік белгілер көп болады. Мұндай тұстарда ақын, жыршылар эпостың шырқау биігінен «төменге түсіп», өмірдің ақиқат байланыстарынан хабар береді. Бұл эпос бітімінің алуан айшықты, көп қырлы екендігін байқататын мысалдардың бірі. Қаһармандарға орасан ерліктер жасататын және олардықашан да жеңдіріп шығаратын ақын-жыршылыр ірі әсірелеулер арасында өмірдің қарапайым шындықтарын кірістіріп, кейіпкерлердің де басы жұмыр пенде екенін ұмыттырмайды» - [3,111-112 б] дейді Р. Бердібай.

«Ер Сайын» жырының дәстүрлі бір көрінісі оның жалғыз жауға аттануы. Бұл- қаһармандық жырдың батыр бейнесін сомдау тәсілімен байланысты құбылыс. Аюбике бейнесі де қаһармандық жырларда кездесетін образ. Оның бойынан да батырдың жарына лайық қасиеттер табылады. Сонымен қатар ол өлген жанды тірілте алатын ерекше қасиет иесі. Қаһармандық эпостарда кездесетін жүйрік ат бейнесі «Ер Сайында» көп сипатталмайды. Жырда батырдың ат таңдауы, оны баптауы сияқты дәстүрлі желі жоқ, тіпті батырдың атының қайсы екенін де анық айтылмайды. Батыр қара атқа да, ақбоз атқа да мінеді. Соның ішінде ерекше суреттелетіні, адамша сөйлейтіні – ақбоз ат. Батырдың қару-жарағымен, тұлпарымен серттесуі көптеген қаһармандық жырларда ұшырасады. Ал «Ер Сайын» жырында өлім аузында жатқан батырдың еліне, ата-анасына, ағайын-туысына сәлем жолдауы да қазақ эпосынан елеулі орын алған дәстүрлі сарынның бір түрі. Бұл «Қыз Жібек» жырындағы Төлегеннің алты қаздан сәлем жолдауына ұқсайды.

Жырдың көркемдік қуаты күшті, мол екендігі көзге түседі. Мысалы, В.Радлов нұсқасында: «қамалды бұзып жылқы алған, күймені бұзып қыз алған», «Көбік жатып бұрқанды, мұздай темір құрсанды », «табан терісі түріліп, жөнелді Сетік жүгіріп», «жаралы кудай аңыратып, жарылған мұздай күңгертіп», «тал шыбықтай бұралып», «бәйшешектей түрленіп», «құлан жортпас жер қалды, адам жүрмес шөл қалды», «омыртақада он жара, қабырғада қырық жара, қан жанбаста бір жара», «күлдір – күлдір кісінетіп, күреңді мінер күн қайда?», «қара арғымақ қатырып», «түнде жатып түс көрді, түсінде талай іс көрді», «қарағай найза өңгерген, өзінің жұртын меңгерген», «таласып емшек еміске, тай – құнандай тебіскен», «ай мен күнге таласқан», «ер – тоқымын арқалап, боз атқа келді аллалап», «ет жүректің басы деп, өлер жерің осы деп» деген сияқты жыр жолдары қаза қаһармандық жырларының түгелге жуығында көптеп кездеседі.

Тілдік құралдардың қолданылу аясы жағынан жырдың көркемдік қуатының молдығы бірден байқалады. Әсіресе, жыр мәтінінің теңеу мен эпитетке байлығы көрініп тұрады. Ал метафора, салыстырмалы түрде, көп кездесе қоймайды. Эпитеттің ішінде түр – түске байланыстылар көп. Бұларды ең көне эпитеттердің қатарына жатқызуға болады. Әсіресе, *қара* және *ақ* эпитеттерінің көнелік қасиеті мол. Сондықтан бұл эпитеттердің семантикалық ауқымы да кең. Осы екі категорияның ішінде *ақ* эпитеті көбірек қолданылды. Бұл түс жырда бет, алмас, неке, орда, төбе сүңгі, кіреуке, сақал, дәрі сөздерін анықтауға жұмсалынған. Осылардың ішінде орда, төбе сөздерін анықтауда аталмыш категорияның мағыналық бейтараптығы байқалса, неке сөзінде ол түсті білдіретін мәнінен *адал*, *пәк* мағынасына ауысқан. Бұл эпитетпен, көбінесе қатар, кейде синонимдік мәнде жұмсалатын *боз* эпитеті жырда ат, кемпір атауларына қатысты жұмсалған. Ал *қара* эпитеті бас, құл, тон, кесте, арғымақ, қабан, төбе сөздеріне қатысты қолданылды. Мұнда да төбе сөзіне қатысты бұл эпитет мағыналық бейтараптығымен көрінсе, бас сөзімен қосарланғанда, *жеке*, *жалғыз* деген мәнді білдірген. Ақ(боз) пен қара эпитеттерінің қолданылу аясының кеңдігі олардың жырдағы күрделі эпитеттер құрамында кездесуінен де аңғарылады. Мұндай күрделі эпитеттердің ішінде *ала* сөзі көбірек жұмсалынған. Түсті білдіретін категориялардан *қызыл* сөзі шапан, бет атаулармен, ал көк сөзі ат атауымен қосарланып жұмсалған.

«Ер Сайын» жырындағы *алтын* тақ, *күміс* бесік, *шүберек* киім, *қарағай* найза, ал зат пен құбылыстың санын, көлемін, сапасын білдіретін *жалғыз* қыз, *сансыз* дұшпан, *жарлы* халық, *кірлі* киім, *дүниеқор* бай, *жортақы* ат, *тентек* ұл, *сұм* кемпір, *тұл* үй, *қанды* ет, *жаман* дауыс сияқты эпитеттер кездеседі.

Жырда теңеулердің көп кездесуі заңды құбылыс. Себебі теңеулер – халық ауыз әдебиеті шығармаларында ең көп жұмсалатын көріктеу құралдарының бірі. Жырдағы теңеулердің дені - дай, -дей, -тай, -тей, - дайын, - дейін жұрнақтары арқылы жасалған. Мысалы, *қырғауылдай* керілген, *бөлінген қойдай* қырып жүр, *тоты құстай* таратып, *қабандайын* қақ жарып, *қара қабан* сықылды, *тұрымтайдай* түйіліп т.б. Өсімдіктер атауынан алынған теңеулер де көп кездеседі. Мысалы, *тал шыбықтай* бұралып, *алмадай* болған қызыл бет, *шыбықтай* бойы ұзын деп келетін теңеулер. Табиғат құбылыстарын бейнелейтін *жаңбырдай* жауады, *жұлдыздай* ағып жылт етті, *бұлттай* ұшты жамшылап, *дария судай* тасиды сияқты теңеулер ұшырасады.

Фольклорлық жанрларға тән дәстүрлілікжырдың бірнеше ғасыр бойы көркемдік електен өтіп, баға жетпес мұраға айналғанын көрсетеді. Ал жырдың дара бітімі халық жадында ұзақ сақталуы, ауыз әдебиеті үлгілерінің өміршеңдігін көрсетеді.

Қазақ халық ауыз әдебиетіндегі «Ер Сайын» жыры монғол (дүрбіт), алтай, татарлардағы Сайын туралы ертегі, аңыздармен байланысты екендігі белгілі. Қарақалпақтардың «Қобылан» жырынан «Ер Сайынның» сюжеттік желісі көрінеді.

XIX ғасырдағы әр түрлі баспасөздердің негізгі мақсаттары: білімнің әлі де болса аз зерттелген саласы - фольклортану ғылымына материалдар жинап беру; әрі қазақтың төл мәдениетін сақтап қалуды және оның орыс мәдениетімен байланысын нығайтуды көздеді.

Бұл туралы Ш.Ш. Уәлиханов, В.В. Радлов, Г.Н. Потанин сан рет жазған. И.Н. Березиннің «Түрік хрестоматиясы» (Спб. 1857-1876), Ы. Алтынсариннің «Қырғыз хрестоматиясы» (Оренбург, 1879), А.В. Васильевтің «Қырғыз халық поэзиясының үлгілері» (Оренбург, 1896) сияқты еңбектер жазылған.

Е.А. Алекторовтың, Ә. Диваевтың, қазақтың халықтық поэзиясын жинаған және зерттеген басқа да көптеген түркітанушылардың мақалаларында бұл мақсат айқын аңғарылған. Солардың бірлескен күш-жігерінің нәтижесінде орасан көп әдеби мұралар жарияланды, бір жүйеге келтіріліп, оларға түсінік берілді. Н.Н. Ильминский, В.В. Радлов, И.Н. Березин, П.М. Мелиоранский, А.В. Васильев, Н.Н. Пантусов, Ә. Диваев т.б. сол уақыттың өзінде-ақ тілмаштардың аудармаларына қанағаттанбай, халық поэзиясының үлгілерін қазақ тілінде жазып алып, қазақ тілінде жариялаған.

XIX ғасырдағы халық поэзиясының материалдары мен мақалалары Орыс археологиялық қоғамының Шығыс бөлімі, Қазан университеті жанындағы Археология, тарих және этнография қоғамы, Москва университетінің жанындағы жаратылыспен, антропологиямен және этнографиямен әуестенушілер қоғамы мен Ғылым академиясының карауындағы сериялық баспалар мен журналдарының: «Археология, тарих және этнография... қоғамының хабары», «Жаратылыс, антропология және этнографиямен әуестенушілер қоғамының хабаршысы», «Орыстың археологиялық қоғамы Шығыс бөлімінің жазбашалары», «Этнографиялық шолу» т.б. көптеген беттерінде жиі-жиі басылып тұратын болған.

М. Әуезов өзінің «Әдебиет тарихы» (Қызылорда, 1927) атты монографиясында «Ер Сайын» жырын «батырлар әңгімесі»



ұғымында алып, негізгі қаһарманы – Ер Сайынның өзіндік ерекшеліктеріне: пірдің батасы, тілеуімен туып, пірдің қорғауымен тіршілік ететініне т.б. баса назар аудартады. Одан әрі жырдың қысқаша қара сөзбен баяндалған мазмұны беріледі. Жалпы мұнда қысқа да болсын (2 бет көлемінде) жырдың негізгі сюжеттері толық баяндалған. Ғалым кітабының «Ер Сайын әңгімесінің мәнісі» атты бөлімінде бас қаһарманның жеке өз басына, жырдың шамамен шығу тарихына, жырдың мезгілдік-мекендік ерекшеліктеріне т.б. тоқталады.

Сонымен қатар М. Әуезов Сайын бейнесіне ерекше назар аударғаны: баласыздық зарынан бастап батырдың ерекше тууы, пірлердің араласуы, жебеуі, түске кіріп аян беруі, тіпті дүниеге әлі келе қоймаған қаһарман есімдерін де түс арқылы нақты белгілеп атауы т.б. Сайынның қиындық көру себептері де біршама сөз болған: бірі-қолдаушы ата пірін ұмытқандығы себепті деп талданса; екіншісі- көнеден келе жатқан салт- дәстүрді орындамауы, яғни жауырыншының айтқан ақылына тоқтамауы; үшіншісі - ел батыры Қобыланды сияқты ағасына қарсы шығуы деп қарастырылады. Мұнда Сайын батырдың бас кемшілігі- батырлығы, ерлігінде т.б. емес, керісінше, өзінің мінез, бітім болмысында екендігін ғалым М. Әуезов былай түсіндіреді: *«...Батыр құр ғана қол батыры емес, ақылға шалымды, мінезге тартымды, тоқтаулы болсын дейді. Ақылға шолақ, мінезсіз болса, оның өрісі ұзақ болмайды. Сайынның әңгімесінде ел қиялы сондай шолақ батырды жазалағандай болады. Батырға қоятын үлкен шарттар бар екенін білдіреді»* [4, 88-89 б.]. Демек халықтың солай болса деген арманы жыр негізінде жатқанына баса назар аударылады.

«Ер Сайын» жыры қазақ халқының бірнеше ғасырлар бойы жырланып келе жатқан сүйікті эпикалық туындыларының қатарынан орын алады. Жырдағы бейнеленген оқиғалар мен кейіпкер есімдері оның Алтын Орда заманында пайда болғанын меңзейді. Жырдың таралу аймағы да осыны қуаттайды. Қазіргі кезде Сайын есімімен байланысты айтылатын аңыздаулардың түркі – моңғол халықтарының біразында болуы бұл шығармалардың бір кезде осы аймақтарда кең таралғанын көрсетеді. Бірақ аталмыш аңыздаулар Алтын Орда заманындағы мемлекеттік және қоғамдық құрылымның бергі замандарда әлсіреуіне байланысты кейінгі кезде ұмыт бола бастаған. Жырдың түркі халықтарының ішінде Шыңғыс тұқымынан, яғни төрелерден хан сайлау дәстүрін берік сақтаған қазақтар арасында ғана толық сақталуы жайдан жай емес. Қазақтар арасында да жыр Орынбор атырабында жырлағаны байқалады.

«Ер Сайын» жыры өзінің көркемдігімен ғана емес, тарихи сипатымен, эпикалық дәстүрге тән сипатымен аса құнды мұра.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Радлов В.С. Алтын сандық.– Алматы, 1993. - 256 б.
- 2 Байтұрсынов А. Ақ жол. Шығармалары. – Алматы, 1991. - 264 б.
- 3 Бердібай Р. Эпос- ел қазынасы. – Алматы, Рауан, 1995. - 167 б.
- 4 Әуезов М. Әдебиет тарихы.– Алматы, 1993. - 197 б.

Резюме

Статья посвящена анализу жанровых и художественных особенностей и генезису казахского исторического эпоса «Ер Саин». В работе описываются развитие исторической основы и поэтического своеобразия, а также рассматриваются пути становления художественных форм и сюжетов эпоса. Определяются художественно-ценностное значение эпоса «Ер Саин» и мастерство жырау в поэтических воспеваниях художественной реальности.

Resume

The object of the research is genesis, historicism, genre peculiarity and artistic characteristics of the Kazakh heroic epos «Yer Sayn», textual analysis of the eposvariants. The aim of the research is to bring to light the process of conception, development and formation, relativity to historical truth, general and individual characteristics of the epos «Yer Sayn».

## ТРАГИЗМ МОДУСІ: АҚЫН БОЛМЫСЫ ЖӘНЕ ЭМОЦИЯ

**Қ.М. БАЙТАНАСОВА**

филология ғылымдарының кандидаты, профессоры  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

**А.Е. АЛИМБАЕВ**

педагогика ғылымдарының магистрі  
Еуразия гуманитарлық институтының  
аға оқытушысы

### **Аннотация**

Абақты өмірі – адам тұрмысының өзгеше түрі. Ол өзінің айрықша тәртібі орныққан, белгілі бір әлеуметтік топтың оқшауланған өмірі, қоғам мәдениетінің ішкі жүйесі, өзіндік дәстүрлік нормасы қалыптасқан орта. Түрме, айдау мен абақты көрінісі әдебиетте біршама суреттелді. Бұл тақырыптың саяси жағдаймен, қоғамдағы қуғын-сүргінмен байланысты белгілі бір дәрежеде жабық болғаны да белгілі. Мақалада түрмеде туған өлең-жырлар талданып, дәйектеледі.

*Түйін сөздер:* абақты, қапас, еркіндік, символ, мотив.

Қандай да елдің қоғамдық-саяси өмірінде ертеден адамды жазалау үрдісі болған. Кенестік кезеңде адамды жазаға кесу түрі дамып, түрлі режимдегі түрме орындары пайда болды. Мұнда басты назар қылмыскерді қайта тәрбиелеуге аударылды. Міне, осылайша жалпы қоғамнан оқшауланған орта пайда болды. Әлем халықтары әдебиетіне ортақ циклдің бірі – түрме шығармашылығы, түрмеде жазылған шығармалар легі. Әдебиеттану ғылымында бұл шығармалардың ерекшелігі – қапаста жазылғаны. Түрмеде оптимистік өлең тұмайды. Дегенмен Мағжанның абақтыда жазған өлеңдерінде қазақ поэзиясына бұл кезеңдерде мықтап орныққан адам тұлғасы толық сақталғанын айту керек. Ол рушылдық санадан көтеріліп, ұлттық сана өресіне жеткен, ойы өз ғасырының ой деңгейіне дейін өскен азамат, қоғам қайраткері. Мағжан поэзиясындағы лирикалық кейіпкер не авторлық тұлғасы «мені» міне, осы кейіпте көрінеді. Ақынның «Сағындым» өлеңінде қабырғасы қара тас үйге қамалған жанның ащы даусы ғана естілмейді. Өлеңнен «Маған атақ ұлтым үшін өлгенім» дейтін саяси

тұтқынның, саналы күрескердің жігерлі үні құлаққа шалынады. Ол ел-жұрты үшін құрбандыққа баратын жанқиярлық ерлік рухты танытады. «Мен өлсем де, алаш өлмес, көркейер» деп ілгеріге көз тастайды» [1, 190 б].

Түрменің қапас тірлігіне сағы сынбаған Ахмет те құлпы берік, күзеті күшті абақтыда тура келген ажалдан ғана сескенетінін мысқылдай отырып, өмірдің сыны тек өз басына ғана түспегенін, сондықтан жасып, жабығуды жөн көрмейтінін («Тайпалаған талай жорға, талай тұлпар, тағдырдың кез болып тұр кермесіне, солардан жаным, тәнім артық емес, орынсыз күйзелейін мен несіне?!») айтып, өзінің нық шешімге келгенін байқатады. Ақындардағы ара жігі үндесіп жататын ой өрімі Таңжарықта да жалғасады. Ақын алғашқы дастанында өткеніне барлау жасап, алаңсыз күндеріне ризалық білдіреді. Балалық шақтың әр сәтін санамалайды («Балалық қайда қалдың жастағы күн, жабысып жуа терген, тастағы күн, таңертең бір саптыаяқ айран жұтып, жүгірген кешке дейін аштағы күн»). Бұл – ақынның өткен өмірді, өтіп кеткен сәтті аңсауы. Соның көріністерін қимастықпен көз алдынан өткеруі. Осы алаңсыз дәуреннің үзіліп, көңіліне алаң, жүрегіне қайғы байлана бастаған кезді ақын да дәл танып, өткен күндерді айту арқылы көңілін жұбатады. («Қиялға дерт қозғалып түсіп отыр, өнген ел, өскен туып жерлер бүгін. Сендерді жадайласам тым болмаса, ортайып қалатындай шерлер бүгін»).

Таңжарық алаңсыз күндерімен қоштасып, Үрімжіге айдауға кетеді. Ақын «Қоштасу» дастанында ел-жерімен бақұлдасып, алдындағы бұлдыр тағдырдың сыйына көнгендей болады. Бұл тағдырдың талқысы түрме тарихында жалғасады («Жете алмай ұшығына көзім талды, айтылмай талай шала сөзім қалды. Бір күні өстіп жүріп тажал менің, келді де ат-жөні жоқ өзімді алды»). Ақынның «Абақты» дастанындағы «Түрме тарихы», «Түрмедегі хал» бөлімдері абақтының адам жаны шошитын тірлігін суреттейді. («Таңжарық Жолдыбаев мәшһүр атым, белгілі алты алашқа жазған хатым. Пенде боп дүниеге келгеннен соң, тірлікте не көрмейді адамзатың»). Таңжарық ақынның лирикалық өлендерінен көрініс берген абақты тақырыбы дастандарында жалғасын тапты. Бұл тұста ақын басына түскен ауыр азапты ғана емес, сол тұстағы түрмедегі еркінен айырылған жазықсыз жандардың азабын, түрмедегі күйін тұтас баяндайды. Ақынның «Абақты» дастанына апаратын желі «Өткен күндерім» мен «Қоштасу» дастандарынан басталып, тізбекті шығарманы құрайды. Ақынның жырлары туралы профессор С.Негимов: «Таңжарықтың түрмеде туған жырлары – асқақ шабыттың, рухтың, ерліктің, білім-біліктің миуа жемісі. Иа, ұстіне

тас құлатса да, қолына кісен салса да, қолқадан тепкілесе де, басына құрсау салса да, кеудеде көлдей толқып азап жатса да, *«тамырда ашулы қан орғыса да»* жезтаңдай Таңжарық жырдан дауыл тұрғызып, сұлулық пен ізгіліктің біртұтас әлемін жасайды» [2, 79 б.]. Түрменің азабы адамның сау көңіліне дерт жамайды, болашаққа деген сенімді үзеді. Сондықтан мұндағы кейіпкер өзге ойдың жетегінде болады. Қапасты өмірдің тірлігі көп сұрақтың жауабын табуға итермелейді. Өткен мен қазіргі шақтың арасы жақындап, адамға ішкі ойды ақтаруға, көңіл түкпірінде жасырынған сөзді айтып қалуға мүмкіндік береді. Алайда, бұл бір тұйықталған шеңбердің ішіндегі ойдың ұштығын табу мүмкін де болмай қалады. Өзіңнен шыққан ой қайыра өзіңе қайтып келіп, қайтадан ой азабын жаңғыртады. Бұл ақындар өздерінің басына түскен ауыртпалықты халықтың шеккен азабымен бірге қабылдайды. Олардың басындағы жеке қайғысы өздерінің субъектілік әлемінде тұйықталып қалмайды. Керісінше, оларды өз күй-жағдайларынан гөрі халқының, алашының жағдайы көбірек аландатады. Яғни, бұл оқшаулық кездейсоқтық-ситуациялық реңкке емес, көлемді, жалпылық сипатқа ұласты. Дербес адам басындағы қиындық емес тұтас ел тап келген сауал. Сондықтан да ақындар түрме қапасында туған өлеңдерінде де батыл ой, терең де астарлы мағына сақталған. Бұл өлең-жырлардағы символизмді күшейтті.

XX ғасырдың басындағы француз әдебиетінде символист-ақындар Поль Верлен, Артюр Рембо, Стефан Малларме символизмнің негізін құрады. Символизмнің алғашқы іргетасын олар Париж Коммунасынан кейін 1871-1873 жылдары қалады. Ал, символизм әдеби ағым ретінде кейінірек, тек символизм теоретигі Малларменің айналасына жас ақындар топтасқан кезде анықталды. 1886 жылы «Фигаро» газетінде «Символизм манифесі» («Манифест символизма») жарияланды. Символистердің позициясында декаденттік мотивтер, ашыну, адами күшке деген сенімсіздік, сағыныш, көңілсіздік сарындары орын алды. Француз ақыны Малларменің «Аққу» («Лебедь») деп аталатын белгілі өлеңінде ақынның жалғыздығы жырланады. Аққудың мойыны «ағарандаған өлімді» елестетсе, оның қанаттары «кеңістіктің үрейі» түрінде бейнеленіп, айналаның бәрі сұрқай тірлік, бұдан әрі қалай, қайда өмір сүруге болады деген сауалдар туындайды.

Сөйтіп, «XX ғасырдың басында орыс әдебиетінде реализмнің құлдырап, модернистік ағымдардың гүлденуі байқалды да, осы әдеби-көркем бағыттардың ішінде Мағжанға жақыны символизм мен оның өкілдері В. Брюсов, А. Блок, Д. Мережковский болды» [3,

142 б]. Осындағы мәселен, «Мережковский шығармашылығының ерекшелігі шіркеу әдебиетіндегі діни образдарды, көркем әдебиеттің кейіпкерлерімен біріктіру арқылы символдық романдар мен лирикалық өлеңдерінде мистикалық образды ойлауды, символистер поэзиясының бір тәсілі етіп қалыптастырып, орыс әдебиетінде жаңашыл атанды. Ал, Мағжанның Д.С. Мережковскийдің поэзиясына құрметпен қарауына тоқталсақ, ең алдымен діни көзқарастарындағы жақындық ықпал еткен тәрізді. Себебі, Мағжан шығармашылығының бастапқы кезеңінде ислам дініне деген құрметі айқын байқалады» [4, 50-51 б]. Символистер әлемнің құпиясына бойлап, көзге шалынбайтын дүниені көргісі келеді. Ал, мұны символистер тек символдар ғана бере алады деп ойлады. Бұл жөнінде В. Брюсов өткен ғасырдың басында жарық көрген толық шығармалар жинағында: «Нақты сыртқы мазмұнның шынайы көркемдік жасалуында әрқашан өзгеше, неғұрлым терең дүние жасырынады. Бір құбылысты айқындап беретін көркем бейненің орнына символистер іштей әлденеше мағынаны жасырған көркем символды қояды» деген [5, 256 б].

1905 жылғы Бальмонттың өлеңдерінде өткір күн сәулесі байқалады. Осыған қарамастан ақында мензеу, ишара көрініс береді («Я мечтаю ловил уходящие тени, уходящие тени погасавшего дня»). Мұнда арман, көлеңке кетіп бара жатыр, күн батып келеді. Одан әрі «жанып бітіп бара жатқан бұлтта тілсіз мұң бар». Осы өтіп бара жатқан көлеңкені аулау Бальмонтқа тән бейне. Ақын үшін адами тұрмыс – көлеңке. Қалып кеткен дүниеге аяушылықпен қарап, болашақты күтудің керегі жоқ («я в бегстве живу неустанном, в ненасытной тревоге живу»). Бұл тұста Мағжан:

Өтеді өмір

Жүрекке шер байланды,

Өтеді өмір

Жүрек көмірге айналды.

Өтеді өмір,

Бітеді жыр. Жүрек күл.

Жырсыз жырау,

Тиіп қырау солды гүл [6, 159 б], - дейді.

Ақын айтқан ойдың астары, ишарасы мол. Ақын басындағы ауыр жағдайды жаратылыстың өзгерісімен қабаттастырады. Өмірдің өтуі, гүлдің солуы, айдың сөнугі бітетін, аяқталатын құбылыс емес. Оның бәрі кезі келгенде жалғасатын, тірілетін, жарқырайтын дүниелер. Мағжан уақытша үкімет құрылып, Алашорда, Үш жүз партиялары кезіндегі айтыста «Алашқа» қатыстылығынан түрмеге

түседі. Осы өкінішті кезде ақын «Мені де, өлім, әлдиле» өлеңін тудырады. Мұндағы «Қажыдым енді, күш бітті, Көңілсіз, салқын, күн бұлтты. Жел бұйығып тербелед» деген жолдар ақын қайғысын көрсетеді. К.Бальмонттағы («Тек махаббат. Кемпірқосақ») («Только любовь. Семицветник») күн тақырыбы, оның қараңғылыққа үстемдігі ақын шығармашылығының өне бойында аңғарылып отырады. 1917 жылғы ақпан төңкерісін шаттана қарсы алған К. Бальмонт Ресейдегі жаңа сергелдең кезеңге тап болады. Оның «Мен төңкерісшілмін бе?» («Революционер я или нет?») (1918) публицистикалық кітабының басты пафосы диктатураны қабылдамауы болды. Шетелге іссапарға шығуға рұқсат алғаннан кейін 1920 жылы Ресейден біржола кетеді. Алайда, туған елден кету көп нәрсені жоғалту еді. Белсенді шығармашылық жұмыстарына қарамастан, ол ақын-сыншылар мен оқырмандар тарапынан назардың жеткіліксіз екенін сезді. Эмиграциядағы жас жазушылармен диалогі жараспады. Бальмонттың орыс Парижінің әдеби өмірінен өз орнын тапқысы келген ұмтылысын байқаған Г. Адамович жаңа ұрпақ оның поэзиясынан аға буынның естігенін естіп, көре алмайтындығын, оның қайғы-мұңын түйсініп, сезе алмайтындығын айтады. Жас ұрпақтың өкілі, журналист Андрей Седых Бальмонттың Парижде оқшау, ешқайда шықпай өмір кешкенін, бәрінен аулақ болып, жалғыздықты «сезімнің тазаруы, бақыт» (катарсис) деп санағанын еске алады. «Тұтқын» («Узник») деген өлеңінде:

В соседном доме

Такой же узник,

Как я, утративший

Родимый край [7, 253 б],- деп өзінің халін темір торда отырған тоты құспен салыстырады. Ал, Мағжан өзінің «Тұтқын» өлеңінде:

Жарық сәуле не Ай, не Күн көрсетпес,

Жақыныңның: «Ой, бауырымын!» естірмес.

Іс санауы, сөз аңдулы, ерік жоқ,

Өз қолымен ұнамды тон піштірмес, - деп өз еркі өзінде жоқ қапастағы тірлігін мұң етеді [6, 148 б].

Ақындардың түрмеде туған өлеңдерінде ең алдымен туған жерге деген аңсар байқалады. Бұл тіршіліктің оқшау сипаты ақындардың ойларына мұң мен торығу әкелетіні рас. Мағжан Жоғары әдебиет-көркемөнер институтында оқиды. Бұл кезеңде ақын орыс, Батыс Еуропа әдебиеттерімен танысады. Осы шақ ақын соңынан қаралау мен айыптаудың көбейген кезі болады. Ж.Аймауытовтың Мағжанның ақындығын терең талдап, танытқан

баяндамасы да ара түсе алмайды. Керісінше, зерттеушіні қоса кінәлап, Мәскеудегі жастар ақын өлеңдерінің терістігін талқылаған жиын шақырып, қаулы алып, оны Қазақстанға жібереді. Сонда күйіншіткі ақын «Сәлем хат» өлеңін жазып:

Зар үн қоймас жанға бойлап жүгірмей,

Сол іңірде ақырын сөнген өмірдей.

Арқамды аңсап қар қаладан шығармын,

Қоңыр жырмен сонау қоңыр іңірдей - деп, «өзіндей саяқ серіні елінің жатсың демей бауырына тартуын» сұрайды. Ақынның күнді аңсаған көңілі «қоңыр іңірдің күнгірттігін» жатырқап тұрғаны байқалады. Бұл кезеңде адам тағдыры екіге жарылып, абақты туған ел мен туыстан ажыратып жатқан шақта елмен қауышудың бір түрі сәлем хат болды, [6, 148 б.].

Осы қоштасуға аласапыран кездің жанды жеген беймәлім сәтінің ұласа суреттелуі Мағжанның «Сарғайдым» өлеңінде байқалады («Әлдеқайда Күн шығады, батады, сорлы тұтқын күңіреніп жатады»). Ай мен күннен жаңылған қапастың тұйық тірлігі ақынды өз кезегімен ататын таңнан да алыстатып жібереді. Сондықтан да ақын кейде «жаны азат болса да, денесі тұтқын» қалпына шыдамай, тез алатын ажалды аңсайды. Абақтыдағы адам санасын тұман еткен жайтты өлеңге қосқан Таңжарық ақын («Аталы, аға-інілі, балалылар, бір-бірін сезер емес бір жыл жүрсе») да ертеңгі күнге деген сенімнің азайғанын («күйзеліп, күңіренемін жатамын да, таңымның білмей атпас-атарын да») айтады. Қазақ сахарасының кеңдігі мен еркіндігін бейнелейтін «таң», «ай», «күн», «жарық», «бауыр», «ел» ұғымдарына қарама-қарсы алынған «қапас», «тұйық», «күңірену», «шер», «күңгірт», «іңір», «қараңғылық», «тұмылдырық», «зындан», «сарғаю» (Мағжан-Таңжарық) ұғымдары – екі түрлі тіршіліктің бейнесі. Екі ұғымның мәні мен қашықтығы қанша алшақ болса да, ақындар үмітсіз емес. («Арқамды аңсап қар қаладан шығармын»).

Ақын символистер поэзиядағы бейнелілікті, көркемдік амал-тәсілдердің түрлене жұмсалуды байытты. Орыс әдебиетінің отандық поэзиясында көрініс берген символизмнің белгілері енді акмеизм, романтизм элементтерімен қосарлана жұмсалды, бұл сипат эмигрант ақындардың өлең-жырларында тереңдей түсті. Себебі, эмигранттық орта ахуалының өзі ойдың астарлы, ишаралы берілуін кеңейтті. Ал, қазақ ақындары, оның ішінде Мағжан өз ортасынан көрген жаттық пен жалаға деген жан азабын беруде өзгеше сарын мен ұғымдарға барды. Енді ақын қалыпты сөз қолданысын шарттылық пен меңзеуге, жұмбаққа айналдырды. Сол арқылы ақын



дүниетанымындағы қайшыласқан ой, күрделі пайым көрініс берді. Сондықтан да лирикалық кейіпкердің эмоциясы өзгермелі болды. Оның ішінде отанын аңсау, оның кейпін бірде айқын, бірде бұлдыр елестетуі, сол арқылы көңіл-күй ауанының өзгермелілігі байқалды. Бұл күйді жат ортаның немесе жатқа айналған туған жерінің бөгде тірлігі қалыңдата түсті. Сондықтан Мағжан символизмі бұл әдістің жеке-дара сипатымен ғана көрінбейді. Ақын символизмнің астарлы, ишаралы қасиетін шарттылық, жұмбақ, шендестіру, алмастыру сияқты көркемдік элементтермен байыта түсті.

XX ғасыр әдебиетке әдеби үдерістің бағытын айқындайтын күрделі ағымдар, жанрлық-стилистикалық, тақырыптық-проблемалық жағынан өзіндік ерекшеліктері мол, шығармашылық ізденіс пен эстетикалық көзқарас тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын қаламгерлерді әкелді. Бұл әртүрлі бағыттағы шығармалардың тууына ықпал етті. Сәкен мен Бейімбет, Сәбиттер «Ту ұстап дұшпанға барайық, теңдіктің ұранын салайық» деп, «айтатын жыры мен сырын» тек еңбекші тапқа арнаса, Мағжан «Өлім, мені әлдиле» дейді. Осы кезеңдегі көсемсөз де әдебиеттегі осындай әр тарапты бағыттарды сынға алды. Бұл шығармашылық кезеңдері қазан төңкерісі мен азамат соғысына тұспа-тұс келгені суреткерлер үшін заңды да еді.

Сонымен, қазақ халқы өзінің сайын даланы мекендеген тарихында қаншама күрделі кезеңді бастан кешті. Соның ішінде зауал шақта ел-жұртынан босып, отарлық кепке тап болған кезеңі олардың халық болып құралуына бөгет жасап, саяси тәуелсіздігінен ғана емес, рухани азатшылығынан да айырылды: ежелгі қонысы дұшпанның тізгінінде қалды, туған жеріне жат болып, еріксіз аластауға түсті. Мұның бәрін көшпенді тірліктің табиғи көрінісіне жатқызғысы келсе де, жүрекке байланған зар мен мұң ақын-жыраулардың жырларына айналды. Мұндағы басты сарын ел-жұрттың тыныш өмірге зар болуы, қоныс, мекеннен босып, ауа көшуі, ағайын, туғаннан ажырауы болды. Туған өлкеден алыстаудың бір тарабы түрме мен абақтыға тірелді. Қапасқа түскен ақындар «абақты жырларында» өздерін де, өзгелерді де қайраттануға шақырды. Әрине, халық әрекетсіз болған жоқ. Көшпенділердің ежелгі қайсар мінезі өрлігін танытты. Өткір сөз бен басалқы кеңестен ажыраған жоқ. Қаһарлы ханға, қайраулы болаттай ерге сөз арнады. Елдің еңсесін тіктеп, намысын жанитын қайратты істер атқарды.

Осы кезеңде шетел әдебиетінде ел, жерін аңсаған, оның амандығын тілеген лирикалық өлеңдермен қатар, дастандар туды.

Оның себебі, басқа ел-жерге ауудың тарихи, әлеуметтік себептерін мол қамтып көрсетуде жыр, дастандардың мүмкіндігі мол еді. Ал, қоғамның бет-бағдарын аңғарып, анықтауда публицистикалық еңбектердің мәні үлкен. Бұл ретте қазақтың ұлттық басылымдарындағы мақалалардың маңызы айтарлықтай еді. Басылым беттерінде жарық көрген мақалаларда халықтың жай-күйінен бастап, рухани өміріне дейінгі мәселелер көрініс берді. Бұлар бір-бірінен ажырағысыз, өзекті мәселелер еді. Әдебиеттегі жанрлық-стильдік толысу мен көркемдік оған жаңаша сипат үстеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Елеукенов Ш.Р., Мағжан. Өмірі мен шығармагерлігі. Оқу құралы. – Астана: Астана-полиграфия, 2008. – 392 б.
- 2 Негимов С., Әдебиет әлемі. – Алматы: Ана тілі, 2008. – 256 б.
- 3 Бейбытова К., Традиции Абая в казахской поэзии начала XX века. – Алматы: Рауан, 1997.-208 с.
- 4 Қанарбаева Б., Мағжан символист: Зерттеу. – Алматы: Экономика, 2007. – 288 б.
- 5 Брюсов В., Далекіе и близкіе. Статьи и заметки о русских поэтах от Тютчева до наших дней. М., 1961.-235 с.
- 6 Жұмабаев М., Шығармалар. Үш томдық. 1-т. Алматы: Білім, 1995. – 256 б.
- 7 Бальмонт К., Стихотворения. (Вступ. статья и сост. Л.Озерова). – Москва: Художественная литература, 1990. – 397 с.

#### Резюме

Эмоциональный концепт – это сложное структурно-смысловое образование, имеющее вербализацию на лексическом и фразеологическом уровнях, которое включает в себя понятийный, образный и ценностный компоненты.

Эмоциональный концепт «страх» имеет особенно широкую частотность в языке. Страх имеет высокую социальную значимость и характеризуется способностью влиять на деятельность человека. Трагическое имеет различные формы. В статье рассмотрены проблемы трагического модуса, сделаны выводы.

#### Resume

Emotional concept is a complicated structural-essential formation having verbalization on the lexical and phraseological levels that includes the conceptual, figurative and valued components.

Emotional concept "fear" has especially wide frequency in a language. Fear has high social meaningfulness and is characterized by the ability to influence the activity of man. The tragic has different forms. The problems of tragic modus are considered in the article, and conclusions are made.

**СОЦИОКУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ И ЕГО ВЛИЯНИЕ  
НА КОНСТРУИРОВАНИЕ ТЕКСТОВ БИЗНЕС-  
КОРРЕСПОНДЕНЦИИ: НА ПРИМЕРЕ КАЗАХСКОГО,  
РУССКОГО И АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКОВ**

**А.А. АЙМОЛДИНА**

доктор PhD, старший преподаватель кафедры филологии,  
Казахстанский филиал МГУ имени М.В. Ломоносова

**Аннотация**

Статья посвящена исследованию влияния социокультурного контекста, составлению текстов деловой корреспонденции на казахском, русском и английском языках. Данные модели включают использование исторически устоявшихся традиций делового письма, использование маркетинговых стратегий, культурные особенности и специфику построения деловых и личных отношений. Учет социальных характеристик адресатов и адресантов бизнес-корреспонденции значительно сокращает возможность возникновения коммуникативного дискомфорта или прагматических неудач бизнес-специалистов в контексте различных культурно-языковых сообществ.

*Ключевые слова:* социокультурный контекст, бизнес-корреспонденция, казахский язык, русский язык, английский язык, национально-культурный фон.

Межкультурная деловая коммуникация и коммуникативное поведение ее участников заслуживают пристального научного внимания лингвистов, что во многом связано с глобализацией мировой экономики, усилением межнациональных связей, стиранием политических, экономических и культурных различий. Комплексный подход к изучению бизнес-корреспонденции на материале казахского, русского и английского языков с позиций социокогнитивных и коммуникативно-прагматических парадигм исследования позволяет выявить неисчерпаемый дискурсивный (социокультурный, социокогнитивный, коммуникативно-прагматический, структурно-языковой) потенциал анализа различных бизнес-текстов.

В данной статье рассматривается вопрос влияния общего социокультурного контекста на конструирование бизнес-текстов на

казахском, русском и английском языках, позволяющего в известной мере объяснить некоторые различия не только в специфике лингвистического оформления бизнес-корреспонденции, но и в социально-профессиональных и ситуативно-ролевых статусах адресата и адресанта бизнес-корреспонденции в современном казахстанском деловом сообществе. Особенности рассмотрения социокультурного контекста при продуцировании и восприятии того или иного текста бизнес-корреспонденции прежде всего заключаются в анализе специфики национально-культурного фона, форм и видов взаимоотношений деловых коммуникантов в иерархической цепи руководителя и его подчиненного, их ролевых статусов, социальной дистанции, природы конструирования бизнес-текста и других аспектов. Социокультурный контекст невозможно ограничить какими-то рамками, именно поэтому отмеченные характеристики выступают в качестве основных направлений анализа и вовсе не устанавливают границы данной концептуальной категории. На наш взгляд, предложенные социальные факторы напрямую или косвенно обуславливают формат написания бизнес-корреспонденции в различных культурно-языковых сообществах.

Следует заметить, что сложившаяся национально-культурная база конструирования текстов бизнес-корреспонденции рассматриваемых языков имеет свои исторические традиции. Так, к примеру, в силу общности исторического прошлого Казахстана с другими постсоветскими государствами можно выделить много общего, что несомненно оказало влияние на специфику составления деловых текстов как на казахском, так и русском языках.

Данные характеристики заложили основу в теорию и практику составления современной бизнес-корреспонденции на казахском и русском языках. Отклики социально-экономической системы того времени и по сей день имеют свое отражение в особенностях оформления бизнес-текста в современных условиях. Как известно, деловое письмо советского периода выражало тип иерархических отношений. Согласно данным С.К. Ережеповой [1, с. 9-16] и П.В. Верховского [2], в годы Советской власти деловые письма по большей части отражали отношения между вышестоящими должностными лицами и их подчиненными. Суть таких деловых отношений советского периода, как правило, выражалось в следующем: подчиненные организации делали официальный запрос на сбыт товаров вышестоящему руководству, в результате которого руководство отправляло ответное письмо с одобрением или отказом данного запроса.

Следовательно, в бизнес-корреспонденции на казахском и русском языках отношение «читающий – пишущий» отличается от бизнес-корреспонденции на английском языке тем, что традиционно от лица пишущего зачастую выступает одна бизнес-структура, а в качестве читающего может быть другая. Все это наложило отпечаток на особенности написания и в некоторых современных коммерческих письмах. Рассмотрим некоторые примеры подобной бизнес-корреспонденции на казахском языке:

(1) «[Компанияның атауы]» ККО ұжымға

«[Компанияның атауы]» Акционерлік Қоғамы – Қазақстан Республикасы мен Орталық Азиядағы екінші қайтара металлургияның ішкі және сыртқы нарығында 85 жылдық сенімді әріптес атағы бар, қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, өндеу және өткізу жөніндегі ірі мамандандырылған кәсіпорын...

Біз барлық мүдделі тұлғалармен ашық сұхбаттасуға дайынбыз және Сізді қызықтыратын бырлық сұрақтарға жауап береміз.

Директор [Аты-жөні]

Аналогичные примеры можно привести и на материале бизнес-корреспонденции на русском языке:

(2) Первому руководителю организации

ТОО «[Название компании]» гарантирует качественный результат, следование принципам этики и конфиденциальность.

Независимый аудит финансовой отчетности будет проведен на основе тестирования данных бухгалтерского учета и финансовой отчетности Вашей компании, который включает также проверку правильности исчисления и уплаты налогов и других обязательных платежей в бюджет за аудитуемый период <....>

Если у Вас возникнут дополнительные вопросы по настоящей корреспонденции, обращайтесь к нам в любое удобное для Вас время. Мы будем рады встретиться и обсудить настоящее предложение.

С уважением,

Генеральный директор [ФИО]

Как показывают приведенные выше примеры, довольно часто в бизнес-корреспонденции на казахском и русском языках в качестве адресатов может выступить целый коллектив компании (напр., «Кәсіпорын басшыларына», «[Компанияның атауы]» ККО ұжымға) или руководство организации без уточнения

персональных данных в реквизитном блоке адресата (напр., «Первому руководителю организации»). На наш взгляд, данный принцип продвижения бизнеса, согласно теории культурных измерений Г. Хофстеде [3, р. 64-65], является показателем коллективистской культуры, особой деловой ментальности, приверженности к групповой гармонии.

Надо отметить, что ускоренные темпы экономического развития нашей страны, предполагающие расширение сфер деятельности на международной арене, обусловили некоторое влияние западных маркетинговых стратегий, которые также наглядно представлены в некоторых казахстанских учебных пособиях. К примеру, похожую на модель «AIDA» (AIDA — Attention, Interest, Desire, Action — внимание, интерес, желание, действие) можно найти в работах А. Алдашевой, которая объясняет: *«Ұсыныс хаттардың алғашқы сөйлемі тұтынушының назарын өзіне аударуы қажет. Хат ұғынықты, сыпайы стильде жазылады... Ұсынылып отырған өнімнің, қызмет көрсету түрінің пайдалы екендігін дәлелдейтін нақты мәліметтер көрсетіледі. Мәміле жасау барысында болуы мүмкін жағымсыз жағдайларды сыпайы түрде жеткізу қажет... Хаттың мәтінде тұтынушы өнімді сатып алатындай уәждемелер беріледі. Мәмілені бекіту, қол қою үшін жеңілдетілген жағдайлар жасалады»* [4, 123 б.].

Здесь отмечены такие важные маркетинговые элементы, как привлечение внимания и поддержание интереса. В настоящее время казахстанские деловые круги постепенно стали применять западные маркетинговые стратегии для того, чтобы продать товар и расширить рынок его сбыта. В результате проводимых экономических реформ, направленных на поэтапную интеграцию в мировую рыночную экономику, создаются условия для новых производственных отношений, стимулируются хозяйственные инициативы предпринимателей в развитии производительных сил и др. [5; 173] Кроме того, нельзя не отметить тесную взаимосвязь специфики составления бизнес-корреспонденции на казахском языке с особенностями культуры и правил поведения в традиционной казахской культуре. Как известно, в казахской культуре вежливость в высочайшей степени неизменно ассоциируется с чувством искреннего уважения и благожелательности к другому человеку. Другими словами, казахская культура, если следовать теории культурных измерений Э. Холла [6, р. 115-117] и Г. Хофстеде [3, р. 170-172], как и

большинство восточных культур, относится к высококонтекстным культурам со всеми вытекающими из данной теории особенностями.

В текстах бизнес-корреспонденции на казахском языке применяются различные формы вежливости и уважения (напр., «*Аса құрметті Асқар Асанұлы мырза!*» и др.), этикетные слова и словосочетания («*өзіне мәртебе санайды*»; «*шынайы көңілден өтінемін*»; «*ізгі ниетпен*» и др.), речевые акты («*Сізге және Сіздің компанияңызға өзіміздің құрметімізді білдіреміз...*»; «*Біздің ұсынысымыз сізді қызықтырып, біз өзара пайдалы және жемісті ынтымақтастықта боламыз деп сенеміз*», «*Ілтипат білдіргеніңіз үшін алғыс айтамын*») и мн. др.

Как известно, в отличие от советской экономической системы рыночная экономика в западных странах имеет многовековую историю. Суть данного типа экономики заключается в относительной независимости от государственных и других центральных органов, где подавляющая часть хозяйственной деятельности организована на основе свободных рыночных отношений [7]. Принципы, лежащие в основе рыночной экономики («*лессэ-фэр*», англ. *laissez-faire economics*), основываются на политике «невмешательства» государства в экономику, которую можно проследить, например, в экономической системе Великобритании еще в XVIII в. В рамках данной теории поощряется стремление к собственной выгоде владельцев капитала, конкуренция и естественные предпочтения потребителей. Свободный рынок эффективно использует средства производства, так как он предоставляет инициативу как отдельным предпринимателям, так и фирмам. Рыночная экономика, характеризующаяся свободной конкуренцией, создает среду индивидуалистской культуры и поощряет личные достижения. Данное явление отражается в специфических межличностных контекстах, в нашем случае, в отношениях между адресантом и адресатом, в которых автор бизнес-корреспонденции (например, менеджер по продажам) адресует деловое сообщение своему клиенту, выступающего в роли целевого читателя. К примеру, в практике сбыта товаров и услуг в условиях социокультурного контекста западных стран, в особенности Великобритании и США, коммерческие предложения зачастую отправляются целевым адресатам посредством случайного отбора адресантов из списка имен в местном телефонном справочнике. Как например,

(4) *Dear Mr. [Surname]:*

*Are you having trouble getting your important documents formatted correctly? If you are like most business owners, you have trouble finding the time to economically produce good-looking documents. This is why it is important to have a specialist take care of your most important documents.*

*At [Company Name], we have the skills and experience to come in and help you make the best possible impression. May we stop by and offer you a FREE estimate of how much it would cost to get your documents locked great? If so, give us a call at and set up an appointment with one of our friendly operators.*

*Sincerely,  
[Full name]  
President*

Заметим, что указанные выше черты рыночной экономики, согласно теории Э. Холла [6, р. 105-117], тесно связаны с культурой низкого контекста. Как было отмечено ранее, низкоконтекстные культуры, ориентированные на конечный результат, уделяют максимум внимания достижению краткосрочных (незамедлительных) целей. Следовательно, в случае с англоязычной бизнес-корреспонденцией сам социокультурный контекст, а также специфика межличностных отношений между коммуникантами в данном контексте задают общий тон стимулирования продаж, в которых делается акцент на прямое обращение к потенциальным покупателям, способствующим быстрому сбыту товаров и незамедлительным продажам. Иными словами, лично-ориентированное и к тому же эмоциональное обращение к адресату в рамках низкоконтекстных культур являются наиболее эффективным способом по привлечению и удержанию внимания и интереса читающего. Приведем пример такого типа бизнес-корреспонденции, взятого из нашего корпуса писем:

*(5) Dear [First Name],*

*Come and join us today at [Company Name] for our exclusive offer; get 2 months FREE plus, the rest of this month free!\* But hurry, as this fantastic offer must end TODAY!*

*2012 is the year to go beyond. That's why we're offering this exclusive membership offer. There's never been a better time to join.*

*So, whether you're after fantastic facilities, a sparkling pool\*, fully qualified Fitness Instructors, a friendly team or over 60 free studio classes a week, why not join the gym voted the UK's number 1 health and fitness brand by the [Company Name]?*



*Take the next step to find out more and take advantage of this fantastic offer!*

*Call us now on 0843 170 1013.*

*Remember though, this offer must end at midnight tonight!*

*We look forward to seeing you soon.*

*The team at [Company Name].*

Как видно из вышеприведенного образца, данный тип бизнес-текста полностью соответствует особенностям социокультурного контекста, где современные тенденции свободного рынка и атмосферы все возрастающей конкуренции сбыта товаров и услуг способствуют активному использованию маркетинговых стратегий стимулирования продаж в рамках модели «AIDA». Отсюда следует, что как социальная, так и культурная среда являются главными ментально-когнитивными моделями в мировой практике составления бизнес-корреспонденции. Именно поэтому авторы данных деловых сообщений должны прежде всего обеспечить себя соответствующими знаниями социокультурного контекста.

Считаем необходимым обратить внимание на такие социальные факторы, как социальная дистанция пишущего и читающего, иерархическое соотношение их статусов в конкретной культурно-языковой среде. Общепринято, что степень вежливости возрастает с увеличением социальной дистанции между коммуникантами и с повышением статуса читающего над статусом пишущего. Она также возрастает с увеличением степени риска угрозы «лицу» (вмешательства в личное пространство собеседника).

В контексте деловой коммуникации информация о социальном статусе делового коммуниканта приобретает особое значение и расценивается как приоритетная информация. Об этом свидетельствует детальная специализация социальных характеристик человека в лексической семантике различных языков, так и психологическая закономерность запоминания наиболее важных характеристик человека при знакомстве (напр., принадлежность к определенному социальному слою, профессии, должности, возраст и т.д.). Иными словами, «адресант должен обладать максимумом информации об адресате: нельзя претендовать на изменение незнакомого объекта, метод «черного ящика» здесь едва ли продуктивен» [8, с. 153]. Чем яснее и правдивее представление об объекте-адресате, тем меньше усилий необходимо прилагать в дальнейшем для обеспечения обратной связи. Поскольку надежно составленный образ адресата дает

возможность достаточно точного предсказания коммуникативно-прагматического эффекта. Кроме того, по утверждению российского ученого Т.А. Ширяевой, «точное знание своего адресата позволяет адресанту экономно подходить к использованию языковых средств, говорить «на одном» языке со своим читателем, информируя и влияя на его восприятие, то есть определенно помогает в построении эффективной двусторонней коммуникации» [9, с. 140]. Так, например, соответствующие ролевые отношения коммуникантов в деловых организациях могут иметь, как «неотъемлемый» статус, так и «относительный» социальный статус [10, р. 637]. Согласно данной трактовке, неотъемлемым социальным статусом обладают только те специалисты, которые занимают определенную высокую должность, имеющую авторитет и значимость как внутри, так и за пределами компании. В свою очередь, относительный статус можно получить в результате межличностных отношений в компании, например, в одном из отделов компании. В отличие от индивида, обладающего неотъемлемым статусом, влияние коммуниканта с относительным статусом не распространяется за пределами организации, в связи с этим обладает меньшей социальной властью и влиянием.

Таким образом, анализ образцов бизнес-корреспонденции с учетом параметров социокультурного контекста показывает, что национально-культурный фон родной среды составителей бизнес-корреспонденции, социокультурные, организационные и межличностные факторы того или иного делового сообщества оказывают влияние на дальнейшее развитие ментальных моделей, влияющих на составление бизнес-корреспонденции. Они включают использование исторически устоявшихся традиций делового письма, использование маркетинговых стратегий, культурные особенности и специфику построения деловых и личных отношений. Кроме того, необходимо учитывать данные социальных характеристик составителей и получателей бизнес-корреспонденции, что значительно сокращает возможность возникновения коммуникативного дискомфорта или прагматических неудач бизнес-специалистов в контексте различных культурно-языковых сообществ.

#### Список литературы

1 Ережепова С.К. Официально-деловой стиль в казахском и русском языках: прагмалингвистический аспект: дис. ... канд. филол. наук. – Алматы, 2002. – 166 с.

2 Верховский П.В. Письменная деловая речь. Словарь, синтаксис и стиль. Разбор бюрократических шаблонов и нарушений грамматики в языке документов. – М.: Техника управления, 1930. – 201 с.

3 Hofstede G.H., Hofstede G.J., Minkov M.. Cultures and organizations: software of the mind: intercultural cooperation and its importance for survival. – 3rd ed. – New York: McGraw-Hill, 2010. – 576 p.

4 Алдашева А., Бүркітбаева Г., Іскери хаттар – Business Correspondence. Оқу құралы. – Алматы, 2011. – 244 б.

5 Сарсенбаева З.Н.. Этнос и ценности. – Алматы: «Коллор», 2009. – 306 с.

6 Hall E.T.. Beyond culture. – New York: Doubleday, 1976. – 320 p.

7 Блэк Дж.. Экономика. Толковый словарь / под ред. Осадчей И.М. – М.: «ИНФРА-М», «Весь Мир», 2000. – 840 с.

Көкен Шәкеев айтыстарында метафораның бірнеше түрі кездеседі. Атап айтқанда, метафораның бірінші түрі, яғни жай түрі, жалғаусыз, жұрнақсыз, бір нәрсені екінші нәрсеге балау арқылы жасалынатын түрін қолданған.

Ал сен – жас, мен – кәрі боп қалғаным жоқ,

Айқаймен мені ұстайтын қармағың жоқ [9, 190 б.],

немесе:

Халыққа ұсынайық өлең гүлін,  
Білгенге өлең – өнер, өлең – білім  
Тықыршып кезек күтіп сен отырсың,  
Жырлай бер, домбыранды ал да, Бүркіт інім [9, 211 б.].

Метафораның екінші түрі жіктік және тәуелдік жалғаулары арқылы жасалынған түрін көп қолданады. Мәселен:

Толқыған теңіз дәннің диханымын,  
Жапанда иесімін сан қаланың.  
Көктемде көк өзенмін күркіреген,  
Мұндайда нөсерлейді шіркін өлең [9, 180 б.].

немесе:

Сайраған бір бақшаның бұлбұлымыз,  
Жол берген компартия ұлы көсем [9, 188 б.].

тағы да:

Айтыста алда талай жалындайсың,  
Сеземін бас имейсің, жалынбайсың.  
Сен менің үміткерім, келешегім  
Сен менің кеудемдегі жанымдайсың [9, 221 б.].

Байқағанымыздай, ақын өнер бәсекесінде метафораларды әр қилы ұғым, құбылыстарды бейнелеу мақсатында қолданып, айтылған ой бастапқы өз мағынасынан поэтикалық мәнге ауысып отырады. Ақын өмірінде кездесетін кейбір құбылыстарды жансыз дүниеге әдейі ауыстырып, тосыннан қолдану арқылы жұрт ықыласын өзіне бірден аудартумен қатар, оның эстетикалық әсер-сезімін еселей арттыру үшін шебер қолданған.

Ауыстыру мағынасында қолданылатын бейнелеу құралдарының келесі бір түрі – метонимия. Ақын өнер бәсекесі кезінде аталмыш тропты өте жиі қолданып, өзіне тән ой ұшқырлығын, ақындық шеберлігін шебер көрсете білген. Метафора екі нәрсенің арасында тек ұқсастығы ғана болып ауыстырылса, метонимияда екі нәрсенің арасында белгілі бір байланысы болады, сондықтан біріншісінің орнына екінші нәрсені алмастырып айтады. Мұнда екі нәрсені бір-біріне баламайды да, теңемейді де, тек бірінің орнына екіншісін қолданады. Бұл поэтикалық тіркестердің түрлі сипатпен құбылып отыратын көп мағыналық қасиетін де аңғартады. Мәселен:

Көшеде жүргендер көп елтең-селтең  
Жұмысқа бүгін барса, бармай ертең.  
Мұндайлар жүзден де әрі асып кеткен,  
Тізгін көрмей дандайсып тасып кеткен.

Еңбекке, не оқуға тарта алмай,  
Басшыларың қалайша жасып кеткен? [9, 182 б.]  
немесе:

Достық пен туыстықтың нышаны көп,  
Біз өскен, біз игерген осы тыңда [9, 184 б.],  
тағы да:

Тоқтайын ауданымның табысына,  
Риза ғып жұмысымның барлығына  
Тартайын кесек-кесек жыл жемісін  
Ере алсаң жарар еді шабысыма [9, 185б.].

Ақынның айтыстарында ауыстыру мағынасында қолданылатын сөздердің ерекше бір тобына жататыны – синекдоха. «Жекешенің орнына көпшені, көпшенің орнына жекешені, жалпының орнына жалқыны, жалқының орнына жалпы ұғымды қолдануды синекдоха» [11, 45 б.], – дейді ғалым Қ. Жұмалиев.

Көкен Шәкеев айтыстарының үзінділеріне назар аударсақ:  
Бір кезде «алма жоқ» деп жүргеміз де,  
Қыс қатты «алма өспес» деп күлгеміз де.  
Алматы алмасынан айнымайтын,  
Қол жетпес қызыл алма іргемізде [9, 192 б.]

Көкенді жақсы біледі,  
Көкшетаудың көлемі [9, 198 б.].

Әсіресе жастарды,  
Жас та болса бастарды,  
Мадақтайық, баптайық [9, 198 б.].

Үлесі үстемелі жыл-жыл сайын,  
Орындап жоспардағы ет пен майын.  
Өзіне міндеттеме қабылдаса,  
Еспенен орындауға халқым дайын [9, 214 б.].

Аталмыш үзінділерде ақын өзіндік жыр өрнектерін, бұрын қолданылмаған, өзіндік таңбасы бар бейнелеу құралдарын қолдану арқылы суырыпсалмалық өнердің алғыры, майталманы екенін көрсете білді. «Қызыл алма», «көлемі», «бастарды», «ет пен майын» деген синекдохалар бүтіннің орнына бөлшек, көптің орнына жекешені айтса да, өмір құбылысымен суреттеуде бұлар поэтикалық тілдің ең оңтайлы, жинақы, жанды түрі ретінде саналады. Ал жаңалықтан жаңалық іздеу, мезі еткен сөздерді жаңа сөз, жаңа

сөйлемдермен өзгертіп отыру адам баласының табиғи тілегі десек, алмастырып айту, бөлшекті қолдану бұл тілекке де қабысады.

Сонымен, К. Шәкеев айтыс өлеңдерінде бейнелеу жүйесін жалпы халық поэзиясына тән ерекшеліктерді бойына мол сіңіргенімен, өзіндік сипат-белгілері де айтарлықтай екенін байқадық. Бұл ең алдымен, ақынның өзіндік табиғатына сәйкес туып қалыптасқан. Айтысқа түскен ақынға басты нысана – жеңу мақсатындағы орамды ой, ұтымды идея, бұлтартпас шындықтан тыс, тыңдаушының жүрегіне жол табатындай кестелі сөз, суретті бейне де қажет. Бұл айтыс өнерінің ауытқымас басты шарты келе-келе ақындық үлкен өнер бәсекесіне ұласып, халықтың ғасырлар бойғы эстетикалық талап-талғамын тәрбиелеп келген.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Бердібаев Р. Сарқылмас қазына. – Алматы: Мектеп, 1983. – 246 б.
- 2 Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1960, 2 т. – 694 б.
- 3 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Қазмемоку-педбас, 1960. – 244 б.
- 4 Ғабдуллин М., Сыдықов Т. Қазақ халқының батырлар жыры. – Алматы Ғылым, 1992. – 338 б.
- 5 Ысмайлов Е. Әдебиет теориясының мәселелері. – Алматы, 1990. – 127 б.
- 6 Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 228 б.
- 7 Бердібаев Р. Қазақ эпосы. Жанрлық және стадиялық мәселелер. – Алматы: Ғылым, 1982. – 132 б.
- 8 Жармұхаметұлы М. Айтыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуы. – Алматы Мұраттас, 2001. – 293 б.
- 9 Шәкеев К. Көкшетаудың ұлымын. – Алматы, 1994. – 228 б.
- 10 Жәкенов Е. Ақындар ағасы. // Көкшетау, 1992, 25 ақпан. – 3 б.
- 11 Жұмалиев Қ. Шығармалары. – Алматы: Ана тілі, 2007. – 269 б.

#### Резюме

В этой статье изучено поэтическое дарование и поэтика сочинений выдающегося акына-импровизатора Кокена Шакеева. Анализируются аспекты художественной поэзии, свойственные поэту Кокену Шакееву с использованием различных методов литературных тропов, стилистических фигур и приемов, таких как сарказм, ирония, синекдоха, метонимия, метафора, гипербола.

#### Resume

In this article the poetic gift and the poetry of the outstanding improviser Koken Shakeyev are studied. The aspects of the artistic poetry of Koken Shakeyev are analysed through the stylistic analysis of the applied devices such sarcasm, irony, synecdoche, inetonymy, metaphor, hyperbole.

**ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ  
ЛИЧНОСТИ ПОКОЛЕНИЯ ИЛИ ОСОБЕННОСТИ  
КЛИПОВОГО МЫШЛЕНИЯ В ЭПОХУ ДИГИТАЛЬНОГО  
ПОВОРОТА**

**Е.Н. ВАСИЛИШИНА**

кандидат филологических наук,  
преподаватель кафедры языковой подготовки,  
Карагандинская академия им. Б. Бейсенова МВД РК

**Аннотация**

Статья посвящена феномену клипового мышления. Выделены и рассмотрены его основные признаки, а также факторы, способствующие возникновению клипового сознания. Отмечается трансформация сознания современного индивида в связи с возрастающей в мире цифровизацией во всех структурах человеческой деятельности. Применяя типологию языковых личностей, разработанную К.Ф. Седовым, установлено, что к субъектам клипового мышления применима категория «пассивный эгоцентрик». Исследование показало, что для такого рода субъекта характерны следующие признаки: неадекватные реакции на информационный поток со стороны собеседника; упоминание имен, неизвестных собеседнику, как известных; переключение разговора на темы, интересующие только говорящего; примитивизм мышления, основывающийся на ограниченном количестве образов, связей этих образов, которые возникают в голове субъекта с клиповым мышлением; скачкообразный характер эмоционально-поведенческой составляющей клиповой личности; клиповый субъект эгоцентричен, практически не способен к сопереживанию.

*Ключевые слова:* дигитальный поворот, клиповое мышление, цифровой дискурс, пассивно-центрированная языковая личность.

Определяя современное состояние науки, отметим унисонирующую констатацию повсеместной цифровизации. Дискурсивная формация, ранее пестрившая в изданиях различных направлений науки, вполне логично заменена цифровыми матрицами (свидетельство тому – компьютерная лингвистика [1], зародившаяся в 50-60 гг. прошлого столетия). Трансцендентная критика сложившейся в мире дигитальной ситуации, где в большей

степени слышимы сольные голоса негативной ее стороны, приобретает все большую остроту. С разных сторон слышатся мнения, определяющие современное общество в качестве «цифровых аборигенов» [2], испытывающих «эмоциональный вред», «психологический ущерб», а также «социальный вред» [3].

Однако, невзирая на ожесточенную критику, эпоха цифры к ней малочувствительна, что легко доказать увеличением на рынке новых моделей информационных технологий. Человек мыслит другими категориями – не эстетически, сенсорно, а визуально, при этом имея склонность к вычислению, измерению, сопоставлению, то есть, в целом, – максимально рационально. Большая часть того, что вращается в мировом цифровом дискурсе, представляет собой замкнутый цикл, разрыв которого изначально не предусмотрен самим этим циклом.

Действительность, с которой сталкивается современный технологически мутирующий человек, приобретает все более размытые черты, облеченные в цифровые полотна (проникновение цифры в некогда тотально бюрократическую сферу – данные, удостоверяющие личность, на сегодня полностью информатизированные). Назвать происходящее «эмоционально нейтральным событием» не представляется целесообразным [4], скорее цифровые технологии обрели новый статус катализатора трансформаций и метаморфоз в области организации труда, образования, социальной структуры и политики [5].

Интересно, что человек стал обращаться с информацией крайне однобоко – посредством интернета. Уже сегодня интернет признан мощным фактором влияния на социализацию человека, влияния отрицательного. Причем изменения касаются в основном психики, образа мышления индивида. Такого рода мутации в сознании человека происходят в основном по причине перманентного пребывания в информационном поле.

Все, что говорилось нами ранее, относилось к окружению человека вне какой-либо определенной сферы его деятельности. Конкретизируя, отметим, что сфера образования все более погружается в бездну мультимедийных пространств, увлекая в водоворот прошлого доску, мел, учебник. С уверенностью можно констатировать, что «ландшафт образовательной повседневности стремительно изменяется» [6, с. 127]. Социальная несостоятельность современного образования значительно тормозит мотивацию обучающихся и диктует совершенно иной тип когнитивного мышления с учетом электронной коммуникации.



Такого рода личность характеризуется следующим набором признаков: быстрота восприятия внешних раздражителей, кардинально не совпадающая с личностью традиционного типа; реактивность в переключении кодов детерминирована бесконечной виньеточной лентой воспроизводимого на экране телевизора, социальной сети; отсутствие длительной концентрации внимания на каком-либо объекте. В противовес сказанному индивид, взрощенный на книжном мышлении, характеризуется способностью воспроизведения значительного пласта информации, высокой степенью запоминаемости, сосредоточенности на предмете обсуждения.

Новый мультизадаченный индивид появился не вдруг. Уже в конце 90-х – начале нулевых зародилась новая эпоха, эпоха Поколения I (Internet) с характеризующим ее сознанием – клиповым мышлением. В действительности обстановка такова: клип – нарезка фрагментов на какую-либо тему. Эта особенность – нарезка – и взята за наименование целой эпохи, которая длится до сей поры. Примечательно и то, что для соединения фрагментов в целое необходима своего рода фантазия, умение ассоциативно мыслить, которые и служат теми красными нитями, прошивающими лоскуты отдельных картинок. При этом никакого навязывания мыслить этак, а не иначе не происходит: если у тебя есть желание существовать в рамках данного дигитального пространства, что ж, ты должен обладать способностью быстро думать, додумывать, соединять разрозненные части в целое; восприятие и понимание текста должно происходить без участия языка, вся суть содержится в картинке.

Зарождению клипового мышления способствовал ряд факторов:

1. увеличение информационного потока, а также его разнородность, что требует от индивида быстроты реакции;

2. появление новых информационных технологий (компьютеры, смартфоны, интернет), которые перевели обычные традиционные для человека действия в онлайн режим виртуального мира (оплата коммунальных услуг, приобретение необходимых предметов домашнего обихода и одежды в интернет-магазинах возможны одним кликом; запись на прием в поликлинику и т.д.);

3. расширение коммуникативного пространства за счет увеличения участников коммуникации в однодневном потоке и, как следствие, нехватка личного времени на прямую коммуникацию;

4. необходимость осуществления разнонаправленных действий за небольшой промежуток времени.

В исследованиях, посвященных изучению проблемы клипового мышления, отмечается, в большей степени, его характеристика с негативной стороны. Все эти характеристики известны и без специального их изучения и анализа: ухудшение работы памяти, проблемы с логическим мышлением, изменения в психике. Представим себе такую ситуацию: человек, интересующийся какой-либо сферой человеческой деятельности, следит за изменениями, налагая имеющуюся у него информацию на вновь полученную. Полнота спектра когнитивных операций в мозгу такого индивида не вызывает сомнения. В схожей ситуации субъект с клиповым мышлением будет воспринимать информацию разрозненно, без необходимого анализа, сопоставления, его сознание не устроено самопроизвольно устанавливать связи между фрагментами информации.

Однако о повсеместном отказе вряд ли возможно говорить – слишком велик путь, пройденный дигитальной эпохой. Да и стоит ли отказываться от нее – это тот вопрос, с которым неизменно сталкивается исследователь данного феномена (Ср. Егорова А.Г. «Сетевое мышление: деградация или прогресс?» и др.) и находит вполне логичное объяснение возможности его существования: клиповое мышление способствует быстрому переключению между, казалось бы, разносмысловыми текстами (могут одновременно слушать музыку; смотреть фото, оценивая его; общаться в соцсети). Но вопрос качества выполнения индивидом перечисленных операций остается открытым.

Другим плюсом клипового мышления считается быстрое запоминание потока информации, что поможет индивиду в освоении небольших текстов, а также пополнению лексического запаса в процессе изучения иностранного языка.

В нашей работе мы осуществили попытку применить типологию языковых личностей, разработанную К.Ф. Седовым [7]. Он выделяет три типа языковых личностей: конфликтный, центрированный и кооперативный, каждый из которых дробится на два подтипа. Языковую личность с клиповым мышлением, в этой связи, можно охарактеризовать, как центрированную, а если определять подтип согласно концепции К.Ф. Седова, то пассивно-центрированную (пассивный эгоцентрик).

Вступая в коммуникацию с такого рода субъектом, отмечается некая рассеянность, которая может быть порождена неспособностью сконцентрироваться на каком-либо одном объекте. Постоянная концентрация на предмете беседы также невозможна,

так как в сознании такого субъекта наблюдается информационный поток, блокирующий проникновение информации извне.

В целом, реакции человека с клиповым сознанием на внешние раздражители можно систематизировать в следующем виде:

1. неадекватные реакции на информационный поток со стороны собеседника:

- *Вчера сидим на паре, смотрели ролик. И тут неожиданно подходит наша экономичка и говорит: «Давайте ваши телефоны. Возврата не будет». Ну, мы с приятелем переглянулись и смолчали. А в глазах стоит – «Посмотрим».*

- *Знаешь, не надо говорить то, чего точно не знаешь. Он говорил же тебе не смотреть этот видос, если кто-то стоит рядом. Его мать тоже странная женщина – запрещает сыну выходит в инет, представь. Тоже мне, блокировщица.*

- *Это ты о чем и к чему? Вечно ты далек от моих мыслей.*

2. упоминание имен, неизвестных собеседнику, как известных:

- *Играем мы в теннис и пришлось закончить игру, пришел этот, наш сэнсей, помнишь, который одевался долго в раздевалке и закрыл дверь, что все стояли в коридоре и ждали, пока откроет.*

- *Какой, я не пойму?*

- *Да, этот. Мы тогда с Кирей стояли, он еще к нам подходил, спрашивал, как мы, какие новости. Потом мы еще возле магазина с пивом стояли, а Славка на моторе ехал, орал с окна.*

- *Так меня же не было тогда, ты что. Я и знать не знаю, с кем ты стоял, и кто что орал.*

- *А-а-а... Не знаю, ты это был вроде со мной тогда.*

- *Не я это был, говорю тебе.*

- *Да? Ну, извини. Но все же это был ты.*

3. переводение разговора на темы, интересующие только говорящего:

- *Я думаю, что нам надо увидеться позже. Подумай, как это сделать. Перед выходом в театр обязательно посмотришь в зеркало. Нужно выглядеть с иголочки. Это не место шлепок и тренировок.*

- *Это само собой. Но я вчера скачал новую версию бродилок и прошел новый уровень, представь. Вот так неожиданность! Сам от себя не ожидал. Р-раз! И прошел вдруг! Одним движением.*

- *Ты вообще слушал, что я тебе говорил? Мы в театр договаривались. Ты мне про эти свои игрища не рассказывай сейчас.*

4. примитивизм мышления, основывающийся на ограниченном количестве образов, связей этих образов, которые возникают в

голове субъекта с клиповым мышлением. Если и происходит пополнение новыми знаниями, то они хранятся в кратковременной памяти. Долговременная память отключена, так как процесс обновления информации носит перманентный ежесекундный характер. Примером может служить соцсеть Facebook, в которой новостная лента обновляется каждую минуту. Причем, чем больше количество друзей и групп, в которых человек состоит, тем более разноспектральный характер кратковременных знаний получает пользователь.

5. скачкообразный характер эмоционально-поведенческой составляющей клиповой личности, что находит свое выражение в истероидном проявлении настроения. Тривиальная ситуация, не требующая бурного отклика, вызывает агрессию или же, напротив, безудержный смех:

*- Я вот утром за столом своим говорю: «Хозяйственный человек никогда не станет выбрасывать вещи, которые могут пригодиться». Нет, ну зачем они (родители – Е.Н.) напали на меня? Я им говорил уже, что все в жизни может пригодиться. А если хочешь знать мое мнение, я считаю, что это – свинство - сидеть, зная, что это ты виноват, что вещь выброшена и делать вид, что все в порядке! Свинья и есть такой человек!*

*- Получается, я – свинья?! Ты сейчас назвал меня свиньей!*

*- При чем тут ты?! Я тебе о родителях говорю и в целом о таких людях. А ты все переиначил!*

*- А я, по-твоему, не человек? Не отношусь к людям? Сам ты свинья!*

6. клиповый субъект эгоцентричен, практически не способен к сопереживанию. Вне зависимости от темы беседы переводит разговор в близкую себе ситуацию, стремясь завоевать внимание окружающих:

*- Собираюсь я в кино. Мой-то приедет, знаю ведь, начнет опять – почему платье такое, прическа не такая. Открыла шкаф, а там как будто моль прошла – ничего нет стоящего. Опять выслушивать придется. Купить новое времени нет уже.*

*- У меня знаешь, сколько подписчиков уже? За 575 тысяч перевалило. А будут еще, чувствую. Еще пару фотосессий в выгодном ракурсе при макияже профессиональном – и я лидер! Можно подаваться в журнал. Модель, да же? Мне вот самой очень нравится такая жизнь.*

*Это что! Сегодня я записалась на одну фотосессию в новом магазине одежды Bellissimo. Буду красотка! Контракт может со мной заключат, буду лицом магазина. А что? И буду.*

*- Ты как всегда. Тема у тебя одна, о чем с тобой не разговаривай, чем с тобой не делись.*

В ходе нашего исследования нам удалось прийти к следующему постулату: консенсуальное решение существующих противоречий в мире с учетом конституэнтдигитальной эпохи возможно лишь основываясь на групповом контексте, групповых интересах и методах достижения сообществом целей. Катастрофичность иконического события [8, с. 83] в плане всеохватности жизни и деятельности индивида трансформирует мир и саму природу человечества, что также нельзя не учитывать в процессе подачи информации.

Аудиовизуалистику необходимо рассматривать с ее центром – метафорой (образом), основанием которой является клиповая природа, которая диктует лимитированность восприятия – не более двух минут, после чего неминуемо должна наступать смена метафоры на более актуальную. Текстовое обрамление аудиовизуального контента также имеет свои ограничения – простые предложения, зачастую превращенные во фразы.

Отметим, что дигитальная эпоха развила достаточно высокую скорость, когда торможение невозможно, а если и возможно – то приведение к привычному классическому образу перцепции вряд ли может наблюдаться. Иконический поворот с клиповым мышлением вводит прерывистость в отношения непосредственности, усложняет процесс взаимообмена информацией, переводит его в имплицитную виртуальную форму без глаз, лиц, эмоций их сопровождающих. Таким образом, внимание субъекта переносится с внутренних объектов на внешние; функция процесса восприятия носит вторичный характер, в то время как на первое место выходит предмет восприятия; фикциональность предмета, существующего в момент восприятия информации, удачно вписывается в процесс размытого представления в кругу беспорядочно сменяющихся образов, событий.

#### Список литературы

1 Боярский К.К. Введение в компьютерную лингвистику: Уч. пособие. – СПб: НИУ ИТМО, 2013. – 72 с.

2 Криковцева Н.О. Интернет-маркетинг: стратегия і тактика: Монографія. – Донецьк: ДонНУЕТ, 2012. – 236 с. – С. 229-236.

3 Михалева Г.В. Онлайн-риски и проблемы защиты детей в современном британском медиаобразовании // Диалог. – 2014. – № 6 (30). – С. 66-75.

4 Кончаков Р. Рождение аффективного сообщества из духа цифры: на материалах Обнинского цифрового проекта. URL:/ <http://obninsk-project.net/colloquium/>

5 Филипп К. «Цифровая революция» как импульс демократии / Общая тетрадь. Вестник московской школы гражданского просвещения. – 2013. - № 3-4 (63).URL:/ <http://otetrad.ru/article-463.html>

6 Полонников А.А. «Иконический поворот»: образовательные стратегии и альтернативы / Высшее образование в России. – 2013. - № 6. – С. 127- 136.

7 Седов К.Ф. О манипуляции и актуализации в речевом воздействии // Проблемы речевой коммуникации. – Саратов: Изд-во Сарат. ун-та, 2003. – С. 20-27.

8 Соловьев А.В. Культуротворческий потенциал информационных технологий // Медиафилософия VI. Необратимость трансформации. – СПб.: Санкт-Петербургское Философское общество, 2010. – С. 83-85.

#### Түйін

Мақалада сандық дәуірінде клиптік ойлау ерекшеліктері қарастырылады. К.Ф. Седов субъектің клиптік ойлау тұжырымдамасына сәйкес «пассивті эгоцентриком» соған байланысты санаттың ерекшеліктері нақтыланған.

#### Resume

In the article the peculiarities of clip thinking in the digital age are considered. It is established that the subject of clip thinking, according to the concept of K.F. Sedov, correlates with the "passive egocentric", that is why the characteristic features of this category are highlighted.

**КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ПСИХОЛОГИЗМ  
(Тәкен Әлімқұлов туындылары негізінде)**

**М.Қ. НУРЖАКСИНА**

филология ғылымдарының магистрі, оқытушы

**Г.Т. ТЛЕУБЕРДИНА**

филология ғылымдарының кандидаты, доценті м.а.,

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау

мемлекеттік университеті

**Аннотация**

Мақалада психологизм, ұлттық психологизм ұғымдары қарастырылады. Ғалымдар пікірлері келтіріледі. Тәкен Әлімқұлов шығармалары талданады.

*Түйін сөздер:* ұлттық психологизм, қаламгер, туынды, әдет-ғұрып.

Психологизм – қоғамдық алғышарттар мен жеке адамдар дүниетанымын, олардың іс-әрекетіне жетекші сана-сезімдік қозғаушы күштерді сенімді суреттеу құралы.

Қазақ әдебиеттануында психологизм ұғымы Г.Пірәлиева, Б.Майтанов, Р.Мұқышева, Н.Қамарова, Қ.Әбдікова т.б. еңбектерінде зерттелген.

Б. Майтанов: «Қаһарманның рухани әлемін, жан сырын жеткізу амал-тәсілдерінің жиынтығы немесе идеялық-эстетикалық шығармашылық феномені – психологизм» [1, 3 б.], – деген анықтама берсе, Г.Ж. Пірәлиева: «Кейіпкер психологиясы – көңіл-күйлеріндегі күйзелістермен, жан әлеміндегі арпалыстармен, ішкі буырқаныстардан сыр берер бет-жүздегі, мінез-құлықтағы сезімдік құбылыстармен көрінеді» [2,172 б.]» – деген ой айтады.

Н.С. Қамарова қазіргі қазақ өлеңіндегі психологизм мәселесін қарастырса, Р.З. Мұқышева қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық характердің бейнелеу жүйесін зерттейді. Қ. Әбдікова әдебиеттегі тұлға мәселесінің психологиялық талдау арқылы жүзеге асатынын айта келіп, Ж. Аймауытов шығармашылығына талдау жасайды.

Ал, ұлттық психологизм ұғымына тоқталатын болсақ, халықтың ұлттық дүниетанымы мен тілі арасындағы өзара байланысты зерттеу көптеген ғалымдардың зерттеу нысанына айналған.

Э.Сепир мен Б.Уорфадамзат әлемді өз ана тілінің призмасы арқылы көреді деген болжамды ұсынады. Ғалымдардың пайымдауынша, түрлі тілдерде сөйлейтін адамдардың ойлау жүйесі әртүрлі және де осының бәрі жай ғана тілмен байланысты ғана емес, оған себепті болады.

Вильгельм фон Гумбольдттың: «Язык народа есть его дух, и дух народа есть его язык, и трудно представить себе что-либо более тождественное» – деген ойы шындыққа жанасады [3, 89 б.]. Яғни, әр ұлттың барлық танымы, әдет-ғұрпы, ішкі әлемі, қоршаған ортамен қарым-қатынасы тіл арқылы ғана толықтай таныла алады.

Кез келген суреткер барлық күш-қайратын, шеберлігін бір ғана мақсатқа – адам жүрегінің сырын, адам жанының шындығын танытуға жұмылдырады. Сол арқылы көбіне-көп өз ұлтының тілдік бейнесін, қайталанбас ерекшелігін байқатады. Белгілі жазушы Тәкен Әлімқұловты қазақ әдебиетінде ұлттық болмыс-бітімді бірегей жеткізуші қаламгер ретінде танимыз.

«Қаралы қобыз», «Сары сыбызғы», «Қызыл қамшы», «Қобызшы Қорқыт» дастан, шығармалары аспапты арнайы сөз етсе, «Сары жайлау», «Көк қаршыға», «Көкейтесті», «Жиендік», «Уайдай», «Кертолғау», «Қараой», «Күйші», «Махаббат күйігі», «Құлқын», «Телқоңыр», т.б. әңгімелері мен «Сейтек сарыны», «Қаратау» атты повестерінде өнер адамдарының болмыс-бітімі, елден ерек қасиеті, тірлігі ішкі табиғаты танылып жатады.

Мысалы «Қаралы қобыз» әңгімесіндегі атақты күйшінің қырсық мінезіне ерегесіп, баласын ұстатып жіберген старшын озбырлығы Ықыласты терең ойға, жалғыздыққа, мұң-қасіретке қамайды. Дыбыспен сырласып жаны мен тағдыры біртұтасып кеткен киелі аспабы күйшіге тап осындай тоқырау сәтте керек сырлас, мұндас, іштегі шерін шығарар кілті ретінде де керек. Сондықтан, Ықылас жалғызына осы қаралы қобыздың құдіретімен жол тауып, түрмеден шығарып алуға бел байлайды. Бір жағынан, қаралы қобыз арқылы иесінің қайғы-қасіреті, озбырлық пен зорлыққа деген қарсылығы көрінсе, екіншіден, перзентіне деген сағынышы төгіледі.

Сондай-ақ, Ықыластың жан жүрегінен, ішкі шерден шыққан шынайы өнері баласы қайтыс болып, қара жамылып отырған дуанбасы Ерденнің де бетін бері қаратады. Оны автор мынадай психологиялық жағдайда бейнелейді.

*«Қобызшы кіргенде Ерден басын көтермеді. Әйелдер қара қобыздан үріккендей де, таңданғандай да еді. Тырс етпей, кимешектің астынан ұрлай қарасты... Ықылас босағаға тізе бүкті,*



қобызын сәл дыңылдатып тұрды да, бармақпен дірілдете жөнелді. Бара-бара бармаққа саусақтар қосылады. Қобыз бел асып аңырай бастады. Дүниеден торыққан көңілдің, қартайған үміттің аяныш лебізі «ой бауырымға» уанбайтын Ерденнің құлағына кіріп, тұла бойын шымырлатып жіберді. Қара қобыз Ықыластың өзін әлдиледі. Абақтыдағы ауру баласын әлдиледі. Осы араға келгенде Ықыластың көзінен жас шықты. Ыстық жас сорғалап, бурыл тартқан сақалдан шашылып жатты. Ерден қосыла жылады. Әйелдер де жылады. Бәрі іштей табысқандай, үнсіз, ұзақ жылады... [4,34 б.].

Автор қаралы қобыздың адамның жан дүниесіндегі ішкі сырды, қайғы-қасіретті, тіл айтып жеткізгісіз сырды, жүректі шымырлатып, шерін шығарудағы таптырмас құрал ретінде нақышпен жеткізеді.

Ал, «Көк Қаршыға» атты әңгімесінде Ақан серінің қартайған шағында баласы Ыбан екеуінің тау кезіп, елден кеткен кезін баяндайды. «Ел ішіндегі сыпсың сөз, қаңқу өсектен мезі болып, тау кезіп тыныштықты қалаған ақын көп замандасының қырық пышақ боп қырқысына көл жағасында отырып, жынды кісідей жалғыз күледі» [4,41 б.].

«Осындай күйзелісті сәттерде мылқау бала әкесінің толқынысын томсарылған қабағынан, ұзын кірпіктердің самарқау қимылынан таныды. Ыбанның «балалаған» шолақ тіліне, саусақтарының оралымды бейнесіне Ақан да түсініп алған. Екеуі бірін-бірі бауырмал ыммен жұбатады. Тіпті, кейде қамкөңіл әке бастан кешкен қилы-қилы күннің қайсыбір хикаясын мылқау серікке шежіре етіп шертеді. Саусақтар сыртылдап, қас-қабак құбылғанда, сырттан қараған адамға, шынында да, жындыға ұқсап көрінуі бек мүмкін еді» [4,59 б.].

«Жиендік» деген әңгімесінде де күй тағдыры, өнер адамының шабытты шағы, шығармашылық психологиясы жан-жақты ашылады. Нағашы жұртына алыстан арнап келген Кенжештің қалағаны Тәпсірден күй болды.

«Тәпсірдің көңіліне өкініш, уайым қашар ұялауда. Әлдебір қимасынан айырылғандай, іші ұлып барады. Күйшінің күйзелісті толқыныста отырғанын сезгендей, жанашыр жиені де аянышпен қарайды. Көзі жаутаңдап, әкенің қолындағы жарты күлшіден дәметкен аш баладай, Тәпсірді де, өзін де аяп отыр» [4, 91б.].

Күй десе ішкен асын жерге қоятын Кенжеш атақты күйшілерден естігенін кеудесіне құйып, кейінгі ұрпаққа жеткізер өкіл ретінде сомдалады.

«Ақбозат» романында Ақбоз аттың тізгінін уысына түсіруді армандаған Біркімбай ел құлағын елең еткізген іс-әрекетін жүзеге асырады. Туған перзенті, жар дегенде жалғыз қызы Гүлнәшты Ақбоз аттың бір құны үшін Шоңбайдың балалы-шағалы ұлы Асылбекке әйел үстіне күйеуге шығуға қияды. Осылай тұлпар тағдырына енді Гүлнәш тағдыры сабақтасады. Асыл тұлпардың тұяғына туған қызының тағдырын қиып жіберген Біркімбайдың әрекетінде не сыр жатыр? Өмір соқпағына түскен балауса Гүлнәш кейіннен, өмір өткелдерін артқа тастап, енді буыны бекіген, оңы мен солын таныған, ысылған, өзі де бір қауым елге бас-көз болуға жарап қалған қалпын танытады. Кейіпкердің өсу жолын қаламгер шынайы танытады. Гүлнәштің өмір жолы қыр-сырымен көз алдыңнан өтіп жатады. Қыз Гүлнәштің ана, жар Гүлнәшқа айналуы табиғи түрде, арналы, ағысты көрінеді. Психологиялық иірім сақталады. Мысалы:

*«Біза, намыс бұған Асылбек безгектей қалшылдап, селкілін баса алмай, отауына келгенде, Гүлнаш қағанағы қарық, сағанағы сарық адамдай, Құтжолға біртіндеп бауырсақ шашып, ермек қып ойнап тұрғанын көрді [4,138 б.]»*

*Гүлнаш қиналған сайын қамкөңіл ата-анасы тамырын құрт үңгіген теректей теңселеді. Бұл теректің жапырақтары әлдеқашан ұшып, бауырында жарыса өскен жалғыз шынары қалып еді. Сол шынардан айырылса, ендігі медеу тұтары, дәме етері кім болмақ? Бір атаның орны омсырайып, ізсіз қалмақ па? [4,142 б.]»*

Автордың шығармаларында халықтың дәстүрлі мәдениеті мен кәсібіне байланысты қалыптасқан нанымдары мен салттары, әдеп-ғұрыптары да көркем шығарма жүйесінде айтарлықтай эстетикалық, танымдық қызмет атқарады. Т.Әлімқұлов туындыларында қазақ халқының ұлттық нышандары, болмысы кеңінен көрініс табады.

*Тіршілік талқысына көп түскен адамның аузына берік келетінін, қырандағы желкілдеген жібек сағымға, бесікке бөленбей, бұла өскен, сықылықтаған сылқым күлкісі, күлімдеген қоңыр көзі, сынық ибасы, шырын назы жүдетті немесе мына үзінді «бесікке асылып, нәресте немересін тербете, қоңырлатып ән салып отырған».*

Осы үзінділерде келтірілген *тіршілік талқысы, жібек сағым, сылқым күлкі, қоңыр көз, бесік* ұғымдары тек қазақ халқында бар ұғымдар.

Қаламгер жазық даланы суреттеген жолдарына назар аударайықшы: *Біресе жасауы мол қызыл-жасыл қыз-келіншек*

түрінде, біресе сары ала киімді, шалқыған сері түрінде, біресе ақ шапанды ашушаң шал түрінде суреттелген сиқыр сахара.

*Келіншек, сері, сахара ұғымдары ұлттық дәстүр мен сананың ажырамас бөліктері.*

*Ол кетсе «ел жатса да енекем жатпайды» деген сәбилік жұмбақ-мәтел есіне түскенде өз халқына өзі күліп те алды – осы үзіндідегі мәтел халық ауыз әдебиетінің көшпелі мотивін, үзілмес дәстүрін еске салады.*

*«Кіндігі бір кісідей ажыраспайтын...», қанатты сөзді күзеп астарлы сөзден үркіп» – «Ақ бозат» романынан алынған бұл оралымдар қазақ танымымен біте қайнасқан сөз саптауы.*

Халқымызда балаға есім беруде өз ұстанымы бар, мәселен тіл-көзден сақтау мақсатында елеусіз есім қойылған осы ырым «Ақ бозат» романында былайша көрінеді: *«Сіздер күлесіздер, ал, біздің өзімізге ешқандай ерсілігі жоқ. Баламыздың есімін ұйқастырмай қойсақ адасып кететіндей көреміз. Және біздің қара қазақта үрдіс, ырым деген болады. Туманың атын ұйпалақтап қоя салса, көзден-тілден аулақ болады деп сенеді. Біздің әулеттен есімі келісті бір-ақ адам шықты. Ол – Гүлнаш» [4, 67 б.].*

Жаз – жайлау, қыс – қыстауды мекен еткен дана халқымыз көктем мезгілін асыға күткен. Жазушы туындыларында көшпелі халық тіршілігі былайша көрініс тапқан: *«Көктем кешінің өз салты бар: жазды аңсаған жалпақ ел жайлауға жеткенше асығады. Алға қарай ілгері үмітпен талпынады. Тасымал тасыған кедей-кепішікке шейін қараөзек шақтың қысымына қыңбай, қабырғасы мұздай жабықсынып, қутың қағады [4, 67 б.], кәдімгі «түске дейін мүйіз, түстен кейін киіз» десетін шақ туып еді [4, 65], Үшкөкшенің онсыз да тесік өкпе боп жатқан қары сылқылдап еріп берсін [4, 65 б.], мінерлік аты, көжеге қатық боларлық ұсақ тұяғы бар. Бірақ көшірмендік көлігі жоқ. Сондықтан жазда ғана киіз үй тігіп, суық түсе тамда қыстап қалатын да» [4, 77 б.].*

Тәкен Әлімқұлов ұлттық салт-дәстүр үлгілерін, ұғымдарын қолданудың шебері десек артық болмас. Мәселен, шілдехана, барымта-қарымта ұғымы, қыз беріп, қыз алысу дәстүрі, бастаңғы т.б. жоралғыларын молынан кездестіреміз.

*Былай ұзаңқырап, жайпауытқа ілігіп, аттың бүйірі қызар шақта көсілтіп жарысып кетті [4, 92 б.], той қылушы Сәтібектің желеуі – баласының шілдеханадан шығуы болатын. Ал, шындығында, осыдан үш жыл бұрын дүние салған әкесі. Мәтібекке берген асы еді [4, 94 б.].*

Жазушы өнер тақырыбын аса үлкен ілтипатпен, жан тебірентерлік сезіммен қозғайды. Мына үзіндіні қарап көрелік:

*Шоңғай лекіте күлмек болып еді. Бірақ кеңкілдеп, жөнді күле алмады. Жарықшағы бар қара қобыздай қиқылдап, тез басылды [4, 81 б.].*

*Шаңқобыз үні аспаптан шықпайды, адам көкірегінің пернесінен шығады. Шаңқобыз тілін саусақ басып, тіл қайырады. Құмыр бұлбұлдың күйсандығындай құйттай аспап талайларды іштей таныстырып, жүрек қылымен жалғастырған [4, 114 б.], қоңыр сазды көңіл-күйін саусағынан сорғалатып төге бастады [4, 115 б.].*

Т. Әлімқұлов өмірден өрбіген шындықтарды көңіл көрігінде қорытып, жүректен қозғап, шынайы жеткізеді. Халқымыздың тұрмыс-тіршілігін, мәдениеті мен әдебиетін, салт-санасын ой сүзгісінен өткізіп отырады.

Ұлт мінезін, ұлт танымын таныту мақсатында жазушы қаламы бір дамылдамаған. Сөз соңында: «Тәкен Әлімқұлов табиғаттың ұлтымызға сыйлаған аса жомарт сыйы, қазақ сахарасының өрі мен ылдиын, шөлі мен көлін, даласы мен құмын қаламына алаламай кіріктіріп, тұтас әлем жасап, соңына өлместей мұра тастаған бірегей жазушы сирек-ау» – деген Жұмабай Шаштайұлының сөзімен ой қорытқымыз келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы: Санат, 1996. – 238 б.

2 Пірәлиева Г. Қазіргі қазақ прозасындағы психологизм мәселелері. Автореферат. – Алматы, 2004. – 120 б.

3 Вильгельм фон Гумбольдт. Язык и философия культуры. – М.: Прогресс, 1985. – 452 с.

4 Әлімқұлов Т. Тұлпарлар тағдыры. Роман, повестер мен әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1975. – 321 б.

#### Резюме

В статье рассматриваются понятия психологизм, национальный психологизм, приводятся мнения ученых. Анализируются произведения Такена Алимкулова, особое внимание уделяется популяризации творчества писателя, особенностям в которых мировоззрения казахского народа.

#### Resume

The article deals with the concepts of psychology, national psychology. Opinions of scientists are given. The works of Taken Alimkulova are analysed. Special attention is paid to the popularization of the writer, especially the worldview of the Kazakh people, means of work.

## ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ САНДЫҚ ЭТНОНИМДЕРДІҢ МӘНІ МЕН ЭТИМОЛОГИЯСЫ

**Ж.Қ. АЙДАРБЕКОВА**

докторант,  
Л.Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті

### **Аннотация**

Мақалада түркі жазба ескерткіштеріндегі сандық этнонимдер туралы жазылады. Олардың лексика-семантикалық мәні қарастырылып, шығу тегіне байланысты этимологиялық талдау жүргізіледі, сан мен этноним арасындағы этнолингвистикалық және когнитивтік лингвистика зерттеу аясы тұрғысынан теориялық болжамдар ұсынылады.

*Түйін сөздер:* түркі, жазба ескерткіштер, сан, этноним, мағына, этимология, лексика-семантикалық байланыс, этнолингвистика, когнитивтік лингвистика.

Сөз – бұл өзіндік жеке генетикасы бар миф (А.Потебня), ритуал (М.Маковский), бірлік [1, 9 б.]. Олай болса «сан» – ол да сөз, әлемдік мәдениет пен дүниетаным туралы ұғымның лексикалық репрезентациясын берудің бір құралы. Сан – бұл логикалық, философиялық, ұлттық-мәдени құндылықтары бар тілдік бірлік. Бір жағынан, арифметикалық (математикалық) жүйенің бір белгісі болса, екінші жағынан, кез келген тілде жалпы қолданылатын лексикалық бірлік [2, 20 б.].

Кез келген санды этимологиялық, лексика-семантикалық, лингвомәдени, танымдық тұрғыдан зерттеу – санның тілдегі лексикалық семантикасын анықтайды. Егер санды анықтауыш деп алсақ, ол өзге сөздермен тіркесу арқылы сол тілдің иесі болып табылатын ұлттың басқа да рухани, мәдени, материалдық мәдениетіне қатысты, әлеуметтік болмысындағы құбылыстар мен заттарды, абстрактілі ұғымдарды да анықтайды деген сөз. Мысалы, «алты алаш жұрты» күрделі атауын алайық. Мұндағы «алты» саны тек нақты заттың санын, мөлшерін атап қана қоймайды, сонымен қатар «алаш жұрты» сөзімен бірігіп, қазақ халқының этникалық құрылысына қатысты ақпаратты құрайды.

Яғни, «сан ұғымдарын қолданып күрделі атау жасау – жаңа ұғымға ат беру өз алдына бір процесс болса, енді сол күрделі атаулар арқылы әлемнің тілдік бейнесін қалыптастыру, қоршаған ортаның танымдағы бейнесін құру – бұл өз алдына қарастырыла алатын тағы бір процесс болып отыр. Бірінші процесс – тіл шекарасында өтсе, екінші процесс таным деңгейінде жүреді. Екеуі бірінсіз бірі жүзеге аспайды да, тіл мен таным тұтастығының айғағы болып табылады [3, 20 б.].

Осыған орай, түркі жазба ескерткіштеріндегі сандық этнонимдерінің мәнін анықтау – ұғымның этимологиялық, мифологиялық, тарихи, мәдени, танымдық тұрғыдан сипатын айқындайды. Түркі жазба ескерткіштеріндегі сандық ұғымдар әртүрлі тақырыптық бағытта болып келеді. Мысалы, біріншіден – тайпа және этнос атауларымен байланысты, екіншіден – жорықтар мен шайқастардың санымен, үшіншіден – түркілерден жеңіліс тапқан және қаза болған жау санымен, төртіншіден – қайтыс болған түркілердің саны, бесіншіден - түркі әскерінің саны мен көлемі, құрамымен байланысты, сонымен қатар, кеңістік пен уақыт ұғымын беретін өлшемдермен [4, 74 б.] және т.б. сол сияқты ұғымдық атаулармен байланысты қолданылады.

Сандық этнонимдер – халықтың тарихын, оның тайпалық құрамын, этно-генеологиялық бұтағын жасауда үлкен роль атқарады. Бұл қызметті атқару үшін «сандық этнонимдік» тіркесті лексика-семантикалық, этимологиялық, лингвомәдени және танымдық аспекті тұрғысынан талдау қажет.

Түркі жазба ескерткіштерінде молынан кездесетін сандық этникалық атаулар *он оқ, тоғыз оғыз, сегіз оғыз, үш құрықан, қырық аз, тоғыз оғдамдам, жүз күмүл, алты чуб (создақ), отыз татар, тоғыз татар* т.б. Сандық этникалық атаулардан басқа табғаш, тат, басмыл, түргеш, қытан татабы, төліс, тардуш, қарлұқ, құрдан, қырғыз т.б. тайпа, этнос атаулары да бар.

Ескерткіш тілінде *он оқ* этнонимі – ең ірі этникалық атаудың бірі. «*On oq budunı qalisiz tasıqmıs tir*» - «Он оқ халқы қалмай жиналды» [5, 110 б.]; «*On oq budunı emgek körti*» - «Он оқ халқы бейнет көрді» [6, 175 б.].

«Он оқ» – VI ғасырдың соңына таман өзара ішкі таққа таластан, Түрік қағанаты Батыс және Шығыс түрік қағанаты болып бөлінгенде, Жетісу, Шу өңірі, Еділдің төменгі ағысы, Есіл мен Ертіс өзендерінің жоғарғы сағасын мекен еткен тайпалар. Олар Батыс түрік қағанатын құрайды. Тарихшылар пікірінше, кейін «он оқ» тайпасы басмыл, қыпшақ, қарлұқ, сегіз оғыз, арғу, тоғыз оғыз, және

т.б. тайпалармен бірігіп, қуатты Түркі қағанатын құрған. Н.Я. Бичуриннің пікірінше, «он оқ» – он (10) түркі тайпасының жалпылама атауы. Әрбір тайпа 10 мың атты жасақ шығара алған және әр тайпаның жебелерінің айырмашылықтары болған, яғни он түрлі оқ пайдаланған. Олардың 5-уі – жчумгунь, хупуву, нишетидунь, туциши – хэлон, шуниши – чубань дулат (дулу) бірлестігіне, 5-уі – асиги, гэшу, басайган – дуншибо, асиги – нишу, гжшу – чубань тайпалары нушеби бірлестігіне қараған [7, 192 б.]. Ғалым келтірген дерек қытай жылнамаларынан алынғандықтан, этнонимдердің түркілік тұлғасын тап басып анықтау қиын. Біраз зерттеушілер «он оқ» құрамындағы тайпалардың басым көпшілігін үйсін этносынан таратады. Көне түркі тілінде оқ «стрела» [8, 368 б.] қазіргі түркі тілдерінде де «оқ, жебе» мәнін сақтаған. Көне түркі әліпбиінде ↓ ↑ жебенің таңбасы қ дыбысын, оқ, уқ/қо, қи дыбыс тіркестерін бейнелеуі де «оқ» этнонимінің мағынасының айқын екендігін көрсетеді. «Он оқ» этнонимінің он тайпалық одақтың атын білдіруі оқ және \*уү/оү «род, племя» тұлғаларының арасында семантикалық байланыс жоқ па деген ойға жетелейді, себебі қазіргі түркі тілдерінде \*уү/оү архитұлғасының қатаң варианттары да кездеседі, салыстырыңыз: ұк/оқ, ұқсас «тектес», жергілікті ерекшеліктерде – ұқсас.

Профессор М. Жолдасбеков «он оқ» этнонимінің лексика-семантикалық сипатын атақты түркітанушы Л.Н. Гумилевтің пікірімен сәйкестендіреді. «...Батыс қағанатының құрамына енген рулардың ішіндегі ең бастылары Дулу (дулаттар) одағы мен Шу, Талас, Ыстықкөл маңындағы Нушебилер (үйсіндер) еді. Дулаттар мен нушебилердің әрқайсысы дербес бес рудан тұрса керек. Батыс қағанатын кейде «он ру» немесе «он оқ» халқы деп айтатыны да сондықтан. 604 жылы Батыс қағанаты құлайды. 635 жылы дулаттың бес руы, нушебилердің бес руы бөлініп, өз араларынан бек сайлап, биліктің белгісі ретінде оларға оқ береді. «Он оқ түрк» деген сөз содан қалған» [9, 22-23 б.б.]. Олай болса, «он оқ» деген этноним «он ру» деген мәнді ашады.

Этнолог-ғалым А. Абдрахманов «қазақ» сөзінің шығу тегін «қаз» және «ог» (оқ) сөздерінің бірігуінен жасалған деп түсіндіреді. Ғалымның пікірінше, «Ог» (оқ) сөзі ежелгі түркі тілінде «ру, тайпа» деген мағынаны берген десе, «қаз» (қас) сөзі «нағыз» не «қаз» (күс атауы) болуы мүмкін деп болжам жасайды. Егер олай болса, «нағыз ру», «нағыз тайпа» деген сөз тіркесінің мәні тереңірек. Профессор Н.Ф. Шаймердинованың пікірінше, «он оқ» этнонимінің тарихы секілді, өзге де сандық этникалық атаулардың астарында тарихи

шындық, оқиға жатады. Бірақ уақыт өте келе, тарихи негіз ұмытылып, тек этнонимнің атауы қалады. Кейін бұл этноним сол тайпаны құраған ру атауларымен аталып, рудың, тайпаның бір түрін ғана қалдырған. Мәселен, үйсіндер, дулаттар деп аталуы [4, 76 б.].

Этникалық құрамы жағынан келесі үлкен әрі көне топ – «тоғыз оғыз» тайпасы. «Тоғыз оғыз беглері, будуны бу сабымын едгүту есід, Қатығды тында», яғни «тоғыз оғыз бектері, халқы Бұл сөзімді мұқият тында, терең ұқ» [9, 45 б.] – дейді. Немесе:

«Йабғуғ, шады анта берміс  
Біріне табғач будун йағы ерміс  
Йырай Баз қаған Токуз оғуз  
Будун йағы ерміс», - яғни  
«...Жабғы, шад сайлапты  
Оңында – табғаш халқы жау еді  
Солында – Баз қаған Тоғыз  
ОғызХалқы жау еді» [9, 51 б.].

744 жылы қыпшақтар билеген Түрік қағанатын тоғыз-оғыздар құлатады. Оған дейін 500 жыл бойы билеуші тайпа қыпшақтар болған.

«Оғыз» этнонимінің этимологиясы туралы әртүрлі пікір бар. А.Н.Кононов: «ОQ» (оқ) «стрела» + «uz» (уз) коллективный суффикс. Слова «стрела» приняла значение термина «племя, племенная организация». В тексте «Култегина» (Култегин Е3) слова «ogsiz» имеет значение «не имеющий племенной организации». Несколько лучше значение ассоциируется «сородич», пример этому «огул» - сын, «оглан» - дети [10, 82-84]. Бұл пікірге сәйкес, ескерткіштердегі «тоғыз оғыз» этнонимі «тоғыз жеке тайпа» деген мағынаны, не «тайпалас, бір тайпаның 9 ұлы» деген мәнді береді.

«Оғыз» атауының екінші лексика-семантикалық сипатын Б.А. Серебренников, Н. Гаджиеваның еңбегінде түсіндіріледі. « ... толкование исконно тюрского названия Огуз\\Угуз-ууз-уз таково: словомоним состоит из корня «ог\\уг» и аффикса «з». Аффикс выражает множественность. Корень происходит от слова общей лексики ог\\уг (уг\\ог) в значении «дом, юрта, отдельная семья» [11, 114 б.]. Осы пікірге сәйкес «тоғыз үй», «тоғыз отбасы» деген мағына береді.

Шор тілінің кондом диалектісінде аталмыш тайпа атауы «уг (уге)» - уй. Тіпті кондом диалектісінің жоғары кондом говорында осы жазылумен сақталса, төменгі кондом говорында «уй» жазылуында сақталған. Мұнда түркі тілдеріне тән г\\й ауслаут



принципін көреміз. Мысалы, таг-тай – тау (тайга-высокая гора), суг-суй (суйлуг) – сулы (влажный, водянистый) [12, 4 б.]. Қыпшақ тілінде бұл сөз формасы уй\ой аулаут өзгерісінде кездеседі. Мысалы, уя – ұя (гнездо) мағынасын береді. Тува тілінде «ог» сөзі кездеседі, бірақ жеке-дара емес, тіркесте «ог-буле ажыл агыйы» - «үй - бұл үй ошак» (дом, как домашний очаг, хозяйство). Көне түркі тілінде «огуш \ огуз» сөзі – ру, тайпа, тайпалық бірлестік деген мағынаны білдіреді [12, 7 б.].

Жоғарыда «оғыз» сөзінің шығу тегіне байланысты болжамдардың негізінде «үйлер, жатақтар» деп алсақ, «з» аффиксінің көптік мағына беретінің ескерсек, онда жалпы ұғымы «ру, тайпа, бірлестік» деген сөз. Ал «тоғыз-оғыз» деп аталуы осындай ру не тайпаның тоғыз санынан кем тұрмайтындығынан болу керек. Бүгінгі күнде «керей» руы сол «тоғыз-оғыздың» негізін құраған.

Көне түркі сөздікте «оғыз» сөзінің 3 түрлі мәні бар: бірінші – тайпа, одақ; екінші – уыз (алғашқы көктемгі сүт); үшінші – атақ, шең (титул). Мысалы, «Oyuzqa bes süñüsdı» – «Оғыздармен бес рет соғысты» [5, 49 б.]; «Bu tabyaçda jirja beg oyuz ara jeti-egen jayı bolmıs» - «Бұл батыс табғачтағы оғыз бектері арасынан бізге жеті-ерен (бектігі) жауласты» [13, 145 б.]. Көне түркі тілінде оғуз «первое молоко, молозиво» [8, 365 б.], яғни уыз мәнін береді. Оғыз этнонимінің уыз лексемасына қаншалықты қатысы бары белгісіз. Дегенмен қазақ шежіресі «Ерте кездерде Ай деген қағаннан бір ұл туып, ол анасының уызын ішкен соң, сүтін ембей, бірден ас ішіп, тілге келе бастады. Ол ер жеткенде данышпан қолбасшы болып, әке тағына отырады. Оның қарамағындағы халық Оғыз елі атанып кетеді» дейді [14, 33 б.]. Бұл аңыз ғана. Аңыздағы Ай антропонимі де көңіл аударарлық, салыстырыңыз:  $az \approx aj$ ,  $d \approx z \approx j$  сәйкестігі түркі тілдерінде жиі кездесетін құбылыс. Көне түркі тілінде оғуш «род, племя» [8, 365], өг «мать» [8, 365 б.] сөздері де қолданыста болған. Өмірге ұрпақ әкелетін «ана» мәніндегі өг, дүниеге алғаш келгенде ауызданатын сүт «уыз» мағынасындағы үуз «ру, тайпа, шыққан тек» мәнін білдіретін оғуш сөздерінен тек тұлғалық қана емес, мағыналық сабақтастық та айқын байқалады. \*оғ/өг тұлғаларын гомогенді түбірлер деп алуға толық негіз бар. Аталған моносиллабқа оғуз этнонимінің қаншалықты қатысы барын айқындау үшін, алдымен этнонимінің морфологиялық құрылымын, сөзжасамдық тәсілін, яғни түбір морфемаға қосымша морфема жалғану арқылы жасалғанын немесе екі дербес сөздің бірігуі арқылы қалыптасқанын анықтап алу қажет. Ғ. Айдаров оғуш

этнонимін он оқ этнонимімен байланыстыра отырып, «бұл сөз оқ деген ру атымен – з деген ескі көптік жалғауынан құралған. Сонда оқтар мен оғыз сөзінің алғашқы түбірі бір екендігіне ешкім де шүбәланбауы тиіс. ... Түркі қағанаты кезінде бұл сөздердің мағыналары сараланып екеуі екі басқа тайпаны көрсеткен» [15, 42 б.] деген пікір айтады.

«Тоғыз-оғыздан» бөлек «сегіз-оғыз» этникалық атау бар. Бұл ретте «оғыз» сөзі жоғарыда келтірілген мәнге ие десек, яғни «тайпа, ру, бірлестік не үй», онда «сегіз оғыз» этнонимінің мәні түсінікті. Алайда оның негізін құраған қандай тайпа?

«Сегіз-оғыз» атауы алғаш рет 747-жылы Мойынчор қаған билігін мойындамай қарсы шыққан уақыттан белгілі. «Тоғыз татар» тайпасымен бірігіп, өздері Білге түтіктің үлкен ұлы Тайды қаған етіп сайлап алады (Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край). 750 жылы Түрік қағанаты қағанат Орталық (Орда) және сол (төлес), оң (тардуш) қанатқа бөлінген. Осы саяси әрі әкімшілік бөліністе он жеті Азбайыркудың бір бөлігін «сегіз-оғыз» деп атап сол қанатқа, екінші бөлігін «тоғыз-оғыз» деп атап оң қанатқа кіргізген. «Сегіз-оғыздың» негізгі құрамы – наймандар болған дейді. Бұл тайпалық одақ атауы Ұйғыр қағанаты дәуіріндегі руникалық ескерткіштерде кездеседі. Рашид-ад Дин зерттеулерінде найман тайпасы мен моңғолдардың салты мен әдет-ғұрпы өте ұқсас деп айтылады [7, 83 б.].

Тарихта көне моңғол жазуын ұйғыр білімділері құрастырған деп айтады. «...Духовная культура монголызычных народов – это старомонгольская письменность. Графической основой письма стало - уйгурское вертикальное письмо» - делінген [16, 2 б.]. «Сегіз-оғыз» тіркесіндегі түркі «сегіз» саны мен моңғол тіліндегі «8» саны «найман» деген сөзге балама. Көне моңғолша «NeUmea» [nauiman] – сан есім «8» (сегіз) деп [16, 50] көрсетілген. Яғни, «сегіз-оғыз» тіркесіндегі «сегіз» сөзінің орнына «найман» сөзі жазылса, онда бұл этнонимнің астарында «найман-оғыз» деген мән жатыр. Осыдан келіп бүгінде «сегіз-оғыз» тайпа атауының орнына сол тайпаны құраған «найман» руы «атау» ұғымында қолданылуы заңды құбылыс.

Ш.Құдайбердіұлының да «наймандардың арғы тегі – ұйғырлар» деп көрсетуі тектен-тек емес [17]. Шын мәнінде де, «сегіз оғыз» этнонимі моңғол халқы арқылы ұйғырлар мәдениетімен ұштасады. Тіпті, Білге қаған жырының мәтнінде «тоғыз оғыз» тайпасымен түскен шайқаста :

...сонда соғыстым, әскерін шаныштым (қырдым).

Бағынатындары бағынды, халық болды.  
Өлгендері өлді. Селеңе (өзені) бойымен  
төмен жүріп, оларды қысымға алып,  
үй-мүлкін сонда олжа еттім. Қойнаудан асты.  
Ұйғыр елтебері жүзге тарта ерімен  
ілгері (шығысқа) қашып кетті. [9, 36-37 б.б.]

Мұнда біріншіден, Селеңе өзені қазіргі Моңғол аумағынан өтіп, Ресей территориясындағы Бурят автономдық республика арқылы өтіп, Байкал көліне құятын ірі өзен. Ал Ұйғыр автономиясы солтүстік-шығысында Моңғолиямен шектеседі. Екіншіден, ұйғырлар Оғыз-қаған тұсында «тоғыз-оғыз» тайпасының тоғызыншы тайпасы болған. Ұйғыр тайпасының өзі он рудан тұрған. Тарихта «он-ұйғыр» деген этникалық атау бар. Ш.Құдайбердіұлының «наймандардың арғы тегі – ұйғырлар» деп болжам жасауы «тоғыз-оғыз» тайпасының құрамында «сегіз-оғыз» (яғни, наймандар) және ұйғыр руларының бірге болғандығынан болар.

«Үш құрықан» тайпасы – қазіргі якуттардың (саха) ата тегі. В.В.Филлиповтың пікірінше, теле тайпасынан тараған сахалар оғыз тайпасының тілдік ерекшелігін сақтап қалған жалғыз ру. Джикеев пікірінше, құрықаннан түркмен руы қарқынды түрде тараған. 7-ғасырдан кейін құрықандар туралы еш тарихи дерек жоқ. Ю.А.Зуевтің пікірінше, 8 ғасырдың басында құрықандар Батысқа бет тартқан, ал қалған теле-оғыз тайпалары (құрықандар) моңғол тайпаларымен араласып кеткен [7, 39 б.] дейді. В.В.Бартольд аз тайпаларының астанасы Жетісудағы Суяб қаласы екенін айтады [18, 19 б.].

Құрықан – Қытай жылнамаларында кездесетін 15 телес тайпаларының бірі болып саналады. Этнолог ғалымдардың пікірінше, құрықан тайпасы Лена және Аңгара өзендерінің жоғарғы ағысынан Байкал көліне дейінгі аралықта, қырғыздардан шығысқа қарай орналасқан көне түркі жазба ескерткіштерінде «үш құрықан» атымен белгілі. «Танхуйао» жылнамасы бойынша құрықан тайпасын екі еркін (титул) басқарады. Юанши жылнамасында құрықандар қырғыздарға бағынған, алайда тілі жағынан айырмашылығы бар. Белгісіз автордың «Худуд-ал-Алам» шығармасында да жоғарыда айтылғандар қуатталады [7, 39]

«Аз» - хақастардың арғы ата-бабалары болу мүмкін. Аз қауымы – Орта Азия сақтарының сілемі. Геродоттың куәгерлік етуінше олардың арасында ясси, яти, атаси тайпалары болған. Ясси – ежелгі Түркістанға өз атын берген жұрт. Аталмыш қауым – дарға

жататын Батыс Түрік жұртында екі ұлыс асицзе, Шығыс Түрікке жататын аз тайпасы болды. М.Қашқари бұл қауымды «азық» деп жазып, өзі де сол тайпаның түлегі екенін атап көрсеткен [19, 42 б.].

Кейбір ғалымдар «Az elteberin tutdı» - «Аз (халқы) елтеберін тұтты» КТү. 43 (Айд. I, 190); *Ölgi az eri boltım* «Шөлдегі аз ері болдым» Тон. 23; *Özüm az jirim* «Өзімнің аз жерім» Тон. 24 (Айд. II, 108) мысалдарына сүйеніп «Азау (Азов)», «Каспий (Хазар)» теңіздерінің, «Кавказ тауы» сөздері құрамында \*az/\*as → \*xas, \*qas, \*qaz компоненттерінің сақталуы және олардың осы аймақтарда өмір сүруі кездейсоқ құбылыс болмаса керек [20, 108 б.] деп болжайды. Ал көне тайпалар аздар мен сақтардың тарихи, генеалогиялық байланысы негізінде қазақ этнонимі қаз (<hаз<хаз<қаз) және сақ лексемаларының бірігуі арқылы жасалғаны тарихи-лингвистикалық тұрғыдан дәйектелген мәселе [21, 47-51 б.].

Орхон ескерткіштерін алғаш оқыған ғалымдар В.Радлов, В.Томсендердің ізімен С.Е.Малов, А.Аманжолов т.б. қіргіз деп оқып, қазіргі қырғыз этнонимімен тікелей байланыстырады. Ғ.Айдаров осы сөйлемдердегі этнонимді қірг аз «қырқ аз» түрінде оқуды жөн санайды [22].

Көне түркі ескерткіштеріндегі сандық этнонимдерге лексика-семантикалық, этимологиялық талдау жүргізе отырып, сан мен этнос арасындағы тарихи, лингвомәдени, танымдық байланысты орнатып, этностық топтардың құрылымдық негізін, субэтникалық құрамын анықтауға болады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Гармаева А.Э. Числовая символика в монгольских языках. Улан-Удэ, 2009. – С.63
- 2 Зиновьев В.Н. Лексико-семантические особенности числительных в разных языках. // Межвузовский сборник. Лексика. Терминология. Стили. – Горьковский университет, 1974 г. – вып 3. – С. 20-39.
- 3 Қасым Б., Жақанова Г. Сандық ұғымдар арқылы жасалған күрделі атаулардан тізілген концептілер. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Филология» сериясы, №2 (40), 2012. - 3-5 б.
- 4 Шаймердинова Н.Г. Репрезентация в языке древнетюрской картины мира. – Учебное пособие. – Астана: Арман-ПВ, 2009г. – 252 с.
- 5 Айдаров Ғ. Тоникүк ескерткішінің (ҮШ ғасыр) тілі. – Алматы: Қазақстан, 2000 ж. – 120 б.
- 6 Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. – Алматы: Ана тілі, 1995ж. – 232 б.
- 7 Сыздықов С.М., Қарқаралы - Қазылық: Ғылыми-танымдық кітап. – Астана: Фолиант, 2015 ж. - 304 б.
- 8 Древнетюркский словарь. Редакторы Наделяев В.М., Насилов Д.М., Тенишев Э.Р., Щербак А.М. – Ленинград: Наука, 1969г. – 716 с.
- 9 Жолдасбеков М. Асыл арналар. Жеті томдық шығармалар жинағы. 1-т. – Астана: Фолиант, 2012ж. – 344 б.

- 10 Кононов А.Н. Родословная туркменов. Москва – Ленинград: Издательство АН СССР, 1958 г. – 288 с.
- 11 Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков / Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З.. – Изд. 3-е. – Москва: Едиториал УРСС, 2010 г. – 304 с.
- 12 Чиспияков Э.Ф. О происхождении шорцев // ТуганЧер. – 1997. – № 7. - С. 3-4.
- 13 Сарткожаұлы Қ. Байырғы түрік жазуының генезисі. – Астана: Арыс, 2007– 301 б.
- 14 Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. – Ташкент: Узбекистон, 1994. – 144 б.
- 15 Айдаров Ғ., Сыздықов С. Орхон жазба ескерткіштері. ЖОО филология факультетінің студенттеріне арналған әдістемелік нұсқау. – Алматы: Ана тілі, 1989 ж. – 75 б.
- 16 Золтоева О.Ф. Старописьменный монгольский язык. Учебное пособие. – Улан-Удэ: Изд-во ВСГТУ, 2007г. – 142 с.
- 17 Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі// abai.kz ақпараттық порталы.
- 18 Бартольд В.В. Очерки истории Семиречья. – Фрунзе: Восточная литература, 1943г. –329 с.
- 19 Материалы по истории туркмен и Туркмении. – Москва: Ленинград, 1939г. Том I. - 144б.
- 20 Аманжолов С. «Қазақ» деген сөз қайдан шыққаны туралы // Қазақ тарихынан. – Алматы, 1997. – Б. 105-108.
- 21 Кайдаров А.Т., Кайчубаев Е. К. К лингвистическому объяснению этнонима «Қазақ» // Вестник А.Н., КазССР. 1972. – № 2. – С. 47-51.
- 22 Ескеева М.К. Түркі этнонимдерінің көнетүркілік қабаты// Ономастикалық хабаршы. №2, – Астана, 2016 ж., 16-23 бб.

#### Резюме

В статье рассматриваются числительные – этнонимы древнетюркских письменных памятников. Проводится лексико-семантический анализ этнонимов, их этимологическое происхождение, анализируется когнитивная связь между числом и этнонимом.

#### Resume

In the article the numeral ethnonyms of the ancient-Turkic written monuments are considered. The lexico-semantic analysis of the ethnonyms, their origin is made; the cognitive connection between the number and ethnonym is analysed.

## ЖАҒАНДАНУ ҮДЕРІСІНІҢ АНА ТІЛІНЕ ЫҚПАЛЫ

**С.Қ. ИМАНБЕРДИЕВА**

филология ғылымдарының докторы, профессоры,  
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

**А.Б. ШОРМАКОВА**

педагогика ғылымдарының кандидаты  
Еуразия гуманитарлық институты

### **Аннотация**

Мақалада жаһандану үдерісінің ұлттық мәдениет, тарих, қоғам, ең бастысы – ұлттық тілге әсері қарастырылған. Әлемде жойылып бара жатқан және жанданып, ғылым тіліне айналып жатқан тілдер аясында қазақ тілінің өз орнын анықтап, даму үшін ұсыныстар келтірілген.

*Түйін сөздер:* жаһандану, ана тілі, ұсыныс, жандану, аялық білім.

Адамзаттың өзін-өзі тану мәселесі соңғы кезде ғылымда антропоэзектік парадигма тұрғысынан зерттеулердің қалыптасуына жол ашты. Тұлға тілінің қызметін анықтау барысында, әлемді қабылдауынан туындаған тілдік бейне арқылы адам өзінің ішкі және сыртқы әлемін анықтайды. Адамның қоғамда алатын орны, белгілі бір социумда ұлттық дәстүрдің қалыптасуы, оның дамуы, ұлттық тіл мен мәдениеттің сақталуы барлық адамзатқа тән нәрсе.

Тіл әр халықтың өміріне, тарихына, мәдениетіне, білімі мен дамуына ықпал ететін табиғи фактор ретінде ерекше рөл атқарады, себебі адам дүниеге келген сәттен бастап әлемді өз ана тілінде тани бастайды, сол арқылы әлемнің тілдік бейнесін қалыптастырады. Қазіргі кезде әлемде шамамен 7000-дай тіл бар, алайда жаһандану үрдісі көптеген тілдің құрып кетуіне әкеліп, ғасырдың соңына қарай 3500 тіл жойылуы мүмкін. Соңғы үш ұрпақ өмір сүрген кезеңде әлемдегі 200-ден астам тіл жойылып кеткен, 538 тіл жойылуға жақын, ал 502 тілге қатер төнуде. Мәселен, 199 тілде небәрі 10-ға тарта адам, 178 тілде 10-нан 50-ге дейін адам сөйлейді. Ал бұл қаншама ұлттық дәстүрдің, тарихтың, мәдениеттің, ерекше ұлттық сананың жоғалуына әкеп соғатынын білдіреді. Адамзат әлі ашып бітпеген тарих қойнауында жатқан әлеуметтік, экономикалық, экологиялық т.б. тұрғыдан аса маңызды қаншама жаңалықтарды

қазіргі кезде жойылып кеткен майя, шумер тілдерін білсек аша алатын едік деген сауал ғалымдарды мазалайтыны анық, яғни болашақта адамзат үшін маңызды ақпарат қолданыстан қалып, жойылған тілмен бірге құрып кетуі мүмкін. Қазіргі интернет желісінің кеңінен таралуы, жылдам ақпарат алу мүмкіндігі, БАҚ материалдарының алуан түрлілігі мен қолжетімділігі, бүкіл әлемге ұқсас мәдени үлгілердің таралуы, мәселен, музыка, балаларға арналған мультфильмдер, кинофильмдер, фантазиялық шығармалар т.б. жекелеген адамдардың ғана емес, тұтас ұлттардың ұлттық, рухани құндылықтарының жойылып кету қаупін тудырып отыр. Мұндай ұлттық сананы улайтын қолжетімді әрі жылдам ақпараттар әлемінде кезкелген тұлға өзінің ұлттық құндылықтарын жоғалтып алуы әбден мүмкін. Мұндай жағдайлар әлемде орын алып та жатыр, сол себептен де ЮНЕСКО деңгейінде 2008 жыл Халықаралық Ана тілі жылы деп аталып өтіп, 21 ақпан Халықаралық Ана тілі күні деп жарияланды. Осындай жағдайлардың орын алмауы үшін біз ана тілімізді сақтауымыз керек және оны дамыта отырып болашақ ұрпаққа жеткізуіміз керек. А. Байтұрсынұлы, Т. Шонанұлы, Қ. Кеменгерұлы, Е. Омаров, Б. Малдыбайұлы, Б. Байтоғаев, Ж. Аймауытұлы, Қ. Басымұлы т.б. Алаш зиялылары өздерінің ұлтқа, ана тілге деген жанашырлығын еңбектерінде айтып, ғылым-білімге деген ұмтылыстың ұлттық идеямен сабақтастығын, қазақыландыру идеясының прогрессивтік мәнін, тілдік, мәдени бірегейлікті сақтау, күшейту қызметін XX ғасырдың басында-ақ нақты айқындап көрсеткен. Біз осы ұлы тұлғалар бастаған ісін жалғастыруға міндеттіміз.

Тіл ең керемет қатынас құралы ретінде әлеуметтік және психологиялық факторлардың тікелей әсерімен қалыптасады, осының негізінде қоғамның немесе жеке тұлғаның дамуы мен өмір салты анықталады. Дегенмен қоғамда орын алған өзгерістің барлығы тілдің дамуына әсер ете бермейді, сол сияқты сырттан әсер ету де қажеті нәтиже бермейді.

Тіл әркез өзгеріп, толығып, дамып отырады, геосаяси жағдайларға байланысты кірме сөздерді қабылдайды, оларды өзінің заңдылықтарына бағындырады, әйтпесе ол өлі тіл қатарында болар еді. Негізінен, кірме сөздерді қабылдаудан қорықпау керек, қазіргі кезкелген тіл кірме сөздерге толы, мәселен, *сұрапыл* – 4 періштенің бірі Эсрафил есімінен қалыптасқанын тіл иелерінің бәрі біле бермейді, сол сияқты, *магазин*, *шофер* немесе *сарафан* сөздерінің орыс сөздері емес екенін кезкелгені біле бермейді.

Заман өзгеруіне қарай, сән де, тілдік бірліктерге деген сұраныс та өзгеретіні белгілі, мәселен, қазіргі кезде шаштараз сөзін стилист, маклер сөзін риэлтор сөзі ығыстырып барады. Бұл тілдің әртүрлі әлеуметтік, экономикалық немесе саяси әсерлердің негізінде өзгерістерге бейім, тірі ағза ретінде өзінің жауабын байқатады. Алайда соңғы жылдары тіл білімінде тіл тазалығы термині тілді тұтынушылардың, кәсіби мамандардың тілді таза сақтау мақсатында қалыптасты, бұл тілдік бірліктерді өмірге әкелетін халық, бірақ әркез халық қандай да бір дұрыс тілдік бірлікті қалыптастырды дегенді білдірмейді.

М. Кроунгаз кірме сөздердің тілде бар вариантын іздемеу тілді тұтынушылардың жалқаулығы дейді [1], мәселен, @ – орыс тілінде «собачка» болса, итальяндықтар оны «ұлу», неміс тілінде «су иірімі», қазақ тілінде «айқұлақ» деп алып жүрміз. Бұл, әрине, жаппай тілді тұтынушылардың осы белгіге қатысты ең алғаш санада қалыптасқан әсерге, оның өзі әртүрлі болып келеді, белгілі бір дыбыстық қабатына, мағына реңктеріне, құлаққа жағымды қабылдануына қарай қалыптасып, жалпы бір ұғымға тоғысқанда шыққан термин болуып мүмкін. Мұның өзі жалпы ұлттық сана ерекшеліктерін айқындайды. Француздар компьютерлік лексиканы өз тіліне түгелімен аударып алған, Исландия мен Иран өз лексикасын қатаң қорғауға көшкен.

Тіл – санамен тығыз байланысқан, рухани құндылықтардың және қатынас жүйесінің қоймасы болып табылатын адамзаттың маңызды қатынас құралы. Мұнда тілдің санамен тығыз байланыста болуына аса назар аударсақ, санадағы өзгерістер міндетті түрде тілге әсер беретінін байқаймыз, тіл – сонымен бірге рухани құндылықтар қоймасы дедік, оларды жеткізу тәсілі емес, қоймасы, ал бұл тілде жалпы не сақталады деген сауал, тілдік бірліктердің лексика-семантикалық талдау жасасақ, тілдік сана бар екенін айқындаймыз.

Коммуникацияның және ойды жеткізудің маңызды құралы ретінде тіл адамзаттың үнемі әлемді танып, тәжірибенің білімге айналуындағы таным құралы болып табылады. Тіл – ақпаратты тарату және сақтау құралы ғана емес, сонымен бірге негізінен адамның ойлау қабілетін анықтайтын жаңа ұғымдарды қалыптастыратын құрал. Нақты тілдік бірлікті таңдау сана құрылымына әсер етеді, сол арқылы қабылдау және болмысты бейнелеу үдерісін анықтайды.

Тіл арқылы орын алатын таным тұтас, мазмұнды қоршаған болмысты түсіндіретін әлемнің тілдік бейнесін қалыптастыруға әр



етеді. Басқаша айтқанда, бұл адам санасында болмыстың концептуалды-ақпараттық моделін түзу үдерісі.

Таным – адамның қарапайым қабылдауына (нысан туралы ақпарат жеткізетін көру, иіс, дәм сезу, есту) негізделген әлемдегі рухани және физикалық бағытын кеңейту үдерісі.

Сыртқы әлемнен алынған ақпарат сезім мүшелерінен басқа адамның белсенді қозғалысы мен оның бұрынғы тәжірибесін, ұрпақ тәжірибесін жинақтаған тілдің маңызды қатысын қамтитын ұзақ кезеңдерден өтіп, жетеді.

Тіл арқылы таным нысанның қоғамдық тәжірибе арқылы бөлінген ерекшеліктерін жинақтаған тілдік белгі арқылы іске асыру үшін қызмет атқарады, яғни нақты тіл ерекше белгі түріндегі жинақталған білімді береді. Тілдің танымдық қызметі репрезенттік қызметімен тығыз байланыста, осы арқылы тіл басқа да семиоткалық жүйелерден ерекшеленеді. Адамның түйсігімен қабылдағанын тілдік белгі ретінде таңбалауы немесе кодтауы және тәжірибені өзінше түсінуіақпаратты бір тұтынушыдан екіншісіне тасымалдауға және уақыт пен кеңістікте сақтауына мүмкіндік береді.

Нақты тіл ерекше бір белгілер жүйесінде көрініс табатын, мәдени-тарихи тұрғыдан ерекшелінетін өзіндік бір бірегей ақпараттық жазбаны және адамның негізгі танымдық сипатын құрайды. Осы тұрғыдан алғанда таным құралы ретінде тарихи сақтау қызметі маңызды рөл атқарады.

Қазіргі тіл білімі зерттеулерінде білім деп қоршаған ортамен қатынасындағы адамның ақпаратты өңдеу нәтижесі ретінде когнитивтік құрылымдарды таниды.

Мағына адам жадында ұғым тұрпатында сақталады. Ұғынудың нәтижесінде адам заттарды немесе құбылыстарды белгілі түрлеріне қарай топтастырады, бұл оның қоршаған болмысты қабылдауына мүмкіндік береді.

Егер қоғам тәжірибесін немесе қоғамдық сананы «әлеуметтік жады» деп қабылдасақ, белгілі бір тілге тән әлеуметтік немесе қоғамдық білімді осы жадыда жинақтаушы негізгі бірлік – ұғым.

Осы тұрғыдан қарастырғанда, тілді өзінің даму динамикасы бар, өзін өзі бағыттаушы және ұйымдастырушы әлеуметтік жүйе деп айтуымызға болады. Әлеуметтік-тарихи өткенінің арқасында аталмыш әлеуметтік жүйенің мүшелері жалпы болмыс моделіне «мұрагер» болады және осыған сәйкес оны жалпы когнитивтік, эмотивті және нормативті тұрғыдан қабылдайды.

Жаһандану мәселесі материалды құндылықтарға қатысы болғанымен, тіл, мәдениет, тарих сияқты материалды емес құндылықтарға қатысы болмауы керек, яғни мемлекеттер экономикасын жақсарту мақсатында Дүниежүзілік сауда ұйымына, басқа да осы мақсаттағы ұйымдарға кіруі мүмкін, алайда мәдениет, тарих, тілдің дамуына нұқсан келтіретін ұйымдарды қолдамауы қажет. Себебі ұлтқа тән құндылықтар кезкелген мәдениеттің өзегін әрі өзіндік ерекшелігін құрайды. Осы тұрғыдан алғанда адамдардың ортақантропогенетикалық белгілері, ортақ мәдениеті тұлғаның толыққанды қалыптасуына өзіндік үлес қоса алады.

Қоршаған орта туралы өзінің көзқарасын ерекше белгілер жүйесінде (тілде) сақтай отырып, адамзат тілді қоғамдағы конвенциалды және концептуалды бағытының негізгі құралына айналдырады. Нақты тіл тек белгі жүйесі ғана емес, сонымен бірге адамның – тіл иесінің әлеуметтік дамуының үйлестірушісі болып шығады. Ұлттық тіл негізінде адамның менталды әлемінде көрініс тапқан мәдени концептілер қалыптасады.

Біздің ана тіліміз – қазақ тілі. Қанша ғасырлық тарихы бар ана тіліміз салт-дәстүрімізден, қоршаған ортаны танудан, ұлттық тәрбиеден құнды ақпаратты ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келеді.

Баланың тілі өз ана тілінде шығады, қоршаған ортаны танып-білуде ұлттық тілде сақталған кодтар ерекше рөл атқарады, себебі белгілі бір социумда өзін тұлға ретінде сезінуіне мүмкіндік береді, сол қоғамға, қауымға тән екенін білдіреді, яғни ұлттық бірегейлендіру орын алады.

Тілдік фактор еліміздің әлеуметтік өмірінде ерекше стратегиялық рөл атқарады. Мәселен, ұлттық паремия, прецедентті феномендер т.б. тілдік бірліктер халықтың ұлт екенін көрсетеді, ұрпақ тәрбиелеуде маңызды болып табылады. Мысалы, жер бедері ерекшелігі мен кен байлықтары жөніндегі ақпарат тікелей тілдік бірлікте көрсетілген: *Келіншектау, Миялы, Жусанды, Аңырақай, Дегерес, Жыланды, Жыңғылды, Қарашығанақ, Жезқазған, Кентау, Текелі* т.б. Осыған байланысты тілдік бірліктер экологиялық тұрақтылықты қамсыздандыруда стратегиялық маңызды рөл атқарады. Себебі тіл табиғи орта туралы жергілікті халықтың білімі мен танымын сақтаған.

Сонымен бірге қазақ тілі бүкіл қазақстандықтарды біртұтастыққа біріктіретін фактор болуы үшін, қазақ тілінде көрініс тапқан қазақ психологиясы, ментальдігіне негіз болатын ең маңызды ұғым-концептілерді жаңғыртып, болашақ ұрпақ ұстанымына айналдыру ғаламдық деңгейдегі өзекті мәселенің біріне

айналып отыр. Мысалы, Қыз ұзату – қазақ халқы үшін маңызы зор дәстүріміздің бірі, ал осыған байланысты қаншама тілдік бірліктер қалыптасқан: *сыңсуайтуы, сәукеле киюі, табалдырықтан оң аяқпен аттауы, отқа май құюы* – тұнып жатқан тәлім-тәрбие, ырымдар. Мәселен, *келіннің оң аяғынан* деп ырымдаған. Осы сияқты адалдыққа, серттікке, отансүйгіштікке, қонақжайлыққа т.б. қатысты ұрпақ тәрбиесінде маңызды дәстүрлеріміз тілде көрініс тапқан. Ана тілімізді қаймағы бұзылмаған, таза қалпында сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу үшін біршама шаралар іске асуы қажет. Ол үшін қазақ тілін қолдау 4 бағытта жүргізілуі керек:

### **I. Қазақ тілін мемлекеттік тараптан қолдау:**

Әлемде орыс тілінде 171 000 000 адам (17 елде) сөйлейді екен, орыс тіліне мемлекеттік деңгейде қолдау көрсетіліп, президент тарапынан, Русский мир қоғамы тарапынан қаржыландырады, сонымен бірге әлем деңгейінде байланыс орнатып отырған МАПРЯЛ жұмыс жасайды.

Сол сияқты түрік тілінде 71 400 000 адам (8 елде) сөйлейді. 1932 жылы Ататүрк жасаған реформаның арқасында Үкімет жанында Түрік тіл құрымы (комитеті) құрылған, ол Ататүрк мұрасы шоты есебінен қаржыландырылады.

1. Қазақ тілі мәселесін көтеріп, қолдап отыратын Үкімет жанынан Қазақ тілі комитетін құру;

2. Мемлекеттік деңгейде Үкімет жанынан Қазақ тілі комитетін қаржыландыру;

3. Құзыретті орындарға қазақ тілін жетік меңгерген тұлғаларды қабылдау;

4. ҰБТ мен магистратура, доктарантураға қабылдау емтихандары тізіміне қазақ тілін енгізу;

Қазақтардың саны қазіргі кезде мемлекетіміздің 70% құрайды, осыған сәйкес мемлекеттік тілде сөйлейтіндердің санын 95% жеткізу үшін «**Мемлекеттік тілді оқытудың жол картасы – 2020**» бағдарламасын даярлап, тіл үйрету орталықтары, ЖОО бойынша бірыңғай ақпараттық жүйе базасын жасау қажет. Бұлқолда бар оқулықтар мен оқу құралдарын саралап, тіл үйретудің тиімді жақтарын жаңа технологиялар негізінде шешуге жол ашады.

5. Мемлекеттік тілді оқытатын оқытушылардың қауымдастығын құру:

а) барлық университеттер, колледждер бойынша оқулық пен оқу құралдарының орталықтандырылған базасын жасау;

Сонымен қатар шетелдегі қандастарымыздың, әсіресе, жастардың тілден айырылып, басқа халықтың салт-дәстүрін

ұстануына жол бермеуіміз қажет, оларға қамқорлық көрсетіп, қолдан келгенше көмектесуіміз қажет. Онсыз да жырақта жүрген қандастарымызды біздің ұлттығымызды танытатын, ұлттық санамызды қалыптастыратын салт-дәстүрлерден, тілімізден айырмауымыз керек. Себебі ана тілімізді жаһандану кезеңінде жоғалтып алмауымыз үшін тіл саясатын іштен де, сырттан да жүргізгеніміз абзал, сонда ғана тілге деген сұраныс арта түсетіні анық.

ә) дүниежүзіндегі қазақ тілі оқытылатын университеттер, колледждер, мектептермен байланыс орнату;

б) шетелдегі қазақ тілін оқытатын университеттер, колледждер мен мектептерді оқулық, оқу құралдарымен тегін қамтамасыз ету;

в) тілді оқытудағы инновациялық әдіс-тәсілдермен бөлісу мақсатында бірлесіп конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар, курстар, тернингтер өткізу;

г) Мемлекеттік тілді оқытатын оқытушылардың қауымдастығы ұйымдастыруы негізінде берілген оқытушылардың біліктілігін арттыру сертификаттарын жоғары бағалау.

6. ҚазТЕСТ арқылы қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтау мақсатында ТЕСТ өткізу.

## **II. Қазақ тілін университет деңгейінде қолдау:**

1. Практикалық қазақ тілі пәнін өзге тілді аудиторияларда 1-4 курстарда және магистратурада жүргізу.

2. Мемлекеттік тілде ісқағаздарын жүргізу пәнін 2-3 курстарда қазақ және өзге тілді аудиторияларда жүргізу.

3. Қазақ тілді аудиторияға 3 курста қазақ тілінде Academic writing пәнін міндетті түрде жүргізу.

4. Қазақ және өзге тілді 3 курс студенттерін ФЗИ жұмыс барысымен таныстыру.

5. Кәсіби қазақ тілі пәнін 2-4 курстарда және магистратурада өзге тілді аудиторияларда жүргізу;

6. Университет ПОҚ мен қызметкерлері үшін деңгейлік әрі жалғасымды курстар өткізу;

7. Студенттер үшін қысқы және жазғы (10 күндік) лагерь ұйымдастыру;

8. Университет деңгейінде басқа ЖОО мен компаниялар үшін жазғы және қысқы тренинг, семинарлар өткізу.

## **III. Қазақ тілін мектеп деңгейінде қолдау:**

1. өзге тілді оқушыларды қазақ тілінің грамматикасын ғана игертіп емес, сонымен ойын жеткізуге дағдыландыру;

2. «Қазақ тілі» үйірмесін ұйымдастыру;

3. қазақ тілінде оқушылардың қатысуымен мектеп газетін шығаруды ұйымдастыру;

4. қазақ тілінде мектепшілік және мектепаралық жарыстар, олимпиадалар, конференциялар өткізу;

5. қазақ тілінде оқушылардың қатысуымен сахналық көріністер ұйымдастыру;

6. Мемлекеттік тілді оқытатын оқытушылардың қауымдастығы ұйымдастырған біліктілік арттыру курстары мен семинар-тренингтерге қатысу.

#### **IV. Қазақ тілін балабақша деңгейінде қолдау:**

1. «Қазақ тілі» үйірмесін ұйымдастыру;

2. қазақ тілінде балалардың қатысуымен сахналық көріністер ұйымдастыру;

3. Мемлекеттік тілді оқытатын оқытушылардың қауымдастығы ұйымдастырған біліктілік арттыру курстары мен семинар-тренингтерге қатысу.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1 Кронгауз М.А. Русский язык на грани нервного срыва. 3D (+ CD-ROM). – Астрель, Corpus, 2011. – 480 с.

#### Резюме

В статье рассматривается влияние процесса глобализации на национальную культуру, историю, общество, и самое главное – на национальный язык. Были внесены предложения по развитию и определению собственного конкретного места казахского языка на фоне мировых мертвых, а также процветающих языков.

#### Resume

The article examines the impact of the process of globalization on national culture, history, society, and most importantly - the national language. Proposals were made to develop and define their own specific place of the Kazakh language against the backdrop of the world's dead, as well as prosperous languages.



УДК 343.97

## ОТДЕЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ЛИЧНОСТИ ПРЕСТУПНИКА

**С.М. ИМАНБАЕВ**

кандидат юридических наук, профессор,  
Университет «Туран-Астана»

**З.Б. КАРШАЛОВА**

магистрант кафедры национального и  
международного права,  
Университет «Туран-Астана»

### **Аннотация**

Статья посвящена исследованию вопросов личности преступника. На основе анализа научной литературы, точек зрения различных ученых – правоведов авторы рассматривают отдельные вопросы о личности преступника. Человек не рождается личностью, а становится ею только в ходе своей социальной жизни, поэтому вне общества формирование личности невозможно. Следовательно, человек не рождается преступником, а становится им в результате неблагоприятного нравственного формирования его личности. Проблема формирования ее относится к числу основных криминологических проблем.

*Ключевые слова:* личность преступника, уголовное право, криминология.

Личность преступника всегда была и остается одной из ключевых проблем криминологии, история которой свидетельствует, что наиболее острые дискуссии криминологи вели и ведут как раз по поводу личности преступника. Именно криминология как наука исследует ее природу, формирование, социологические и психологические особенности, выделяет и изучает те или иные ее типы. Во многом, от взгляда на личность зависит научное решение проблемы причин преступности: если преступник наследует по биологической линии причины

преступного поведения (или склонность к совершению преступлений), это означает вполне определенную исследовательскую позицию – преступность наследуется генетическим путем. В свою очередь, это предполагает совершенно иные, чем до сих пор, меры борьбы с ней.

Если же личность преступника – продукт общества, содержание конкретных социально - исторических условий и социальной практики, то подход к ней должен быть совершенно иной. Легко заметить, что от решения теоретических проблем личности преступника зависит решение сугубо практических вопросов борьбы с преступностью.

Человек не рождается личностью, а становится ею только в ходе своей социальной жизни, поэтому вне общества формирование личности невозможно. Следовательно, человек не рождается преступником, а становится им в результате неблагоприятного нравственного формирования его личности. Проблема формирования ее относится к числу основных криминологических проблем.

Следует согласиться с автором, который указывает, что в преступлении человек проявляет себя в качестве общественного существа. Поэтому к нему надо подходить как к носителю различных форм, приобретенных нравственных и иных взглядов и ценностей, индивидуально-психологических особенностей [1, с.311].

Понятие личности преступника должно объединять лиц, виновных в преступном поведении. Как преступность включает такие совсем разные преступления, как убийство и кражу, так и понятие личности преступника в практическом и научном смысле объединяет лиц, совершивших преступления. Поэтому криминология призвана изучать личность всех совершивших преступления, в том числе во внезапных ситуациях, которые до этого не были замешаны ни в чем предосудительном. Все совершившие преступления должны быть предметом криминологического познания, что имеет огромное практическое значение, в первую очередь, для профилактики преступлений. Нельзя не признать, что понятие личности преступника в определенной мере условное и формальное, поскольку отнесение конкретных действий к числу преступных зависит от законодателя. В то же время определенный круг особо опасных преступлений практически остается неизменным. Законодатель, как известно,

может отменить уголовную ответственность за поступки, которые ранее им рассматривались как преступные.

Надо отметить, что у многих лиц, совершивших, например, неосторожные преступления, могут отсутствовать черты, типичные для преступников. Понятие личности преступника должно быть ярлыком для обозначения наиболее опасных и злостных правонарушителей.

Особенности личности преступника не следует понимать так, что они присущи всем без исключения лицам, совершившим преступления. Отсутствие их у некоторой части преступников не снимает вопроса о необходимости их изучения как причин преступного поведения. Именно данный факт позволяет говорить о личности преступника как об отдельном, самостоятельном социальном и психологическом типе, конечно, среди множества других типов, существующих в обществе. Его специфика определяет особенности духовного мира преступников, их реакций на воздействия социальной среды.

Как известно, в уголовном праве наряду с термином «личность преступника» употребляются и иные выражения, например, лицо, совершившее преступление; субъект преступления; личность виновного. Так, последнее из этих выражений охватывает те же признаки и свойства, что и личность преступника, но с некоторым уточнением. В последнем случае акценты расставляются на таких особенностях личности субъекта, его поведения, которые имеют большее отношение к оценке степени вины в содеянном, помогают объяснить причины совершенного им преступления, имеют значение для определения меры его ответственности и тяжести наказания за содеянное.

В юридической психологии личность субъекта, совершившего уголовное правонарушение, изучается в целях оказания помощи правоохранительным органам:

1) при принятии решений уголовно-правового, уголовно-процессуального характера (при квалификации противоправных действий, при избрании меры пресечения обвиняемому, при определении меры наказания подсудимому с учетом характера совершенного преступления и особенностей его личности);

2) в выборе оптимальных тактических решений, тактических комбинаций и приемов воздействия на подозреваемого, обвиняемого (подсудимого) в различных следственных ситуациях;

3) в ходе установления некоторых обстоятельств, подлежащих доказыванию, в частности мотивов преступления, обстоятельств,



характеризующих личность обвиняемого (подсудимого), потерпевшего и др.;

4) при изучении причин совершенных преступлений (по видам преступных посягательств, по лицам, участвовавшим в их совершении и т.д.);

5) в целях определения мер воспитательного воздействия на личность тех, кто совершил преступление и нуждается в перевоспитании [2, с. 368].

Поддерживая мнение авторов, необходимо согласиться с тем, что личность преступника является составным элементом предмета криминологии. Значимость исследования личности преступника состоит, прежде всего, в том, что преступление как акт человеческого поступка и волеизъявления конкретного лица в значительной степени производно от его сущностной характеристики и особенностей. Образно говоря, преступление и преступник являются теми клеточками своеобразного организма преступности, изучение и познание которых способны дать криминологический материал для последующей организации и осуществления предупреждения преступлений

Личность преступника, с одной стороны, - понятие общесоциологическое, с другой - юридическое. Это означает, что личность преступника нельзя рассматривать в отрыве от социальной сущности человека, вне связи со всей системой общественных отношений, участником которых он является. Под их воздействием формируется не только его социальный облик как целостное единство конкретного лица, но и образующие его нравственно-психологические черты и свойства (взгляды, убеждения, ценностные ориентации, жизненные ожидания, интеллектуальные и волевые свойства). Это происходит независимо от того, воспринимает или осознает индивид данный процесс. Поэтому личность преступника следует воспринимать как продукт реальной действительности (хотя и нежелательный, и даже враждебный по отношению к обществу), имеющий свою социальную природу [3, с.287].

С уголовно-правовых позиций о личности преступника можно говорить только тогда, когда лицо совершило преступление и признано судом виновным. Пределы существования личности преступника строго определены законом и заканчиваются с момента отбытия наказания и погашения судимости [4, с.25].

Исследование проблем личности преступника в виде некоего пути по отдельным частям (этапам) весьма условно можно разбить на шесть частей:

- формирование личности преступника;
- личность в ее взаимодействии с конкретной жизненной ситуацией до и во время совершения преступления;
- личность преступника в процессе осуществления правосудия в связи с совершенным им преступлением;
- личность преступника в период отбывания наказания, особенно в местах лишения свободы;
- личность в период адаптации к новым условиям свободы в связи с возможностью совершения нового преступления;
- человек, ведущий аморальное существование, но не преступающий уголовный закон.

Криминологически важно определить то главное звено, которое придает личности характер целостности. Причем это не простое механическое перечисление всех его признаков – психологических, демографических, правовых и т.д. Основополагающим является представление о личности преступника в целом как о субъекте и объекте общественных отношений, как носителе социальных, психологических и биологических особенностей, влияющих на ее поведение. Понятие целостности личности адекватно понятию непротиворечивости личности, находящему выражение в постоянстве ее мотивов, образа жизни и поведения. Применительно к каждому человеку целостность представляет собой постоянно взаимодействующие друг с другом его свойства и особенности, создающие неповторимый, единственный в своем роде облик. Личность любого преступника, личность любого бродяги не менее сложна и интересна для науки, чем личность короля или великого писателя. Поэтому для ее научного познания необходима специальная профессиональная подготовка, в первую очередь, психологическая. Криминологи должны явно представлять себе, что только по документам, статистическим данным и материалам уголовного дела невозможно понять личность преступника и причины преступного поведения. Для этого нужно изучать людей с помощью психологических подходов и методов, непосредственного общения с ними в рамках клинических бесед и применения тестов. Это очень сложно, но для науки только такой контакт и нужен, поскольку он обеспечивает достоверность исследования.

Именно в процессе формирования личности, которое является не чем иным, как социализацией человека, начинает складываться его неповторимый индивидуальный облик, его ориентации и предпочтения, ведущие мотивы поведения, то есть такие мотивы, как защита, самоутверждение, игра. Верховенство этих мотивов в том, что они находятся в центре миропонимания, мироощущения личности, определяют его отношение к другим людям.

Социализация личности как активный процесс длится не всю жизнь, а лишь период, необходимый для восприятия комплекса норм, ролей, установок и т.д. на протяжении времени, нужного для становления индивида как личности. Можно выделить первичную социализацию, или социализацию ребенка, и промежуточную, которая знаменует собой переход от юношества к зрелости, то есть период от 17–18 до 23–25 лет, и период зрелости – остальную жизнь. Особенно важную роль в формировании личности играет первичная социализация, когда ребенок еще бессознательно усваивает образы, образцы и манеру поведения, типичные реакции старших (как правило, это родители), на те или иные проблемы. Психологические исследования личности преступника показывают, что уже взрослым человек часто воспроизводит в своем поведении то, что запечатлелось в его психике в период ранней социализации. Например, он может применить грубую силу для разрешения какого-либо конфликта, поскольку так поступали его родители. Здесь надо сделать одно промежуточное, но очень важное замечание. Если ребенок или подросток имеет эмоциональные контакты с родителями или другими старшими членами семьи, то он, скорее всего, будет поступать, как они. В противном случае повторение их поведения менее вероятно [5, с.912].

Дефекты первичной, ранней социализации в родительской семье могут иметь криминогенное значение, в первую очередь, потому, что ребенок еще не усвоил другие положительные воздействия, он полностью зависим от старших и совершенно беззащитен от них. Поэтому вопросы формирования личности в семье заслуживают исключительного внимания криминологов.

Таким образом, можно сделать вывод, что семья не только дарит человеку жизнь, в семье человек получает свой первый социальный опыт, делает первые шаги, говорит первые слова. На становление личности человека влияют не только мать и отец, но и другие члены семьи. Очень важно, чтобы ребенок воспитывался в доброжелательной атмосфере, чтобы в процессе воспитания у родителей не было разногласий по поводу методов его воспитания,

чтобы ребенок не был свидетелем конфликтов. Родители несут серьезную ответственность – воспитать детей достойными и уверенными личностями. Все, что взрослые закладывают в ребенка в дошкольный и подростковый период, он переносит во взрослую жизнь. Семья – главное звено той причинной цепочки, которая выводит на преступное поведение.

#### Список литературы

1 Антонян Ю.М. Теория человеческой агрессии. Почему жестоки люди: монография. М.: ЮНИТИ-ДАНА: Закон и право, 2013. - 311 с.

2 Антонян Ю.М., Эминов В.Е. Личность преступника: Криминологическое психологическое исследование. М.: Норма: Инфра-М, 2010. - 368 с.

3 Кудрявцев В.Н. Правовое поведение: норма и патология. М.: Наука, 1992. - 287 с.

4 Уголовно-исполнительный кодекс Республики Казахстан (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.01.2018 г.)

5 Лунеев В.В. Преступность XX века. М.: Волтерс Клувер, 2005. - 912 с.

#### Түйін

Мақала қылмыскердің жеке басының мәселелерін зерттеуге арналған. Ғылыми әдебиеттердің талдауы негізінде және әртүрлі ғалымдармен құқықтанушылардың көзқарастары негізінде авторлар қылмыскердің жеке басының жекелеген мәселелерін қарастырады. Адам тұлға болып туылмайды, ол тек өзінің әлеуметтік өмір сүру барысында тұлғаға айналады. Сондықтан қоғамнан тыс жеке тұлғаны қалыптастыру мүмкін емес. Жеке тұлғаны қалыптастыру мәселесі негізгі криминологиялық мәселелерге жатады.

#### Resume

The article is devoted to the investigation of the criminal personality. Based on the analysis of scientific literature, the points of view of various legal scholars, the authors consider individual questions about the identity of the offender. Man is not born a person, but becomes the one only in the course of his social life, therefore, outside society, the formation of personality is impossible. Consequently, a person is not born a criminal, but becomes the one as a result of an unfavorable moral formation of his personality. The problem of formation is one of the main criminological problems.